



ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ

ЕЛМЕН СЫРЛАСУ

XII ТОМ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ

Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ

НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВ

ЕЛМЕН СЫРЛАСУ

СӨЗДЕР, СҰХБАТТАР

XII ТОМ



KUL TECIN
АСТАНА
2012

УДК 323/324 (574)

ББК 66. 3 9(5 Каз)

Н17

*Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитеті "Әдебиеттің өлеуметтік маңызды
түрлерін басып шығару" бағдарламасы бойынша шығарылды*

Жобаның авторы: **М. ЖОЛДАСБЕКОВ,**
филология ғылымдарының докторы, профессор

Ғылыми кеңесші: **М. ҚАСЫМБЕКОВ,**
саясат ғылымдарының докторы

Жалпы редакциясын басқарған: **Е. СЫДЫҚОВ,**
тарих ғылымдарының докторы, профессор

Н17 Нұрсұлтан Назарбаев: ЕЛМЕН СЫРЛАСУ. көптомдық жинағы. - Астана:
"Күлтегін" баспасы, 2012. Т.12. - 320 б.
ISBN 978-601-7318-24-6

"Елмен сырласу" – Қазақстан мемлекеттігінің негізін қалаушы, оның тұнғыш Президенті Н. Назарбаевтың халық алдындағы тарихи парызын терең сезіне білетін азаматтық жауапкершілігін, қазақ топырағындағы жасампаздық құбылыстардың тікелей бастаушысы екендігін, тұрақтылық пен ұлтаралық татулық идеясын Қазақстан аясындаған жүзеге асырып қоймай, ғаламдық биікке көтергендігін, әлемдік деңгейдегі қайраткерлігін ашып көрсететін көптомдық шығарма.

Басылымға Н. Назарбаевтың қоғам дамуының 1996 жылдың екінші жартысындағы баяндамалары, мәлімдемелері, ақпарат құралдарына берген сұхбаттары, оқыған дәрістері енгізілген.

Кітап тарихшыларға, саясаттанушыларға, саясатшыларға, жоғарғы оқу орындарының оқытушылары мен студенттеріне, сондай-ақ ез елінің тарихын танып білуге зейін қойған жалпы оқырмандарға арналған.

УДК 323/324 (574)
ББК 66. 3 9(5 Каз)

ISBN 978-601-7318-24-6 (Т.12.)

ISBN 9965-642-78-8

© «Күлтегін» баспасы, 2012

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ПРЕЗИДЕНТІ Н. А. НАЗАРБАЕВТЫң
УКРАИННИҢ ХУВЕРНЕНДІ ЛЕОНІД КУЧМАГА
ЖАМБАЛЫҚТОРДАНДЫРЫЛЫП БАЙЛАНЫСТЫ
ЖОДАРАН КУТТАУТАУЫ



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ПРЕЗИДЕНТІ Н. Ә. НАЗАРБАЕВТЫң
УКРАИНА ПРЕЗИДЕНТІ ЛЕОНІД КУЧМАҒА
ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯСЫНЫҢ ҚАБЫЛДАНУЫНА БАЙЛАНЫСТЫ
ЖОЛДАҒАН ҚҰТТЫҚТАУЫ***

Алматы, 4 шілде 1996 жыл

Мұның өзі Украина мемлекеттілігін одан әрі нығайту мен дамыту жолындағы, кезеңдік оқиға болып табылатыны сөзсіз.

Қазақстанда Украинада жүзеге асырылып жатқан реформаларды жоғары бағалайды және осында болып жатқан оң өзгерістерді қанағаттандық сезіммен қабылдайды.

Қазақстан туысқан Украинамен достық қатынастарды, өзара тиімді ынтымақтастықты дамытуға және нығайтуға деген ынта-ықыласын білдіреді. Мұның өзі, талай ғасырғы байланыстары бар екі мемлекет пен халықтардың мұдделеріне қызмет етеді.

Украина халқына татулық пен игілік тілеймін.

* "Егемен Қазақстан" газеті, 4 шілде 1996 жыл.

**ПОЗДРАВЛЕНИЕ
ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН Н. А. НАЗАРБАЕВА
ПРЕЗИДЕНТУ УКРАИНЫ ЛЕОНИДУ КУЧМЕ ПО СЛУЧАЮ
ПРИНЯТИЯ НОВОЙ КОНСТИТУЦИИ СТРАНЫ***

Алматы, 4 июля 1996 года

В Казахстане высоко оценивают последовательно осуществляемые на Украине реформы и с удовлетворением воспринимают происходящие здесь позитивные перемены.

Я подтверждаю стремление Казахстана к развитию и укреплению дружественных отношений, взаимовыгодного сотрудничества с братской Украиной. Это, безусловно, отвечает интересам обоих государств и народов, имеющих многовековые связи.

Желаю украинскому народу мира и благополучия.

* Газета "Казахстанская правда", 4 июля 1996 года.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ
Н. Ә. НАЗАРБАЕВТЫң БОРIS ЕЛЬЦИНДІ САЙЛАУДАҒЫ
ЖЕҢІСІНЕ ОРАЙ ҚҰТТЫҚТАУЫ ***

Алматы, 4 шілде 1996 жыл

Сіздің Ресей мемлекеті басшысы қызметіне қайтадан сайлануыңыз, тағы да ресейліктердің демократияға, еркіндікке және реформаларға деген адалдығын көрсетті. Осынау тарихи таңдау арқылы олар өздерінің жақсы өмірге деген үмітін Сіздің есіміңізбен байланыстырып отыр. Сіздің шынайы жанкүйерлеріңіз болған қазақстаннықтар Ресейдің ең таяудағы уақытта ғулденген мемлекет болатынына сенеді.

* "Егемен Қазақстан" газеті, 5 шілде 1996 жыл.

**ПОЗДРАВЛЕНИЕ
ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН Н. А. НАЗАРБАЕВА
Б. ЕЛЬЦИНУ С УБЕДИТЕЛЬНОЙ ПОБЕДОЙ НА ВЫБОРАХ***

Алматы, 4 июля 1996 года

Ваше переизбрание на пост главы Российского государства, говорится в ней в частности, еще раз продемонстрировало приверженность россиян демократии, свободе и реформам. Этим историческим выбором они связали свои надежды на лучшую жизнь с Вашим именем. Казахстанцы, которые искренне болели за Вас, верят, что Россия в самом ближайшем будущем станет процветающим государством.

* Газета "Казахстанская правда", 5 июля 1996 года.

**БЛАГОДАРНОСТЬ
ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН Н. А. НАЗАРБАЕВА
ЗА ПОЗДРАВЛЕНИЯ ОТ ГЛАВ ГОСУДАРСТВ И ПРАВИТЕЛЬСТВ
ЗАРУБЕЖНЫХ СТРАН***

Алматы, 9 июля 1996 года

В связи с 56-летием со дня рождения в мой адрес поступили поздравительные телеграммы от глав государств и правительств зарубежных стран, руководителей аккредитованных в Алматы иностранных посольств и представительств, работников центральных и региональных органов государственного управления республики, казахстанцев, а также граждан стран ближнего и дальнего зарубежья. Не имея возможности ответить каждому в отдельности, я выражаю всем им свою искреннюю признательность за поздравления через средства массовой информации.

* Газета "Казахстанская правда", 9 июля 1996 года.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ
Н. Ә. НАЗАРБАЕВТЫң ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВТЫң
ТУҒАНЫНА 150 ЖЫЛ ТОЛУЫНА АРНАЛҒАН МЕРЕЙТОЙЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ СЕССИЯНЫҢ ҚАТЫСУШЫЛАРЫ МЕН
МЕЙМАНДАРЫНА ЖОЛДАҒАН ҚҰТТЫҚТАУЫ***

Алматы, 21 тамыз1996 жыл

Жамбылдың асқақ ақындық шеберлігі, оның жарқын туындыларының ауқымдылығы мен дәүірмен үндестігі, оны занда түрдө XX ғасырдың Гомері деген атақ-данққа бөледі. Туған халқының жан дүниесін тереңінен тербей білген ақын оның музыкалық және өлең-жыр шығармашылығынан әлемдік мәдениеттің асыл қазынасының бір бөлігін құраған шынайы сом алтын туындыларды таба білді. Сондықтан халықтың еңбек және жауын-герлік ерліктерінің ұлылығын жырлаған Жамбылдың ез шығармашылығы да бүкіл адамзатқа тиесілі болып табылады.

Бүгінгі таңда, біздің еліміз мемлекеттік егемендік алған және нығайып келе жатқан кезде, Жамбылдың есімі қазақстандық отаншылдықтың, адамдардың рухани бірлестігінің, көп ұлтты республика халықтары достығының белгісіне айналды. Ұлы ақынның бір жарым ғасырлық мерейтойы жылында біз оның сарқылмас таланттына бас иіп қана қоймаймыз, Жамбылдың жыр әлемін түсіне келе біз ез тарихымызды, ез бастауларымызды танимыз, бақыт пен гүлденуге жететін қыын да тар жолымызды айқынырақ көреміз.

Сессияға қатысушылар мен меймандарына ғылыми жаңалықтар, шығармашылық табыстар, тыныштық пен сәттілік тілеймін. Осы жиынның біздің ұлы отандасымыздың шығармашылық мұрасын зерттеуге баға жеткісіз үлес қосатынына сенім білдіремін.

* "Егемен Қазақстан" газеті, 21 тамыз 1996 жыл.

**ПРИВЕТСТВИЕ
ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН Н. А. НАЗАРБАЕВА
УЧАСТНИКАМ И ГОСТЯМ НАУЧНОЙ СЕССИИ, ПОСВЯЩЕННОЙ
150-ЛЕТИЮ СО ДНЯ РОЖДЕНИЯ
ЖАМБЫЛА ЖАБАЕВА***

Алматы, 21 августа 1996 года

Высокое поэтическое мастерство, масштабы и эпохальность произведений Жамбыла по праву снискали ему славу Гомера XX века. Глубоко постигая душу родного народа, он сумел найти в его музыкальном и песенном творчестве поистине золотые самородки, составляющие часть сокровищницы мировой культуры. Поэтому и творчество самого Жамбыла, воспевавшего величие трудовых и ратных подвигов народа, принадлежит всему человечеству.

Сегодня, в период обретения и укрепления государственного суверенитета нашей страны, имя Жамбыла стало символом казахстанского патриотизма, духовного единения людей, дружбы народов многонациональной республики. В год полуторавекового юбилея великого акына мы не просто отаем должное его неиссякаемому таланту. Постигая мир Жамбыла, мы познаем свою историю, свои истоки, яснее видим тот тернистый путь, которым идем к счастью и процветанию.

Пожелаю участникам и гостям сессии новых научных открытий, творческих успехов, мира и благополучия. Я уверен в том, что этот форумнесет неоценимый вклад в исследование творчества нашего великого соотечественника.

* Газета "Казахстанская правда", 21 августа 1996 года.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ
Н. Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВТЫҢ 150 ЖЫЛДЫҒЫНА
АРНАЛҒАН САЛТАНАТТЫ ЖИҮИНДА ЖАСАҒАН БАЯНДАМАСЫ***

Алматы, 23 тамыз 1996 жыл

**АДАЛДЫҚ ПЕН АДАМГЕРШІЛІКТІҢ, ӘДІЛЕТТІЛІК ПЕН ІЗГІЛІКТІҢ
АЛЫП ЖЫРШЫСЫ**

Құрметті жиналған қауым!

Өз дәүірінің ұлы жыршысы, қазақ халқының біртуар перзенті Жамбыл Жабаевтың дүниеге келгеніне 150 жыл толу мөрекесі құрметімен құттықтаймын!

Жәкең сынды алыпты терең ұғыну үшін өткен жылды ғана 150 жылдығы тойланып өткен халқымыздың кеменгер ойшылы Абай дәүіріне тағы да көз салып, тіпті одан арғы замандарды да зерделеу қажет. Өйткені, Абай жаңа қалып пен соны пішін, жаңа мазмұн мен ізденимпаз, өршіл рухы арқылы қазақ жазба әдебиетінің негізін қаласа, Жамбыл Жабайұлы сан ғасырлық ақпатекпе суырыпсалма ақындық өнердің, жыраулық дәстүрдің көшін ілгері апарып, осы заманға жеткізген және небір тарихи ұлы өзгерістерді сол үрдістен алшақ кетпей-ақ жырлай білген занғар құбылыс екені мәлім. Олай болса, Жамбыл туралы айтылар сөздің мәдени-рухани өміріміздің, саяси-әлеуметтік тарихымыздың ең бір көкейкесті арналарымен ұласып жатуы заңды.

Жамбыл ғұмыр кешкен аттай бір ғасырлық уақыт қазақ халқының тарихындағы ең құрделі кезеңдердің бірі еді. Мындаған жылдарға созылған көшпелі өмір салтының ішкі құрылымы дәл осы кезеңде ыдырай бастады. Ұлы жыраудың кез алдында ғасырлар бойы үстемдік өткен жүйелер алмасты, екі бірдей дүниежүзілік сұрапыл соғыстар өтті, ел өмірінде саяси-әлеуметтік түбірлі өзгерістер болды.

Ал түбірлі өзгерістерге алып келетін, тұтас жүйелер алмасу кезеңінде ғұмыр кешкен үрпақтың өмірі қашанда құрделі. Өсіресе, Жамбыл секілді ұлы тұлғалардың тағдыры айрықша шиеленіске толы болған. Соған қарамастан Жамбыл өзінің болмыс-тағдырымен, дарын-тегеуірінімен, біртуар табиғатымен өз заманының айныimas айнасы бола білді. Ол өзінің өлмес өнерімен тұтас дәүірдің шыншыл шежіресін жасай білді, өміршен ойларымен сол дәүірді саралап берді. Сондықтан да, біз оны қазақ халқының ұлы тұлғаларының бірегейі ретінде ұлағат тұтамыз.

* "Егемен Қазақстан" газеті, 24 тамыз 1996 жыл.

Тарихқа ден қойсақ, ел-халық тағдырындағы саяси-әлеуметтік ахуал мен мәдени-рухани өмірдің арасында үдайы сәйкестік бола бермегенін аңғаруға болады. Құлдық қоғамда байырғы гректердің классикалық мәдениеті қалыптасса, Еуропада әлденеше ғасырлық діни мистика шенгелінен ренессанс жаңғыру заманы гүлдеп өсті. Наполеон өктемдігін бастан кешкен кезде Германияның классикалық философиясы мен өнері шарықтаса, крепостниктік Ресейде XIX ғасыр әдебиет пен өнердің "алтын ғасырына" айналды. Мұны кезінде Гегель "тарихтың тәлкегі" деп атаған.

Осынау "тарихтың тәлкегі" XIX ғасырда да Қазақ елін айналып өткен жоқ. Бірақ бояуын жоғалтпастан өзінің мәдени-рухани келбетін сақтай білді. Қазақ даласы Шоқан, Ұбырай, Абай, Махамбет, Мұрат, Дулат, Шортанбай, Сүйінбай, Жамбыл, Біржан, Ақан, Мұхит, Құрманғазы, Тәттімбет, Қазанғап, Ұқылас сияқты біртуар перзенттерін тудырды. Бұлар қазақ халқының тарихи тағдырында шын мәнінде ренессансстық рөл атқарды.

Осы тұрғыдан келгенде, Еуропа ренессансының бастау бұлағында Дантенің тұрғаны сияқты, XIX ғасырда қазақ қоғамының мәдени-рухани дәуірлеу кезеңінің жуан ортасынан Жамбылдың қайталанбас тұлғасы асқақтай көрінеді. Меніңше, бұл жай ғана әсіре теңеу емес, жан жүргімізben сезіне алатын тарихи ақиқат. Біз мұндай тарихи ақиқатты неғұрлым терең таныған сайын, соғұрлым тарихи тұлғаларымыздың болмыс-бітімі жан-жақты ашыла түседі. Ең бастысы, ұлт мәдениетінің тарихи жетілу, шындалу жолдарының диалектикасы айқындала түседі. Демек, біз бүгін рухына тағым етіп отырған Жамбыл кездейсоқ құбылыс емес, халық тағдырымен тамырлас, тарихтың толғағы дүниеге келтірген лайықты перзенттердің бірі деп нық сеніммен айта аламыз.

Өзекті жан болып жаратылған соң кімнің де болсын басына бұлт үйірлмей, наизағай ойнамай тұрмайды. Ондай жай Жамбылдың да басында болған. Әйтсе де, қабырғалы жұртының ары мен намысы үшін Жамбыл мықтымсынған небір бай, шонжарлардың үш үйықтаса түсіне кірмеген ала-ман тасыр дауға да, алыстан келер, іргеден шығар "жасағы жойқын жауға да" үнемі ту кетеріп, жырымен қылыш сермел өткен. Оған елі күә, тарих күә. Небір жан беріп, жан алысқан айтыстар үстінде ол халқының сезін сейлеген өр мінезділігінен айнымаған. Тайсақтауды, жағыну дегенді білмеген. Бұл оның жалпы ақындық болмысының тым биік, жалын мен оттан жаралғандай аса қызылтығын, айрықша айбындылығын айғақтай түседі. Бұл тек, данғайыр таланттардың ғана жаратылысына тән қасиеттер және оның бойындағы халық деген алыптың асқаралы мінезінің сәулесі. Өлсізге болысу, әлдіні әділеттілікке шақыру Жамбыл поэзиясының өмірлік қазығы, айнымас бағдаршамы болды. Елді титықтатқан, бірлігін ыдыратқан берекесі жоқ іске күйзелген ақын жыр семсерін сермеуден жалықсан жоқ.

Жамбыл өзінің әр өлеңінде халқын бірлікке, ынтымаққа шақырып отырған. Ұлы ақынның мына бір шумағына тағы да бір зер салайықшы:

Ұрпағым, іздең келген бақытты жас,
Кімде-кім бірлік бұзса, халыққа қас.
Бірліктің берік туы тек ынтымақ,
Өситетім: тек сол үшін құшағыңды аш!
Өситетім: шындықты, адалды сүй!
Ардақтаған халықты, адамды сүй!
Елдің тіккен іргесін игілікке,
Тап бүгінгі бақытты заманды сүй,
Соған айт әдемі жыр, сүйкімді күй.

Жамбылдың ақындық өнерінің биік шыны, айтыс өнеріндегі іргелі табысы – Құлмамбетпен айтысы. Әрине, Жамбылдың сайысқа шыққан ақыны бір ғана Құлмамбет емес екені әмбеге аян. Бірақ Құлмамбет өлең өлкесінде сол кездері бүкіл Жетісу, оңтүстік аймағында Сүйінбайдан өзгені мойын-дамайтын жыр дүлдүлдерінің бірегейі болатын. Женғендері көп, женіліп, опық жеген жері жоқ айтқыштардың санатында жүрген еді. Оның аса жүйрік өнер иесі екенін көзінде Жәкеннің өзі де мойындаған.

Реті келген соң айта кету керек, атақты тарихи тұлғаларды Жамбыл тек айтыс үстінде, қарсыласының мысын басу үшін ғана дәріптеп, насхаттаумен шектелмеген. Жай ғана бас қосқан алқалы жиындарда ежелгі тарихтан, өзінің әмір сүрген дәүіріне дейінгі тұстың елеулі-елеулі жайларынан сыр қозғап, сол жайларды айтылар жырдың негізі өзегіне айналдырып отырған. Мәселен, Өтеген мен Сұраншы батырлардың ерлігін жеке-жеке дастан етіп жырлаған.

– Адамдықты айт, ерлікті айт, батырлықты айт, ел бірлігін сақтаған татулықты айт, – деген Жамбыл сезі айтыста жеңіске жетудің тетігі ғана болған жоқ, бұл ақын дүниетанымының тұтас кредитісі еді. Бұл сез – уақыт өтіп, заман өзгерсе де мәнін жоймай, қайта асқақтап биіктей беретін жыр абызының сәулелі сезі. Бізге жеткен өситет. Бұл өситет сез бүгін де маңызын жоғалтқан жоқ. Егемен еліміздің биік мұраттарының бірі болып отыр.

Уақыт сынынан өте білген қазақ халқының бай да күрделі тарихы бар. Қазір ол Қазақстанда тұратын барлық халықтарға біздің бірлігіміздің тұп тамырын жақсырақ түсінуіне көмектесіп, кез келген тарихи кінә артуларына жол бермеуге тиіс. Өйткені өткенге кез сала отырып, болашақты көре білген жөн дер едім. Біздің ұрпағымызға жауапты міндеттер жүктеліп отыр, балаларымыздың игілігін сақтау, қайта қалпына келген мемлекеттілігімізді нығайту және өркениетті дүниежүзілік қоғамдастықтың талаптарына сай келетін сапалық жағынан жаңа деңгейге көшу міндеті тұр. Осы тұрғыдан келіп айтарым, біздің әрқайсымыз және баршамыз туған еліміздің болашағына деген жауапкершілігімізді сезіне білуіміз қажет. Ұлы Жамбыл атамыздың да арманы осы болатын.

Жамбыл қазақтың ақындық өнерінің қазанында қайнап, ежелгі ауыз әдебиетінің көусарымен сусындалап, ақындық, жыраулық дәстүрдің ХХ ғасырдағы туын биікке көтерген дана қарт, ұлы жырау. Ол өз халқының сез өнерінің ұстаханасында шындалған, туған топырағының төл перзенті:

Менің пірім Сүйінбай,
Сөз сөйлемен сыйынбай.
Сырлы сұлу сөздері,
Маған тартқан сыйындай.
Сүйінбай деп сәйлесем,
Сөз келеді бұркырап,
Қара дауыл құйында, –

деп Жәкеңнің өзі жырлағандай, оның Сүйінбай сынды үлгі алған ұстазының ар жағында: Сүйекенмен тұстас Майкет, Қабан, Бақтыбай, Құлмамбет, өзімен тұрғылас Сарбас, Қуандық, Қожантай, Әмірлер, сонау Сыпира, Асан қайғы, Қазтуған, Доспамбет, Шалқиіз, Бұқар, Базар, Ақтамберді, Үмбетейден басталып, Шал, Махамбет, Дулат, Мұрат, Шортанбай, Нысанбайларға келіп ұласқан ақын, жыраулар мен жыршылар мектебінің иғі дәстүрі жатыр.

Жамбыл – ғасырлық ғұмырында арыны басылмаған алып жырши, шұрайлы жырдан өшпес мұра қалдырған дүлдүл ақын. Ол өзінен кейінгі әр үрпақтың ат басын арнайы бұрып, шөліркегенде тұнық жырларынан сусындар тұма бұлағы. Сондықтан да бүгінгі үрпақтың Жамбылдың рухани мұраларына терең таным-түсінікпен қарап, оның шығармаларының қазақ халқының үлттық сана-сезімін қалыптастырудығы орнына зерек көңілмен бағалағанымыздың бір көрінісі – бүгінгі өткізіліп отырған жыр алышының мерейтойы. Жамбылдың туған елі мен жеріне деген ыстық ықыласын төгіле жырлаған арнау-толғауларынан, хикаялары мен дастандарынан іздесек, онда ақынның шығармалары халық рухының қырмызы гүліндей екеніне көзіміз жетеді. Жамбыл жүргегі қашанда халқым деп соқты. Ол ең алдымен, халықтар достығын, терезесі тен елдердің бірлігін, ынтымағын жырлап, шындық шуағын шарболаттай шындалды.

Ұлы жырши Жамбыл, қазақтың дәстүрлі әдебиетінің аса дарынды, асқақ жаратылған алып өкілі болатын. Оның алыштығы сонша, өз басы халыққа берер итіліктеріне имандай сенген Қазан төңкерісінің, Кеңес үкіметінің жетістіктерін сол ежелгі ақындық, жыраулық дәстүрдегі ауыз әдебиетінің мүмкіншілігі аясында-ақ жырлап, өзін, өзі арқылы күллі қазақ әдебиетін дүние жүзіне танытты. Соның арқасында ол өзінен кейінгі Кенен Әзірбаев, Нартай Бекежанов, Доскей Әлімбаев, Саяділ Керімбеков, Орынбай Тайманов, Үмбетелі Көрібаев секілді шашасына шаң жүқпайтын халық ақындарына иғі ықпалын тигізген, өнегесін бойларына сінірген ұстаз да бола білді.

Қазір, Кеңес дәүірі артта қалған шақта, Жамбыл атамыздың Кеңес өкіметін, оның ішінде сол кездегі ел басшыларын жырлады, "сонда бұл қалай?" деген сұрақтар соңғы кездері жіңі көлденендейтін болды. Мәселенің осы жағына арнайы тоқтала кеткен жөн сияқты.

Ұлы жырау жетпіске жеткен шағында патшалық Ресейдің 1916 жылы бірінші дүниежүзілік соғысқа қазақ жігіттерін қара жұмысқа алатын тұсындағы елдегі дүрбелеңді өз көзімен көрді, қолдарына қару алып, патшалық

зорлық-зомбылықтың құрбаны болуға қарсылық көрсеткен ереуілші топтың істеріне тілекtes болды. Биыл 80 жылдығы атальып өткелі отырған үлтазаттық қозғалыстың бел ортасында болмаса да, соның көшбасындағы ерлердің ерліктеріне тәнті болды, жырларымен тілектестігін білдірді, бір сөзben айтқанда, рухани жағынан демеуші бола білді, өйткені, ол өзінің туған халқының теңсіздікте кешкен өміріне іштей назалы еді. Көп ұзамай дүниені дүрілдетіп, "Халықтарға тендік, бостандық әпереміз, құлдық езгіден құтқарымыз, өмірді жаңғыртамыз, бұрынғы билік иелерін орнынан алып әділдік орнатамыз, жарылқаймыз" деген ұранмен өмірге келген Қеңес әкіметінің сарбаздары мен сардарларын да көрді. Бұлар, әрине, бұрынғы "шынжыр балақ, шұбартестерді" жайпай келді. Тәуелді дәрежеде болса да, Қазақ елі Республика атанды.

Қазақтың зиялды қауымы бар, қарапайым еңбеккері бар, бұл әкіметті қолын тендікке, басын бостандыққа жеткізеді деп білді. Жамбыл да солай түсінді. Патша үкіметінің бұратана халықты басып-жаншуы келмеске кетіп, оның орнына ғасырлар бойы армандаған тәуелсіздік келді деп ұтты. Олай болса, сол тәуелсіздікті қолға ұсташкан жаңа қоғамдық құрылышқа, оның әділетті атальып жүрген басшыларына қол соқлағанда, кімге қол соғады? Мұндай біржақты қөзқарастан, бүкіл елі секілді Жамбыл да алыс кеткен жоқ. Сол қоғамның жетістігіне желпініп, жыр толғады.

Біздің әрқайсымыз өз уақытымыздың, өз дәүіріміздің перзенттеріміз. Біздің Жәкеннің тар заманда, отаршылдық дәүірде, немесе қеңестік дәүірде дүниеге келген шығармалары арасындағы алшақтықтан айып іздеу, жазғыру орынсыз деп ойлаймын. Заман әлі талай өзгерер, бірақ ұлы ақын мұрасы өзінің құндылығын ешқашан жоймақ емес. Жамбылды өз заманын, оның ағы мен қарасын, бір сөзben айтқанда, өз дәүірін асқан шабытпен жырлаған ұлы сөз зергері деп білеміз. Ал зергерге шашасына шаң жұқпас асыл дүниені қай дәүірде, кімдерге арнады деп емес, қалай жасады деп баға берген орынды болар, сірә. Өйткені Жәкеннің әрбір дүниесі өз бойынан, жүргегінің тереңінен шымырлап шыққан, бүкіл әлемді мойындаған шығармалар. Жәкен шығармашылығы халқымыздың дүниетанымдық, рухани қөзқарасының қалыптасып, ұшталуына ықпал жасағанын да ешкім жоққа шығара алмас деп ойлаймын.

Бүгінде біздің бетке ұстар ақын, жазушыларымыз, ғалымдарымыз өз шығармаларының көпшілігін қеңестік дәүірде, кешегі қайта құрудан бұрын дүниеге келтірді емес пе? Ол шығармалардың берінде де сол заманының сарыны мен талабы жоқ емес. Солай болды деп барша аға зиялыштарға мін тақпауымыз керек.

Жамбылдың тұсында, тіпті одан кейінгі жылдарда сол кездің саясатын қолдап, шығарма жазбаған кімді білеміз? Француздың ұлы жазушысы Ромен Роллан Жамбылға жолдаған құттықтау жеделхатында "Жаңа адамзаттың ұлы жыршысы" деп баға берді. Демек, бұл Жәкен және осында отырған көптеген белгілі ақын-жазушылар ғана емес, көрнекті деген зиялыштар

сөнген идеология болды. Ал Кеңес Одағының саясаты Жамбыл үшін саясат емес, жай ғана тақырып болды. Жәкең кез келген тақырыпты жырлауда алдына жан салмаған жырдың "Қызыл жолбарысы".

Мына жайды еске ұстайық, ағайын. Қазақ ақындарының ішінде Жамбыл бірінші болып бүкіл Кеңес Одағы оқырмандарына Қорқыт, Асанқайғы, Абылай рухын тірілтіп беріп, рухани айналымға түсіргенін ұмытпалық. Бір сөзбен айтқанда, Жамбыл Жамбыл болып қала береді.

Жамбыл Жабайұлына да осы тұрғыдан баға берген жөн. Жамбылдың тұғыры биік занғар халық жыршысы екендігінде ешкімнің де күмәні болмауға тиіс. Ол XVIII ғасырдың тарихи қаһарманы Өтеген батырды, XIX ғасырда елін Қоқан хандығының езгісіне қарсы көтеріп, қол бастаған Саурық, Сұраншы батырлардың есімін дәрілтеп жырлаушы ғана емес, Кеңес кезеңінің ұлы оқиғаларының да жалынды жыршысы, алдына жан салмаған ақыық ақыны. Ол кімді жырламасын, папаниншілерді ме, әлде Хасан, Халхингол соғысында ерлік көрсеткен ел сарбаздарын ба, қоршауда қалған ленинградтықтарды ма, қай-қайсысын да селқос қабылдаған жан болған жоқ. Оның жалынды жырларын елі күтіп отырды. Сондықтан да ақын әлеуметтік мәні, қоғамдық салмағы, бойындағы құдіреті арқылы уақыт талабымен, дәуір тынысымен телқозыдай қабысып, миллиондардың арман-тілегімен табиғи табысып жатқанын атап өту парыз. Орыстың белгілі ақыны Александр Прокопьев былай деп жазады: "Жамбылдың "Ленинградтық өрендерім" жыры жарияланған кез Ленинград халінің аса бір ауыр шағы еді. Бұл тұста немістің қоршауында қалған Ленинградта азық өте аз болды. Қуніне жұмыс істейтін адам 250 грамм, жәй кісі 150 грамм нан алды. Ет, май дегенді халық өте аз және сирек көрді. Басқа азықты көрген жоқ. Үйлерге кіретін су тоқтатылды, канализация іstemеді, отын атымен болмады. Жау атқан снаряд пен бомбалардың салдарынан шынысы қирап, терезе біткен аңырайып ашық тұрды... Жаудың оғы үздіксіз жауып тұрды.

Осындай кезде Жамбылдың "Ленинградтық өрендерім" жыры газеттерде жарияланды. Халықтың рухын көтеруде ерекше күшті қөрінген бұл жырды Ленинград радиосы қуніне әлденеше рет оқып отырды. Жыр үлкен әріптегімен басылып, көшелерде плакат болып ілінді. Сол плакатты үймелесіп оқысып, қөздерінен жастары сорғалған талай адамдарды көрдім. Немістердің самолеттері құлдилай ұшып бомба тастап жүргенде, бомбадан жасырынатын жерге тығылудың орнына Жамбылдың жыры басылған газетті сатып алу үшін кезекте тұрған адамдарды талай көрдім".

Бұл сол кездің нағыз шындығы болатын.

Иә, поэзия құдіреті деген осы болар. Бірнеше шумаққа тұтас бір кезеңнің жүгін арта білу тек Жамбыл секілді алыптардың ғана қолынан келетін құдірет. Міне ақын өзіне мәңгілік ескерткіштің негізін осылай қалады.

Қазақ әдебиетінің алaby Жәкенді көзінің тірісінде қай елге барса халық зор ыстық ықыласымен қарсы алып, қабылданған отырды. Ақынның 1936 жылы қазақ әдебиеті мен өнерінің Мәскеуде өткен онкүндігіне, 1937 жыл-

дың аяғында Шота Руставелидің "Жолбарыс терісін жамылған батыр" дастының 750 жылдығына байланысты Грузияға барған сапары, 1938 жылы май айында өзінің шығармашылық өмірбаянының 75 жылдығына орай Қазақстанда өткізілген мерекелер тұсындағы құллі Кеңестер елі атынан көрсетілген риясyz қызмет, қуанышты қарсы алулар тарих парағына жазылды. Ақынды қай жерде де кездестірген халық "Жамбыл! Жамбыл! Жәке!" деген ерекше шаттанған дауыспен ұрандата қошеметтеген. Ақынның сол шығармашылық мерекесіне Алексей Толстой, Микола Бажан, Павло Тычина, Тоғалақ Молда, Ғафур Ғұлам, Қалық Ақиев, тағы басқа сол кездегі көрнекті сөз өкілдерінің келуі, өзіміздің Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мұсірепов, Әбділда Тәжібаев, Тайыр Жароков, Қасым Аманжолов, Фали Орманов, Дина Нұрпейісова, Құләш Бәйсейітова, Кенен Әзірбаев, Мәриям Хакімжанова, Қалибек Қуанышбаев секілді әдебиет, өнер саңлақтарының сол тойды үйімдастыруы, дүние жүзінің барша елінен, сол елдердің қалам қайраткерлерінен құттықтау жеделхаттардың қарша борауы да Жамбыл есімінің төрткүл әлемге мәшһүр болғандығының айғағы.

Жамбыл шығармашылығы, оның өмір жолы бір адамның емес, бүкіл қазақтың ауыз әдебиетінің, соның ақпа-тәкпе ақындық өнерінің жаңа белесі, XX ғасырдағы ең ірі серпілісі ретінде қабылдануы ләзім. Ұлы Мұхтар Әуезовше айтқанда: "Миллион жол өлеңді жатқа білетін" абыз жыраудың халықтық қасиетін жаңымен терең ұғынған замандас ақын інілері – Әбділда Тәжібаев, Тайыр Жароков, Фали Орманов, Павел Кузнецов, Қалмақан Әбдіқадыров, Қасым Тоғызақовтар оның әдеби хатшылары болып қызмет етті. Бұл үлкенге тағзым етіп, егде тартқан адамға қызмет ететін ұлттымыздың тамаша дәстүрінің көрінісі ғана болған жоқ, әтken ғасырлардың толқынын XX ғасырға әкеліп толқытқан қарт абыз жыршыға, ғажайып қайталанбас өнерге деген құрмет пен кейінгі ұрпақ парызы еді. Жамбыл жырларын орыс тіліне аудару арқылы ақын есімін дүние жүзіне кеңінен таратуға үлес қосқан Павел Кузнецов, Марк Тарловский, Константин Алтайский, Илья Сельвинский, Дмитрий Снегин, Алексей Брагин сынды орыс ақындарының есімдерін де бүгінгі күні ерекше ілтипатпен еске алуға тиістіміз.

Қазақта "Күн ортақ, ай ортақ, жақсы ортақ" деген сөз бар. Бұл ретте де қазақтың Жамбылын адамзаттың Жамбылы деп мақтанышпен айта ала-мыз. Шын мәнінде Жамбыл дүниеге әкелген ғажайып қазына сол рухани қазынаның өн бойындағы адамды шындауға арналған, биік парасат пен қоғамды шындауға арналған шабытты, серпінді жалпы адамзаттық рухани иғілік демеске бола ма?! Мұны өмірдің өзі дәлелдеп отыр. Жамбылдың қанатты жырлары әлемнің елуге тарта тіліне аударылып, миллиондардың жүргегіне ізгілік нұрын септі. Біз мұны ең алдымен Жамбыл атамыздың өлмес өнері арқылы әлем жүртшылығына қазақ халқының рухани болмысының танылуы деп білуіміз керек. Сондықтан, Жамбылдың мерей тойы қазақстандықтар үшін зор мәртебе ғана өмес, өзінің де бүгінгі парасат көлеміне сын. Дәлірек айтсақ, бір мақсат жолындағы көп ұлтты дербес мемлекет

ретінде әлем алдында ой мен рухтың өресін танытатын, кісілік пен парасаттың өнегесін көрсететін сәт туды. Қазақстан Республикасы осы уақытқа дейін әлем жүртшылығына өзін саяси-әлеуметтік ұмтылыстарымен, демократияшыл мұраттарымен танытып келсе, енді қайталанбас рухани болмысын танытуға мүмкіндік алып отыр.

Бұл ретте қазақстандықтар ұлы Жамбылдың өлмес өнері, мәнгілік тозбас құндылықтарды қексеген биік парасаты жалпы адамзатқа ортақ екенін терең сезінеді. Егер біз Жамбыл даналығын төу етіп, ұлылығын ұлағат тұтып жатсақ, оның басты себебі Жамбыл арманының адамзаттық арман-аңсармен ұласып жатқандығында. Сондықтан да, қазақтың Жамбылына адамзаттың Жамбылы ретінде құрмет көрсетіп, өлмес рухының алдында басымызды иеміз. Сөз жоқ, ондай арман-аңсарға ден қою арқылы біздің қайқайсымыз да пендешіл күйкіліктен арылып, парасат-пайымымызды шыңдай түсеміз. Өміршең мен өтікіншінің ара-жігін айырып, асыл адамгершілік жолында табысамыз.

Әрбір ұлттық мәдениетте бүкіл әлемге тиесілі есімдер, жалпы адамзаттық рухани құндылықтың өлшем-белгісі болған есімдер бар. Соған орай, олардың осындай жасампаздық істері біздің құллі адамзатпен біртұтас әрі өзіміздің өткенімізben, қазіргі кезімізben және болашағымызben ажырағысыз байланысты екенімізді еске салып, ерекше мән-мазмұнмен толықтыратыны жасырын емес.

Бүгін еліміздің жүртшылығы қазақ халқының даңқты ұлы, халық поэзиясының ұлы алыбы, бүкіл келбет-болмысымен XX ғасырдағы өшпес тұлғалардың қатарындағы Жамбыл Жабаевтың 150 жылдық мерейтойын кеңінен атап өтуде.

Тағдыр оған ұзақ, жемісті әрі даңқты өмір сыйлады: ол өзінің 100 жылдығына небәрі екі ай қалғанда дүниеден өтті. Оның шығармашылығы екі ұлы дәуірді – XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың 45 жылын қамтиды. Осының өзі де бірегей құбылыс, ейткені ол Қазақстан мен Ресейдің тарихындағы бетбұрысты кезеңнің жылнамашысы.

Жамбыл жастайынан, өзінің халық жыршысы, жырау ретінде шығармашылық жолын бастаған кезінен-ақ суырып салма ақынның даңқына бөлөнді. Оның бұл жолы тар жол, тайғақ кешулі сындарға толы болғаны да рас. "Жамбыл көп уақытқа дейін патшалықтың барлық қолжаулықтарын ашуызамен, тікелей әшкерелеп келді, – деп жазды ол туралы ұлы Мұхтар Өуезов. – Өзінің бүкіл ашу-ызыға толы, аңы тілді және әділетті айыптауларға құрылған суырыпсалма жырларын ауыр алым-салыққа, әділетсіз сотқа, жүгенсіздікке қарсы бағыштаған ол осымен қатар халықпен бірге, бақытты ел туралы керемет арман мен үмітке толы әндер шығарып, аты аңызға айналған халық арашашысы болған айбынды батырлар туралы да жырлады"... Сөйтіп, ол әлемнің бар байлығын жинағаныңмен одан ізгілік таппайсын, тек қана сенің дүниеге әкелген жақсылығын, ғана өзінді мәнгілік әрі қасиетті даңққа бөлейді, деген тұжырым жасайды.

Жылдар өткен сайын Жамбылдың ақындық дарыны жетіле түсіп, жан дүниесі байып, өмірге деген тарихи көзқарасы қалыптасты. Адам мен оны қоршаған табиғаттың бірлігі, тән және жан сұлулығы, әсемдік, күллі жанды тіршілік пен өмірді жасаушы адамға жаратылыстың өзегі ретінде сүйіспеншілікпен қарау – оның ең сүйіп жырлайтын тақырыптары болып қала берді.

Жамбыл ғұмыр бойы ең басты тақырыпты – адамдардың достығын, бірлікті, өзара көмек пен махаббатты арқау еткен. Бізге де осындай рух беретін өрі аталы сөздер кейде жетіспей жататынын да айтқан жән болар.

Жамбылға дейін де ақындар болған. Иә, талай тарлан ақындардың болғаны рас, қазір де бар және одан кейін де халқының үдесінен шыға білетін тұлпарлар болатыны да хақ. Сірә одан кейін де бола береді. Алайда XX ғасырда – дауылдатқан ғылыми-техникалық және әлеуметтік революциялар ғасырында Жамбыл өзіне біткен, дүние жаралғаннан бері келе жатқан көне өнерді осы заманның қызметіне өзге ақындардың бәрінен де жақсы қоя білді, сол арқылы халықтық поэзияны бұрын-соңды болып көрмеген биікке көтеріп, ғаламдық деңгейге шығара алды.

Ауыз әдебиетінің сазгерлік-акындық жарыс жанры ретінде айтыс әлімсақтан халық үшін өз үнін білдірудің әмбебап құралы қызметін атқарып келді, оның ақылы мен жүргегіне нәр берді. Ақындардың дуалы ауызынан шыққан әрбір сөз сол заматта қағып алынып, ұлы даланың құллі шаһарлары мен ауыл, қыстақтарына тарап жатты. Бұл жырлар өзінің лайықты иелеріне өшпес даңқ пен шексіз бедел болып оралып отырғанын ұмытпаған да ләзім. Жамбылдың кеңестік кезеңдегі шығармаларына көз жүгірте отырып, біз оларда дәуірдің бүкіл күрделілігі мен қарама-қайшылығы, бар иғлігі мен кемшілігі, даңқы мен абыроисыз істері өз бейнесін тапқанын айқын көреміз.

Жамбыл өз замандастарымен ғана айтысып қойған жоқ. Ол дәуірдің өзімен айтысуға, даңқ пен абыроисыздыққа толы уақытпен ымырасыз айтысқа түсуге қажыр-қайрат таба білді. Сөйтіп, бұл айтыста жеңіп шықты!

Тез арада тауып айту, қыыннан қыстырыу, көп салалы өмірдің жәйттеріне сол сәтте үн қосуға қабілеттілік – жыраудың мейлінше шығармашылық ерекшеліктерін құрайтын қасиеттер. Жамбыл қолымен жазған жоқ, тілімен жырлады. Жасы ұлғайған кездің өзінде Жамбылдың жарқын ойлау қасиеті мен шығармашылық дүниетанымының толықтығын сақтай білгені, сейтіп Қазақстан үшін және біртұтас көп ұлтты халық үшін мақтаныш сезіміне толы шығармаларды, жалпы мемлекеттік және жалпы адамзаттық әуендерді өмірге әкелгені таңданарлық құбылыс. XX ғасырдың қырқыншы жылдарының өзінде-ақ ол патриоттық поэзияның асыл маржандарын туғызып, "Халық поэзиясының алaby", "XX ғасырдың Гомері" деген әлемдік атаққа ие болды. Ол Ұлы Отан соғысының сұрапыл құндерінде көркемдік деңгейі жоғары саяси поэзияның жаратушысы болды.

Ақындық-жыршылық сипаттағы өлең туындыларын Жамбыл Пушкинге және тынық Донның ұлдарына, Солтүстік Полюсті бағындырушыларға және испаниялық туыскандарға, біздің Отанымыздың батырларына және қарапайым еңбек адамдарына бағыштады. Оның мәңгі жасайтын "Ленинград-

тық өрендерім" атты толғауы ақындық шеберлік пен өкелік жүректен шыққан даналық сөздің асқар шыңына айналды.

Соғыс жылдарында өмірге келген бұл туынды ұлы ақынның даңқын асқақтата түсті, оның есімін дүние жүзіне әйгілі етті. Ленинград қорғанысына қатысқан Всеволод Вишневский былай деп еске алды: "Біз бұл жолдауды көзімізге жас алмай және қуанышты толқу сезімінсіз оқи алмадық. Біз бұл хатты қуатты қолдаушы құштің келгеніндегі бағалап, қабылдадық. Қазақстан халқы бізге өзінің туысқандық сәлемін, сүйіспеншілігі мен достығын жолдады, сөйтіп біз еселенген күш-жігермен шайқасқа аттандық". Белгілі жазушының бұл сөздері бұған дейін де өлденеше рет қайталанды және Жамбыл таланттың құрмет тұтушылардың барлығы оның бір жарым ғасырлық мерейтойы жылында тағы да келтіретін болады.

"Ата-бабаң баяғы,
Аян еді Жамбылға.
Тұсаулы қол-аяғы,
Аударылған ауылға", –

деп жырлады Ленинград пен оның тұрғындарына сөз арнаған даланың ұлы жырауы:

"Жетсін деймін сендерге,
Жыл құсынданай өлеңім,
Қаласындағы Лениннің
Сайып қыран өренім".

Біртұтас шаңырақ сезімі, тарихи тағдырлардың тұтастығы сезімі – поэзияның ұлы ақсақалы бізге осындаған мұра қалдырыды. Интеграция идеялары, бірыңғай өлеуметтік-мәдени кеңістік құру туралы ойлар күш алып келе жатқан қазіргі таңда өзара түсіністік пен ынтымақтастық, өзара рухани баю және ұлттық мәдениеттің жалпы адамзаттық маңыздылығы сияқты мәңгілік құндылықтар осы заманғы мазмұнмен толығуда.

"Жыр сүймеген өмір де сүре білмейді" деген данышпан қағида қалдырыды Жамбыл. Біз жас мемлекетімізді орнату және нығайту мақсатымен өлеуметтік, экономикалық, құқықтық реформалар жүргізіп жатқан жылдарда белсенді мәдени құрылышсыз, Жамбылдың шығармаларының біздің қоғамымыз өзінің ұлттық келбеті мен қасиетін қауымдастырып іздестіруде біріге алады деу қысынсыз болмақ. Ендеше оның туындыларын еске алып, бағалайтын, біздің бабаларымыз бер өкелеріміздің Отанды қөркейту жолында даңқты өмір сүргенін бағалайтын болайық. Әрқайсымыз өз орнымызда белсенді жасампаз жанға айналып тарихты, мәдениет пен өркениетті дамытатын болайық.

Бүгінгі жыр дүлдүлінің ұлан-асыр тойы – егемен елімізді мекендейтін халықтар достығы ынтымағының тойы, халықтың өзінің ұлы перзентіне деген зор құрметі мен ыстық ықыласының шынайы қөрінісі.

Жамбыл мерейтойына дайындық, ұлы ақын шығармашылығына терең бойлап, Жамбыл поэзиясын танумен астасып жатты. Ал, ұлы бабамыздың

басына барып, талантты өрендеріміздің ақынның биік рухына тағзым етуі қандай сүйінішті. Осы күндері еліміздің түкпір-түкпірінде өткізіліп жатқан ұлы Жамбылға арналған кештер, поэзия жиындары, жастар мен өнерпаздардың өнер сайыстары, ақындар айттысы ертеңгі күндері жалғасын тауып жатса, ұлы ақынға деген құрметтің шынайы белгісі сол болар еді.

Үкімет қаулысы ауқымында Жамбыл мұражайы мен мавзолейі жаңғырып, мәдениет үйі, мектеп құрылсызы жүргізіліп, ақын ауылының архитектуралық келбеті өзгерді. "Жақсыдан – шарапат" дегендей, бұл атқарылған істер халықтың діттеген жерінен шығып, жүртшылық игілігіне жарауда. Бүгінгі той көптікі, абырайы халықтікі. Жамбылды құрмет тұту – қазақ халқының биік рухына, Қазақстан халықтарының патриоттық сезіміне деген құрмет деп ойлаймын.

Ұлы өзгерістер заманында өмір сүріп, жұмыс істеу біздің үлесімізге тиіп отыр. Біз атқарып жатқан істердің өміршеші маңызымен қатар тарихи да мәні бар екенін естен шығармайық. Біздің бүгінгі ісімізге қарап үрпақтарымыз бізге баға беретін болады. Қазақстанның XXI ғасырға қалай кіретіні, үрпақтарымыздың тағдыры қалай қалыптасатыны осы отырған бізге байланысты. Бүгінгідей шалқыған қуанышты қунде біздің асылымызды дәп басып, ұлы жырауға жоғары баға беріп, Жамбыл күндерін атап өткен туысқан Өзбекстан, Қыргызстан, Түркия және басқа да елдердің, туған еліміздің әдебиет сүйер зиялы қауымына зор ризашылық сезімімізді білдіреміз.

Жәкең туған халқының құнгейі мен көлеңкесін тарихи талғам таразысына салып, шабыттың шырқау биігіне көтерген ақын. Халық тағдырының қуллі арналары мен тамырларын сәтті ұштастыра білгендей "халықтан шыққан дана ақын" деген атаққа ие болған. Бұл – шындалп келгенде, халықтың дара туған перзентіне берер ең жоғары бағасы.

Қазақ халқы барда, оның тілі мен діні аман тұрғанда, адалдық пен адамдыхытың, әділеттілік пен ізгіліктің жыршысы – Жамбыл да мәңгі жасай бермек. Бүгінгі ұлы той – халқының Жәкеңе деген шексіз сүйіспеншілігінің бір көрінісі.

Жамбыл мәңгі жасай береді. Біздің алдымында жаңа биіктер, жаңа мақсаттар тұр. Енді үш-төрт жылда XXI ғасырдың табалдырығын аттаймыз. Бұл жаңа ғасыр Қазақ елінің тарихындағы ерекше бақытты, есу, кемелдену ғасыры болады дәп көміл сенемін. Қазіргі саяси, тарихи жағдай бұған толық кепілдік береді. Соған орай, XIX ғасырда дүниеге келген, XX ғасырда ұлы ақын ретінде өлемге танылған Жамбыл осы жаңа XXI ғасырда да өз халқымен бірге жасай берері анық.

Ендеше, құрметті халайық, тойларыңыз тойға ұлассын!

"Сұлу жер – береке, елді жер – мереке" деген мақал бар. Біздің тәуелсіз Қазақстанда әрқашан береке болсын, достық, ауызбіршілік, тыныштық болсын!

Жәкеңнің биік рухы баршаңызды жебеп жүрсін!

Бұдан кейін мәжілісте Жамбыл мерейтойына арнайы салтанатқа келген шетелдік меймандар: Өзбекстан, Қыргызстан, Тәжікстан президенттері

Ислам Каримов, Асқар Ақаев, Эмомали Рахмонов, Ресей Федерациясы Мәдениет министрінің орынбасары Вадим Демин, Түркияның Мемлекеттік министрі Кемал Зейбек, Әзіrbайжанның Мәдениет министрі, Түркі тілдес мемлекеттер мәдени ынтымақтастығы халықаралық үйымының үйлестірушісі Полад Бюль Бюль оглы, Иранның Мәдениет және ислам бағдары министрінің орынбасары Али Реза Баразеш, Пәкістан Әдебиет академиясының төрағасы, Мәдениет тарихы үлттүк институтының төрағасы Фахыр Заман, Украинаның халық ақыны Николай Томенко, Татарстан Ғылым академиясының академигі, жамбылтанушы Фатих Урманчиев сөз сөйлемеді.

Олар Жамбылдың шығармашылық мұрасы тек қазақ халқының ғана емес, сондай-ақ планетаның басқа да халықтарының игілігі болып табылатынын айтты. Ол өсіресе түркі тілдес әлемде көнінен танымал, сұрыпсалма ақынның қайталанбас талантты мен орындаушылық шеберлігі ақынды адамзаттың таңдаулы ақындары – Гомермен, Пушкинмен, Лермонтовпен, Фирдоусимен бір қатарға қойды. Жамбыл шығармашылығы әрқашан бүкіл Жер-Ананың адамдарына қызмет ететін болады.

Үзілістен кейін мәжіліске қатысуышыларға өнер шеберлерінің құшімен концерт берілді. Қазақстанның халық әртісі Т. Жаманқұловтың және республикалық театrlар актерлері орындауында "Арнау" әдеби-сазды композициясы шырқалды. Алматы мақта-мата комбинаты мәдениет сарайының "Ақмаржан" Шығыс билері ансамблі "Өнші балапан" хореографиялық композициясын, "Салтанат" және "Алтынай" мемлекеттік би ансамбльдері "Менің Қазақстаннымды" ұсынды. Шекара әскерлерінің және ішкі Істер министрлігінің құрама ансамблі – "Ленинградтық өренім!" әдеби-хореографиялық композицияны орындаады.

Республиканың халық жазушысы Д. Снегин "Жамбыл туралы естелігін" оқыды. Қырғызстанның халық әртісі Е. Тұрсынәлиев құттықтау сөз сөйлемеді.

Қазақ халық аспаптары құрама оркестрінің, республиканың өңбек сіңірген әртісі Б. Самединовының, құрама хордың, Қырғызстанның халық әртісі С. Садықованың, Сүйінбай атындағы Алматы облыстық филармониясының "Сазген" және "Адырна" фольклорлық ансамбльдерінің, Семейдің "Бәйге" домбырашылар ансамблінің, республиканың өңбек сіңірген әртісі Н. Усенбаевының, Қазақстанның халық әртістері F. Есімовтың, С. Оразбаевтың, мемлекеттік симфониялық және үрмелі оркестрлердің, басқа да ұжымдар мен сахна шеберлерінің орындауында Жамбылдың, Абайдың, Н. Тілендиевтің, Л. Хамидидің, М. Төлебаевтың, Тоқтағұлдың, Б. Тұяқбаевтың, Т. Молдағалиевтің, Д. Нұрпейісованың, П. Чайковскийдің, Ш. Гуноның, Е. Рахмадиевтің, Ж. Тұрсынбаевтың шығармалары, халық күйлері орындалды. Қөрермендер алдында, сондай-ақ республикалық Ұйғыр сазды комедия театрының "Нава" ансамблі және Мемлекеттік классикалық би ансамблі өнер көрсетті.

Кешкісін Алматының ескі алаңында жастардың бүкараптық серуені өтті. Республика астанасының тұнгі аспанын мерекелік алау оттары нұрға бөледі.

Сенбі қуні мерейтой салтанаты ақынның туған жері – Алматы облысының Жамбыл ауданында жалғасады.

**ВЫСТУПЛЕНИЕ
ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН Н. А. НАЗАРБАЕВА
НА ТОРЖЕСТВЕННОМ СОБРАНИИ ПО СЛУЧАЮ 150-ЛЕТИЯ
ЖАМБЫЛА ЖАБАЕВА***

Алматы, 23 августа 1996 года

Уважаемые сограждане!

Имя и творчество выдающегося народного акына Жамбыла Жабаева занимают особое место в истории и культуре казахского народа.

Фигура Жамбыла возвышается в центре культурно-духовного возрождения казахского общества XIX века рядом с другим великим сыном казахской степи – Абаем Кунанбаевым, 150-летний юбилей которого мы отмечали в прошлом году.

Если Абай, внеся новые каноны и нетрадиционные формы в литературу, создал казахскую письменную речь, то бесспорен и тот факт, что творчество Жамбыла стало уникальным явлением, поднявшим на новую высоту многовековые импровизаторские традиции жырау.

На ниве поэзии муза Жамбыла подобна легендарному Пегасу. Она прошла свой немалый, почти вековой, путь без устали. Акын оставил после себя огромное поэтическое наследие. Оно – неиссякаемый родник, дающий бодрость жаждущему путнику. Стоит только припасть к его живительной влаге, и вы почувствуете новые силы.

Судьба подарила Жамбылу долгую и плодотворную жизнь: он не дожил до своего столетия всего два месяца. Его творчество приходится на один из сложнейших периодов в истории казахского народа и охватывает две эпохи – вторую половину XIX века и первую половину XX столетия. Это было время, когда был насильственно и безжалостно разрушен тысячелетиями складывавшийся кочевой образ жизни общества, произошла смена политических систем, отгремели две мировые войны.

Вряд ли стоит говорить, что времена перемен никогда не бывают простыми. Но предначертанную ему судьбой миссию акын исполнил до конца, став блестящим летописцем своей эпохи.

* Назарбаев Н. А. Избранные речи. Том III. 1995–1998 гг. – Астана: ИД "Сарыарка", 2009. – 582 с.

Охватывая взором произведения Жамбыла, мы сегодня ясно видим, что в них отразились вся сложность и противоречивость его времени, полного обретений и потерь, славы и бесчестья.

Слава акына-импровизатора пришла к Жамбылу в ранние годы, когда он только начинал творческий путь народного певца и сказителя. Непростым, извилистым, полным тяжких испытаний был этот путь. "Жамбыл долго оставался желчным, прямолинейным изобличителем пороков всех сатрапов царизма, – писал о нем Мухтар Ауэзов. – Обрушившись всею тяжестью своих гневных, едких и справедливых обвинений-импровизаций на тягостные поборы, на неправедный суд, на распри, он одновременно вместе с народом создал чудесные песни мечты и надежды об обетованной земле, о легендарном батыре-печальнике и заступнике народа".

Акын, может быть, лучше кого-либо из современников понимал суть явлений ушедшего времени и характер нового общества. Он всю свою жизнь боролся за единение страны, выступал за справедливость, стоял за честь человека даже тогда, когда находился в немилости и прозябал в безвестности и нищете. Поддержка слабых и неимущих, призыв к справедливости – это жизненная канва, своеобразный маяк поэзии Жамбыла, не дающий нам и сегодня сбиться с избранного пути. Акын беспощадно разил своим поэтическим клинком тех, кто сеял раздор среди народа. Отчеканенными и блестящими были его мысли, гражданская позиция, социальная нацеленность, когда он вступал в поэтические состязания – айтисы.

Айтис как жанр устного музыкально-поэтического соревнования испокон веков служил универсальным камертоном для народа, давал пищу уму и сердцу. Подхватываемые на лету изречения акынов разносились по городам и весям степи, возвращаясь к достойным авторам эхом неувядаемой славы и исключительного авторитета.

Одной из ярких высот Жамбыла на ниве импровизаторского искусства, безусловно, стал его знаменитый айтис с Кулмамбетом. Разумеется, не с одним только Кулмамбетом он вступал в словесную схватку. В то время не признававший авторитетом никого, кроме Суюнбая, Кулмамбет был признанным мастером поэтического слова не только в Семиречье, но и во всем южном крае. Он не знал поражений, почти во всех состязаниях выходил победителем, справедливо прослыв одной из ярких звезд на поэтическом небосклоне Казахстана. Как искусного ювелира слова признавал его и сам Жамбыл. Но победителем в том легендарном споре стал все-таки Жамбыл. Это была уверенная и закономерная победа.

Вскормленный живительным соком казахского поэтического искусства, выпестованный богатой устной литературной традицией, Жамбыл благодаря великим учителям, и прежде всего Суюнбаю, поднял знамя традиционного искусства бардов степи на огромную высоту. Учителю своему Суюнбаю он посвящает следующие замечательные строки:

"Свято имя твое, Суюнбай,
Вручил ты мне доходящие до сердец
Прекрасные слова в дар.
Стоит произнести имя его,
Преподнесенный мне им животворный глоток
Тут же превращается в слов
Священных поток".

Но нельзя не сказать и о других именитых наставниках Жамбыла. В их числе Сарбас, Куандык, Кожантай, Амре. Все они талантливые ученики школы, берущей начало от легендарных Сыпыра, Асана Кайги, Казтугана, Доспамбета, Шалкииза, Бухара, Базара, Ахтамберди, Умбетея, Шала, Махамбета, Дулата, Мурата, Шортанбая, Нысанбая. В поэзии Жамбыла нашла отражение вся благотворная палитра традиций великих поэтов степи.

В свою очередь, сам Жамбыл стал духовным наставником шедшей ему во след плеяды непревзойденных мастеров слова, как Кенен Азербаев, Нартай Бекежанов, Доскей Алимбаев, Саядил Керимбеков, Орынбай Тайманов, Умбетали Карабаев и др.

С годами мужал поэтический дар Жамбыла, мудрым становилось сердце, историческим становился взгляд. Но неизменно любимыми оставались темы единства человека и окружающей его природы, красоты мира – внешней и затаенной, духовной, темы любви ко всему живому и человеку как центру мироздания. Всю жизнь Жамбыл воспевал главное – дружбу людей, единство, взаимопомощь и любовь. И, наверное, нет нужды долго убеждать, как нам всем недостает порой слов подобного вдохновителя и наставника:

"Все сокровища мира собрав,
Не найдешь ты в богатстве добра.
Светлой памятью вечной, святой
Будет жить и сиять над тобой
Лишь добро, что ты миру несешь!"

Были акыны и до Жамбыла, есть и сейчас, будут и после. Но в XX век – век бурных научно-технических и социальных революций – Жамбыл как никто другой сумел поставить свое древнее как мир искусство на службу современности, тем самым вознеся его на невиданную прежде высоту и выведя на новый уровень.

Все мы – дети своей эпохи. И каждого творца также следует оценивать мерками его времени. Думаю, что искать несоответствия действительности в произведениях Жамбыла, рожденных в трудные времена – в годы царского колониализма или в советский период, – по меньшей мере, неуместно. И уж тем более неуместно ставить эти несоответствия ему в укор. Времена менялись и впредь будут меняться, но наследие великого акына никогда не утратит своей ценности. Жамбыл – великий мастер слова, вдох-

новенно воспевавший свое время, его светлые стороны и его тени, словом, свою эпоху. А оценки мастеру надо давать не по тому, в какую эпоху он жил и кому посвящал свой талант, а по тому, как он творил. Ибо все строки Жамбыла им выстраданы, рождены в самых потаенных уголках души и потому снискали признание всего мира. Никто не может отрицать и того факта, что творчество Жамбыла способствовало формированию и мировоззренческому, духовному росту нашего народа.

В семидесятилетнем возрасте, когда великий жырау стал свидетелем объявленной царской Россией в 1916 году мобилизации казахской молодежи на тыловые работы Первой мировой войны, он всей душой сочувствовал восставшим против царского произвола и насилия. Жамбыл, конечно, в столь почтенном возрасте не участвовал непосредственно в национально-освободительном движении, но песнью своей поддержал правое дело. Это была могучая духовная поддержка народному движению.

Потом пришла революция с ее громогласными лозунгами "Народам – равенство и свободу, долой рабство, долой оковы, обновим жизнь, пусть восторжествует справедливость, смесям продажных правителей, приведем всех к благоденstвию". К власти пришли Советы, рыцари и всадники революции. Разумеется, они сметают со своего пути всех "душегубов и кровопийц, баев и богатеев".

И казахская интеллигенция, простой народ поверили, что эта власть даст им равноправие и свободу. Не стал исключением и Жамбыл. Он надеялся, что с безжалостным угнетением царской властью инородцев навсегда покончено, что взамен пришла независимость, которую народ выстрелил, мечты о которой вынашивал веками. А если это так, чему же рукоплескать, как не новому общественному строю, принесшему освобождение, кого воспевать, как не его "справедливых" руководителей? Воодушевленный общественными достижениями, он воспевал это общество, посвятив ему всю мощь своего творчества. Именно в те годы он принес казахской литературе всемирное признание, ибо весь мир обратил внимание на творения этого гениального самородка.

Кому бы ни посвящал Жамбыл свою лиру – герою XVIII века Утегену или батырам-полководцам Саурыку, Суранши, поднявшим в XIX веке народ на освободительную борьбу против ига Kokандского ханства, папанинцам или бойцам, отважно сражавшимся у Хасана и Халхин-Гола, или блокадникам-ленинградцам, героям или простым людям труда – он делал это искренне, вкладывая всю свою душу.

Именно с этих позиций и надо оценивать творчество Жамбыла Жабаева, ведь стихи поэта, отличающиеся социальной значимостью, общественной весомостью и поэтической мощью, органически сочетались с дыханием эпохи, отражали мечты и чаяния миллионов соотечественников.

В этой связи следует особо сказать о бессмертном стихотворении поэта "Ленинградцы, дети мои!", ставшего вершиной его поэтического мастерства. Это творение умножило славу великого акына, сделало его имя известным всему миру.

Поэт Александр Прокофьев писал, что в то время, когда было написано стихотворение Жамбыла "Ленинградцы, дети мои!", город на Неве испытывал огромные трудности. В блокадном городе почти не было продуктов питания. Работающий человек получал в день 250 граммов хлеба, а неработающий – и того меньше – 150 граммов. Мяса и масла народ не видел. Подача воды в дома была прекращена, не работала канализация, дров не было и в помине. Из-за артобстрелов и бомбёжек окна зияли, как пустые глазницы.

Именно в те дни в газетах было опубликовано поэтическое обращение Жамбыла к ленинградцам. Оно сыграло огромную роль в поддержании морального духа людей. Ленинградское радио передавало его по нескольку раз в день. Напечатанное крупным шрифтом, стихотворение в виде плакатов было расклеено на стенах домов. Прокофьев видел многих ленинградцев, со слезами на глазах читавших эти теплые и искренние строки; видел людей, которые стояли в очередях за газетой с пламенными стихами акына вместо того, чтобы укрыться от сыпавшихся на город немецких бомб.

Писатель и драматург Всеволод Вишневский, участвовавший в обороне Ленинграда, также вспоминал: "Без слез и чувства радостного волнения не могли мы читать это послание. Мы ощутили, что это письмо так же ценно, как подход сильного резерва. Народ Казахстана слал нам свой братский привет, любовь и дружбу, и мы шли в бой, удвоив силы". Эти слова известного писателя не раз звучали и еще будут цитироваться всеми почитателями Жамбыла в год его полуторавекового юбилея.

Такова историческая истина. Передать в нескольких стихотворных строках суть целой эпохи – эта почти неразрешимая задача по силам лишь таким титанам, каким был Жамбыл. Так поэт своим гением воздвиг себе вечный памятник.

При жизни мэтра, куда бы он ни приезжал, его всегда горячо принимали и восторженно приветствовали. Так было и во время Декады казахской литературы и искусства в Москве в 1936 году, и в дни празднования в Грузии 750-летия эпической поэмы Шота Руставели "Витязь в тигровой шкуре", и в ходе других многочисленных поездок.

В настоящий народный праздник вылились торжества по случаю 75-летия творческой деятельности поэта в мае 1938 года. Везде, где он появлялся, народ приветствовал его здравицами и восторженными возгласами. О глубоком уважении к Жамбылу свидетельствует участие в торжествах Алексея Толстого, Николы Бажана, Павло Тычины, Тоголока Молдо,

Гафура Гуляма, Калыка Акиева, других видных представителей художественного слова. Поэта горячо приветствовали его земляки – Мухтар Ауэзов, Сабит Муканов, Габит Мусрепов, Абдильда Тажибаев, Таир Жароков, Касым Аманжолов, Гали Орманов, Дина Нурпеисова, Куляш Байсейтова, Кенен Азербаев, Мариям Хакимжанова, Калибек Куанышбаев.

Сегодня творчество Жамбыла, его жизненный путь по праву воспринимаются как значительный этап в развитии всей казахской литературы и импровизаторского искусства, как их высочайшее достижение в XX столетии. Он стал примером для многих. Ведь, как справедливо заметил Мухтар Ауэзов, литературными секретарями "знавшего миллион строк наизусть" гениального певца были его современники-поэты Абдильда Тажибаев, Таир Жароков, Гали Орманов, Калмакан Абдикадыров, Касым Тогузаков.

То было не только проявлением прекрасной традиции нашего народа – преклоняться перед старшими, во всем помогать им, но и данью уважения гениальному старцу, певцу, возродившему уникальные поэтические напевы ушедших веков, преклонением последующих поколений перед его творческим подвигом.

Мы также должны особо отметить русских поэтов Павла Кузнецова, Марка Тарковского, Константина Алтайского, Илью Сельвинского, Дмитрия Снегина, Алексея Брагина, внесших своими высокохудожественными переводами произведений Жамбыла на русский язык большой вклад в широкое распространение его творческого наследия.

У казахов есть мудрая поговорка: "Как солнце и луна принадлежат всем, так и добрый человек принадлежит всем". И в данном случае мы можем с гордостью сказать, что великий казахский поэт Жамбыл, создавший уникальные, высокоинтеллектуальные творения, пронизанные гуманизмом и призванные совершенствовать человека и общество, тоже принадлежит всему человечеству. Это подтверждается самой жизнью. Переведенные почти на 50 языков мира крылатые песни Жамбыла согрели сердца миллионов людей светом добра и разума.

В каждой национальной культуре есть имена, символизирующие общечеловеческие духовные ценности. И бывают периоды, когда их дела и творения наполняются особой значимостью, напоминая о том, что мы едины со всем человечеством и неразрывно связаны с ним своим прошлым, настоящим и будущим. Жамбыл входит в пантеон немеркнувших личностей XX века.

Прислушаемся к тому, что говорит сам Жамбыл: "Нет, я не мудрее и умнее других. Особым даром ораторским тоже не блещу. И познаниями особыми не осенен. Знал лишь то, о чем знал народ. Стремился произнести то, о чем хотел сказать народ". Слова поэта несут глубокий смысл. Они – свидетельство того, что он острее других ощущал радости и горести народа, те события, которые он возвеличивал или обличал. Поэт лучше других

понимал думы и чувствовал чаяния людей. Он жил жизнью своего народа, невзгоды и беды народные воспринимал как свои собственные. Одним холодным рассудком и умом, пусть и наблюдательным, но без страсти, разве удастся быть равным народу? Это удалось Жамбылу. Ибо он плоть от плоти народа, всегда жил его болью и страданиями.

В этих словах Жамбыла выражено мироощущение поэта. Это не подвластное времени и изменениям в мире живое слово со временем крепнет и излучает особый смысл. Оно звучит как высокий завет всем нам, ныне живущим. Оно как никогда актуально сегодня, поскольку является главной ценностью построения государственности.

У казахского народа богатая и сложная история. И только должным образом оценив прошлое, мы сможем наглядно представить будущее. На наше поколение время возложило крайне ответственные задачи: сохранить для наших детей достояние прошлого, укрепить наш восстановленный суверенитет, поднять экономику страны, достичь качественно нового уровня жизни народа. Для этого каждый из нас обязан глубже осознать свою ответственность за будущее страны. Это было заветной мечтой и нашего великого предка Жамбыла.

Одаренный поэт, говоривший: "Жамбылом меня просто зовут, народ – вот мое истинное имя", до последнего своего вздоха воспевал идеалы и душу, надежды и чаяния, судьбу и историю, духовное богатство и гордую стать своего народа. Значит, пока жив будет казахский народ, пока будут живы его язык и культура, будет жить и певец человечности, справедливости и гуманности – Жамбыл Жабаев.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫң ПРЕЗИДЕНТІ
Н. Ә. НАЗАРБАЕВТЫң КӨКБАСТАУ ЖАЗЫҒЫНДАҒЫ
САЛТАНАТТЫ ЖИҮНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ***

Алматы, 24 тамыз 1996 жыл

ҰЛЫ ЖЫРАУ РУХЫНА ТАҒЗЫМ

Күні кеше ғана біз Алматыда дүлдүл ақын, қайталанбас ерен тұлға Жамбыл бабамыздың 150 жылдық мерейтойына арналған салтанатты мәжілісте бас қосқан едік. Енді, міне, бұғін ұлы ақынның құрметіне арналған ас беру рәсіміне жиналып отырмыз. Ел қасиет тұтқан асылдар мен арыстардың құрметіне, аруағына арнап осындаи ұлан-асыр той жасап, жын өткізу ежелден бар дәстүр. Әсіресе, тәуелсіздік алып, көк Байрағымызды қөтергелі бұл жақсы дәстүріміз жаңаша сипат алып, қайта жаңғырды. Бұл да біздің елдігіміздің, халық ретіндегі есіп-өркендеуіміздің бір көрінісі. Тек соңғы үштөрт жылда Ордабасыда өткен атақты үш бидің тойынан бастап, халқымыздың алып тұлғаларына арналған көптеген салтанатты тойлар өткіздік. Сондай ұлы жынның бірі, міне, Көкбастаудың жазығында басталып отыр. Ұлы жырауға арналған тойдың бұл өнірде өтуі кездейсоқ емес екені баршаға мәлім. Бұл өнір Жамбыл ақынның кіндік қаны тамған, топырағына табаны тиген жер. Мына таулар, мына ұлан-ғайыр дала Жамбыл ақынның көзін көрген, шабытына қуат берген, дарын қабілетін барынша жарқыратадашуға негіз туғызған. Кез келген дарынның тегін топырақта тумайтыны ежелден белгілі. Ендеше Жамбыл секілді теңдесі жоқ ақынды дүниеге келтірген бұл өнірдің де өзіндік қасиеттері жетерлік.

Тек біз Жамбыл ұрпақтары ғана емес, осынау ұлылыққа тағым етер ұлағатты сәтті туған жердің киелі топырағы да, Көкбастаудың қарлы шындары мен жұмақтай жайлauы да барша ықылас-ынтастымен күткен секілді. Мен Көкбастаудың көксенгір жазығы мен көк жасыл белдеріне қарап тұрып ойға қалдым. Ғасырға ғасыр – ұласар. Заманға – заман жалғасар. Ұақыт өз де-генін болдырар. Өз кезеңінің небір бұлбұлын, небір дүлділін әлгі зымыран уақыт өзінше саралап, өзінше сұрыптаپ, талайларды мына сағым шалған боз тебелер сияқты көз бен көңілден таса етер. Бірақ қашан да күрескер, арманшыл халық, мына сіздер, сіздердің ұрпақтарыңыз мәнгі жасай берері сезсіз. Сол халықпен Жамбыл сияқты ұлы перзенттерінің де бірге жасап, ғасырдан

* "Егемен Қазақстан" газеті, 27 тамыз 1996 жыл.

ғасырды, заманнан заманды көктей өтеріне құмәнім жоқ. Халқымыз ұлы Жамбыл секілді перзенттерімен бірге жасай берсін дегім келеді.

Осы түрғыдан келгенде сол қазақ қоғамының мәдени-рухани дәуірлеу кезеңіндегі поэзия құмбезінің қос алтын босағасы Абай мен Жамбыл сияқты елестейді. Меніңше, бұл жай ғана әсіре сөз емес, жан жүргімізбен сезіне алатын тарихи ақиқат.

Халық даналығы "Өліге деген құрмет – тірілер үшін" дейді. Мұндайда, әрине, Жамбыл атамыздың асыл рухына тағым ете отырып, ел қамы, халық тағдырына қатысты өткен өмірді ой таразысына саламыз, бүгінгі тірлігіміздің парқын бажайлаймыз, болашағымызға үмітпен қараймыз. Жарық дүниеде бір ғасыр жасаған абыз жыраудың асқақ үні, саңқылдаған өр дауысы, домбырасының сазды құмбірі дәл қазір құлағымызға қайта естілетіндей. Ұлы Жамбыл мынау алып тауға айналып, біздің қазіргі бүкіл өмірімізді, тыныс-тіршілігімізді көріп, бақылап тұрғандай. "Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ" дегенді ең алғаш осы Жамбыл сынды отты сөзді, орақ ауызды ақындар айтқан болса керек. Мұның өзі сонау Асан Қайғыдан, Бұқар жыраудан келе жатқан асыл қасиет, ұлы Жамбыл сол қасиетті жалғастырып, жаңғыртып, біздің заманымызға алып келді. Бүгінгі мына жиын, бүкіл елімізді дүрліктіріп жатқан осы той – соның дәлелі.

Бүгінгі құрметті тек бір ғана Жамбылға жасалған құрмет деп есептемеуіміз керек. Бұл ең алдымен, қазақ халқының ел болуына, неше түрлі аласалы-рандардан аман қалып, бүгінгідей әлем таныған мемлекет болуына зор ықпалын тигізген, қыын кезде жол көрсеткен бүкіл абыз жырауларға көрсөтілген құрмет ретінде қабылдайық.

Жамбыл мәңгі жасай береді. Біздің алдымызды жаңа биіктер, жаңа мақсаттар тұр. Енді үш-төрт жылда XXI ғасырдың табалдырығын аттаймыз. Бұл жаңа ғасыр Қазақ елінің тарихындағы ерекше бақытты өсу, кемелдену ғасыры болады деп көміл сенемін. Қазіргі саяси, тарихи жағдай бұған толық кепілдік береді. Соған орай, XIX ғасырда дүниеге келген, XX ғасырда ұлы ақын ретінде әлемге танылған Жамбыл осы жаңа XXI ғасырда да өз халқымен бірге жасай берері анық.

Біз осының бәрін мақтан ете отырып, ұлы Жамбылдың Отаны – Қазақстан екенін де терең сезінуіміз қажет. Жамбылдың мерейтойы қазақстандықтар үшін мерей, зор мәртебе ғана емес, сонымен бірге биік парасатына өлшем болатын сын да. Яғни, бір мақсат жолындағы көп ұлтты дербес мемлекет ретінде әлем алдында ой мен рухтың өрсін танытатын, кісілік пен парасаттың өнегесін көрсететін сәт туды. Осы ретте ұлы Жамбылдың өлмес өнері, мәңгілік тозбас құндылықтарды көксеген биік шығармашылық мұраты қазақстандықтарды татулыққа, бірлікке шақырады деп білемін. Сондықтан да, Жамбылдың тойын жамағаттың тойы деп қабылдалап, ұлы жыраудың өлмес рухының алдында тағы да басымызды иейік. Тойымыз тойға ұласын! Әр уақытта ұлы бабамыздың аруағы демеп жүрсін! Халқымыз аман болсын! Елімізден тыныштық, береке кетпесін!

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ
Н.Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ КОНСТИТУЦИЯ КҮНІНЕ АРНАЛҒАН
САЛТАНАТТЫ ЖИНАЛЫСТА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ***

Алматы, 29 тамыз 1996 жыл

АТА ЗАҢ ХАЛЫҚА ҚЫЗМЕТ ЕТЕДІ

**Құрметті жиналған қауым!
Құрметті қазақстандықтар!**

Адамзат үшінші мыңжылдықтың табалдырығында тұр. Өзінің индустріаландырудан кейінгі дәуірін бастап кешіріп отырган бүгінгі дүние қауырт өзгеру үстінде. Сондықтан одан өз орнын табуға ұмтылған мемлекеттің осы заманғы әлемдік даму үрдісінен кейіндеу былай тұрсын, тіпті оның алдына түсіп отырмаққа амалы жоқ.

Біздің республикамыздың жаңа Конституциясын қабылдау дәл осындағы қадам болды. Бүгін, міне, төл Конституциямыздың дүниеге келуінің алғашқы жылын, оны бүкіл халық болып қабыл алу салтанатын атап отырымыз.

Конституция – Ата Заң ғана емес, заң құжаты ғана емес. Оның мазмұны көп ретте біздің көкейіміздегі ұғымнан әлдеқайда ауқымды. Сол себепті Конституцияны талқылауға белсене қатысып, басым көшілік дауыспен қабылдаған қазақстандықтарға ризашылығымды білдіремін.

Ата Заң құллі қазақстандықтардың көкейкесті мүддесін барынша еске-ретіндегі үдеден шықты. Конституция елімізде соңғы жылдары болған өзгерістерді: меншік нысандарының сан алуандығын, әрі олардың тең екенін, ұлттық саясаттағы табыстарымызды, бейбітшілікке деген құштарлығымызды, барлық мемлекеттерге деген тату көршілік пейілімізді, қауымдасуға деген қалауымызды, ұлтына, дініне, нәсіліне қарамай адамның, азаматтың құқығын ардақ тұтатынымызды дәйектеп берді.

Сонымен, қазір еліміздің қолында мемлекетіміздің құқықтық негіздерін, оның саяси жүйесін, азаматтарының құқығы мен бостандығын паш еткен Ата Заң бар. Ол – қоғамымыздың ұзақ жылдарға арналған дамуының айдынын айқындал тұратын шамшырақ іспетті. Сондықтан да біз жаңа Конституция туралы айтқанда, оның біздің дамуымыздың нақ осы заманғы жағдайындағы орыны туралы сөз еткенде, Ата Заңымызды қызу қуаттаған халқымыздың кеменгерлігіне жоғары баға беруіміз қажет.

* "Егемен Қазақстан" газеті, 30 тамыз 1996 жыл.

Біз бұғын Конституцияның алғашқы жылдығын ғана атап өтіп отырған жоқпыз. Осыдан бес жыл бұрын, тап осы күні аса маңызды оқиғалардың бірі болып өткен. Біздің дербестігімізді алғаш білдірген Семей ядролық полигонын жабу туралы менің Жарлығым жарияланған болатын. Ал сол кездеңі жағдайда мұндай шешімді қабылдау оңай емес еді. Осында қысылтаяң тұста, тіпті Қазақстан өзінің егемендігін мәлімдегеніне қарамастан, орталықтың өктемдігі бұрынғыдан да қатаң бола түсті. Біздің режимдік әскери обьектіге байланысты шешіміздің өзі шектен шыққан өрескелдік ретінде қабылданғаны да рас. Бірақ өткенді қайтару мүмкін емес және адамдардың ерік-жігерін мойыту мүмкін емес. Ендеше біздің полигонды жабуымыздың өзін Қазақстан халқының түпкілікті және түбебейлі түрде өз еркімен даму жолын таңдағанының белгісі ретінде айтуға толық негізіміз бар екені сондықтан.

Дербес жолмен біз бес жылдан астам жүріп келеміз. Жеткен жетістігіміз де аз емес. Соның ішінде 1995 жылы Конституцияны қабылдау сөзсіз тарихи оқиға екені айқын.

Бұл акт барлық уақытта да және кез келген ел үшін де ерекше оқиға болып келген. Тәуелсіз Қазақстан үшін конституциялық мәселе екі ғасырдың тоғысында ерекше мән-мағынаға ие болған еді. Біз үшін жаңа мемлекеттік құрылымды проблемасы қоғамды еркін экономика арнасына шығару және соған сәйкес саяси жүйені табудың қыын-қыстау ғаламат іздестіру жолынан көрініп отыр.

Бұгін, әрине, тарихи шолу жасамайынша болмас. Егер еске алатын болсақ, Қазақстанда конституциялар 1926, 1937, 1978 және 1993 жылдарда қабылданғаны белгілі. Ал ендеше тарихи осыншама қысқа мерзімнің ішінде оларды соншама жи қабылдаудың қандай қажеттігі бар еді? – деген сұрақ тумай ма. Осыған орай жұрттың көбіне американдық конституцияны үлгі ететіні де рас. Ал аталған Конституцияның қоғам прогрессі мен жеке адамның бостандығы үшін үш ғасырдан астам қызмет етіп келе жатқаны да белгілі.

Бұрынғы Одақта бұндай жағдай болуы мүмкін емес еді, өйткені коммунизм жолындағы әрбір кезекті белес жаңа Конституциямен аталып өтетін.

Бірақ жаңа Конституцияларға енгізілген барлық өзгерістер көбіне бет бояу сипатында болды, оның үстінен, біз қазір 1917-1919 жылдарда күшінде болған Алаш үкіметінің бағдарламалық құжаттарының өзі кеңестік үлгідегі барлық Конституцияға қарағанда неғұрлым көбірек конституциялы болғанын барынша айқын айта аламыз. Мәселен, Алаштың бағдарламасында Ресей Демократиялық Федерациялық Республика болуға тиіс екені айқын жазылған. Ал мұнда әрбір жеке мемлекет өз еркімен болуға және бірдей құқықтармен өзін-өзі басқаруға тиіс деп айтылған. Заң шығару өкіметін Мемлекеттік Дума арқылы жүзеге асыру белгіленген болатын. Президенттік институты тағайындалуға тиіс еді. Барлық азаматтарға шыққан тегіне, дініне және жынысына қарамастан сайлау құқығы берілмек еді. Депутаттарды

сайлау тікелей, тең және жасырын дауыс беру арқылы жүргізілуге тиіс болатын.

Қысқасы, Қазақстанда сол кездің өзінде-ақ конституциялық құрылыштың идеясы туындаған болатын. Алайда, оның жүзеге аспағаны белгілі. 1920 жылы қабылданған "Қырғыз (Қазақ) АССР-і еңбекшілері құқықтық декларациясы" демократиялық нормалардан мұлдем шалғай болатын. Ол құжат әлеуметтік тәзімсіздікке бой алдырып, тек "таптық көзқарасқа" ғана негізделген еді. Азаматтардың бірқатар категориясы үшін сайлау құқығының елеулі түрде шектелгенін айтсақ та жеткілікті. Мәселен, жалдамалы еңбекті пайдаланатын адамдар сайлау және сайлану құқығынан айрылған.

Шын мәніне келгенде 1926 жылы қабылданған тұнғыш қазақстандық Конституция да осы декларациядан алшақ кеткен жоқ. Ол мәні және нысаны бойынша РСФСР Конституациясына сәйкес болды және декларацияның барлық ережелерін өз бойына жинап алды. Десе де, Қазақстан кеңестік федерацияның тікелей субъектісі мәртебесін алғанымен, не егемендікке, не конституциялық бостандыққа ие болған жоқ. Бұдан басқадай болуы мүмкін де емес еді, өйткені Одақтың өзі мәні бойынша федерациялық емес, ал кеңестік режим шын мәніндегі конституциялық жүйе болған емес.

Сондықтан кеңестік кезеңдегі қазақстандық конституциялар одақтық мемлекет конституцияларының сәзсіз көшірмесі болып, бәріне билік ететін партиялық өктемдікті, мемлекеттің жеке адам мен қоғамды баса көктеуін білдірді, адам құқықтарын және өкіметті бөлу принциптерін, жеке меншікті қабылдамауға әкеlei соқты. Бұның өзі мемлекеттік масылдық психологиясын, қосарлы әлеуметтік өлшемдерді тузызып, адамдардың іскерлігі мен бастамашылығын тұншықтырып отырды. Ал қоғам өзінің адами өлшемі және үлттық сан алуандылығы бойынша дами алмайтын жағдайға жетті.

Егemen болған Қазақстанның жаңа конституциялық құрылышының тарихи міндетті тәуелсіз елдің әлеуметтік стратегиясына сәйкес тиімді мемлекеттік тұтқаны орнықтыру ғана емес, сонымен бірге конституциялық құрылышқа деген әкімшілдік-әміршілдік көзқарас дәстүрлерін түбегейлі жоюға да байланысты.

Таптық, таза үлттық және діни уағыздардан азат болған елдің Конституциясының принципті түрде жаңа үлгісін құрудың өзі, ең алдымен екі негізгі обьективті процестерге қатысты. Бұл мемлекеттің өзін-өзі айқындаудың бейімделген әлеуметтік жетілдіруді және үлттық өркендеу процестерін көздейді.

Қазақстан қоғамындағы біліне бастаған өмірдің бүкіл болмысы мен бейнесін түбегейлі өзгерту тенденциясын 1990 жылы қабылданған Қазақ КСР-інің егемендігі туралы Декларациясы мен соның негізінде 1991 жылғы жеттоқсанның 16-сында қабылданған Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы Конституциялық заң едәуір көрсете білген еді. Сонымен, Қазақстанда өзінің конституциялық құрылышын жасаудың принципті жаңа процесі басталды. Мұның өзі ежелгі қазақ жерінде жаңа, саяси және

экономикалық тұрғыдан тәуелсіз мемлекеттікі одан әрі құрудың алғы шарты және негіз қалайтын өлшемдерін жасады.

Алайда, осы конституциялық актілер саяси шарықтау, асқақтау кезеңінде қабылданғанын да мойындаған жөн. Барлық процестерді бірден ой елегінен өткізу, өзіміздің жоспарларымыз берілгенде нақты салмақтау қолдан келе қойған жоқ. Біз "еркіндік" сөзінен туындаған асқақ сезімнен шыға алмай қалдық. Оның үстіне қоғамның өзі де коммунистік қиялдармен және қағидалармен өмір сүріп келгенін жасырмасақ керек. Социалистік жалған халық билігінің бұрынғы таптаурындары Конституцияны орнықтыруға тиісті заман талаптары деңгейіне шығара алмады. Сондықтан барлық осы жылдардың ішінде біз Қазақ КСР-інің ескі Конституциясын жамап-жасқап келдік.

Қазақстанның егемен мемлекет және дүниежүзілік қоғамдастықтың толық құқықты мүшесі ретінде орнығуы 1993 жылы Жоғарғы Кеңес қабылданған Конституция арқылы жүзеге асырылған болатын. Ол 1990–1992 жылдардағы конституциялық құқықты қалыптастыру жөніндегі алғашқы толқынның өзіндік бір қорытынды құжаты болған.

Дегенмен, осы Конституция қазақстандық конституциялық құрылымындағы елеулі белес болғанын да айтқан жөн. Бірақ сол жақсы шешімнің өзі дәуір ағымында болып, көне көзқарастардан арыла алған жоқ. Біз қоғамдық келісім үшін баруға мәжбүр болған тарихи мәміле – Ата заң жүртшылық күткен үмітті толық ақтамады.

Көп нәрсе ең алдымен біздің қоғамдық дамудағы мақсаттарымыз берілгенде айқындағы айқындағы алмауымызға байланысты болса керек. Сол кезде біз жүйелі тұрға өзгерістердің берік құқықтық іргетасын қалай алған жоқпыш. Алға қойылған мақсаттарға жетуге мүмкіндік беретін конституциялық құралдар мен тұтқалар халыққа жарияланған емес.

Ал сайып келгенде, Конституцияны қабылдайтын халық емес екені де, жаңа мемлекетті құруға қатысатын халықтың өзі емес екені рас еді ғой. Ал бұрынғы мемлекет кеңестік дәстүр бойынша өуелі Жоғарғы Кеңеске және шенеуніктерге ғана, ал өздерінен асса халыққа берілген мемлекет емес пе еді. Бұл жағдайда мемлекет қажетті деңгейдегі конституциялық мемлекет болған емес, әйткені ағылшынның ағартушысы Томас Пейннің сөзімен айтқанда "Конституция мемлекеттің алғы шарты ғана, ал мемлекет сол Конституцияның перзенті болмақ" дегені рас.

Конституциялық процестерді 1995 жылғы наурыздағы өте қауырт оқиғалар жеделдете түсті. Бұл Жоғарғы Кеңестің бүкіл құқықсыздығын таңыған, және бұрынғы конституциялық тұжырымдардың барша күйкілігін толық ашқан кезде болған еді. Осынау бір шым-шытырық күндерде конституциялық реформаны қабылдауды кешеуілдетудің өзі Қазақстан қоғамы мен болашақ тәуелсіз мемлекеттің тағдыры үшін төтенше қатер болғанын ерекше сезінуге әкелгені де рас емес пе.

Конституциялық реформалау проблемасын шеше отырып, ең алдымен жаңа тәуелсіз мемлекетті құқықтық өрістету жолындағы мүмкіндіктерді жоққа шығаратын көзқарастан арылту керек.

Сол кезде мемлекеттің заңды шекарасы болуы мүмкін емес, ал бірақ барлық билік кеңеске тиесілі, деген құқықтық ұғым болған.

Ал, мен сол кездерді тегін еске алып отырған жоқыпн. Өйткені сол кезде экономикалық реформалардың одан әрі тежелуі, саяси өзгерістер мәселелеріндегі бөгелу бізге аса қыын екенін түсінген едім. Тап сол кезде бізге Конституцияға қарсы практикаға қарамастан еліміздегі шынайы конституциялықты орнықтыруға деген батыл әрі принципті саяси және заңды бетбұрыс қажет болған еді. Қазақстанда жаңа құқықтық жүйеге, ырықты нарықтық идеяларға жол ашатын идеяларды туғызу қажет болған еді. Осындай алғышарттарсыз тәуелсіз жаңа мемлекетті құру процесі, реформаларды жүргізу өбден қыын болатыны белгілі.

Менің өзім де Қазақстан халқына Қазақстан қоғамының прогрессіл, құқықтық, саяси, экономикалық және әлеуметтік құрылымы жолын таңдай отырып, өз елінің болашағын таңдай білгеніне ризамын. Жаңа Конституция – шексіз алуан түрлі әлеуметтік мұдделердің көрінісі. Ол Қазақстан азаматтарының тікелей еркін білдіруі нәтижесінде, бүкіл халықтық дауыс беру арқылы 1995 жылғы 30 тамыздағы референдумда қабылданды. Оған қатысқан адамдардың 90 пайыздайы біздің жаңа Ата Заңымызды жақтағаны рас екенін еске салғым келеді.

Қазақстан халқының Конституция арқылы өзінің егемен құқығын жүзеге асыратынына еш күмән жоқ. Конституциялық нормалар өзінен-өзі азаттың Конституцияға деген құрметті көзқарасын қалыптастырады, қазақстандық патриотизмді тәрбиелеуге жағдай жасайды деген көбіне қызыл сөз. Ешқандай саяси күштің, мемлекеттік өкіметтің кез келген тармағының өз калауынша Конституцияны өзгертуге ешқандай құқығы жоқ.

Бұл оның негізгі артықшылығы. 1995 жылдың наурызында тек корпоративтік мұдделерге бағынған бұрынғы Жоғарғы Кеңес өзін сақтап қалу үшін Конституцияның көптеген баптарын өзгертуді ұйғарғанын еске алайық. Бақытқа орай бұл кезде ол зансыз болып қалған еді.

Біздің еліміздің халықаралық беделін нығайту мәселесіндегі Конституцияның маңызын айтып жатудың қажеті жоқ. Оның әлем қоғамдастыры алдындағы мән-мағынасы асқақ болды. Конституцияның авторлық өзірлеу тәсілі, оны тікелей халықтың қабылдауы, заңгерлік техникасы мен саяси шешімдері, Конституцияның рухы мен бүкіл болмысы біздің тәуелсіз мемлекетіміздің, әркениетті, даму кезеңінің ерекшеліктерін, әлемдік демократиялық құндылықтарды бойына сінірген Конституция болды. Ендеше біздің Отанымыздың XXI ғасырдағы болашағы нақ осыған байланысты.

Жаңа Конституция қоғамда қолданылып жүрген жаңа ұғымдар мен терминдерді ғылыми және күнделікті айналымға енгізген тарихи бірінші Конституция болғанын атап өткен жөн. Сол арқылы нарықтық термин атаулары арнаулы, түбәгейлі теориялық және қолданбалы салаға ауысты, біздің тұрмысымыздың ажырамас бөлігіне айналды.

Конституцияның нақтылығы, оның әлеуметтік тиімділігі, әлеуметтік құндылық басымдылығы заң арқылы көрінген кезде ғана қабылданатыны

бар. Ал осының өзі адамның құқығын қорғауға және бостандығын сақтауға қызмет ететін, құқық тәртібін нығайтатын, мемлекеттікі және оның институттарын орнықтыратын және бүкіл құқықтық жүйені дамытатын қызмет атқармақ. Сондықтан да болар, бүкіл жұрттың санасында Конституцияның орны мен рөлі туралы дұрыс пікір қалыптасқан. Ал ең бастысы барлық азаматтар Ата Занға бағынған кезде ғана Конституция өз қызметін атқармақ деген түсінік бар. Оның талаптарының үдесінен шығу үшін, оны толық түсіне білу керек. Республикада Конституцияның ережелері мен нормаларын түсіндіру үшін бірқатар істер атқарылғанын айтқан жөн. Бұл әдебиет халықтың сатып алуына қолайлы. Өте үлкен таралыммен шығарылған олар еліміздің барлық жоғары оқу орындарында оқыту үшін енгізілген. Мәселен, жаңа оқу жылы барлық мектептерде, бүкіл жоғары оқу орындарында Конституция бойынша сабактармен басталуы керек.

Дегенмен, Ата Заңның барлық рухы мен ережелері біздің қоғамымыздың бүкіл өмірін көктеп өткенін қаламаймыз. Ең алдымен азаматтардың бәрі Конституцияның жаңашылдығын түсінгені қажет.

Казақстан Республикасының жаңа Конституциясында біз шеше алған негізгі, принципті мәселелерге ерекше тоқталғым келер еді.

Біздің Ата Заңымыздың басты жетістіктерінің бірі, онда жер туралы мәселенің шешілгенін айтқан орынды. Конституциялық тұжырым бойынша: "жер және оның қойнауы, су, есімдік және жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар мемлекеттің меншігінде болады. Жер сондай-ақ Заң белгілеген негіздерде, шарттарда және шектерде жеке меншіктे бола алады". Жер туралы заң бізде қабылданды. Мұның өзі елдегі әлеуметтік-экономикалық және саяси процестердің нақты көрінісі. Өйткені қазақ халқының кейір "қамқоршысы" болып жүргендердің жер жекеменшігі атқа мінгендердің қанжығасына бектеріліп кете барған дүние дегенінің өзі қате пікір. Осындай алыпсатарлық әрі жымысқы көзқарастың жақтастары шын мәнінде қазақ халқына сенімсіздікпен қарап, оның өркендеу қабілетіне және нарықтық қатынастар жағдайында өрістеуіне байланысты күмән білдіреді.

Оның үстіне, оны коммунистік психологиядан кейінгі қырсық ретіндегі масқара көрініс ретінде қараша керек. Сондықтан жұрттың қалада да, ауылда да үйлер мен пәтерлерді жекешелендіруден бас тартпағаны неліктен? Жеке үй жанындағы учаскелерді жекешелендіруден бас тартпауы неліктен? Ауылдағылар колхоздар мен совхоздарды және малды жекешелендіруден алған өз жарналарынан неге бас тартпайды? Өйткені адамдардың бәрі қожайын болғысы келеді. Ендеше, солардың қамын ойлап жүргендер жердің иесі болғысы келгендердің жайын ойлап көрді ме екен?

Ал кәсіпкерліктиң салауатты рухы орнаған жерде үлтаралық ойдан шығарылатын проблемаларды жәнсіз алға тарту үшін және жерге деген жекеменшіктің қажет екені немесе қажет емес екені жөніндегі түкке тұрмайтын бос сөздердің қажеті болмай қалатыны рас.

Жаңа Конституция біздің мемлекеттігіміздің табиғаты жөніндегі мәселені түбекейлі түрде шешіп берді. Егер 1993 жылғы Конституцияда Қазақ-

стан Республикасы "Өзін-өзі айқындастының қазақ ұлтының мемлекеттігі нысаны ретінде өзінің барлық азаматтарының құқығын қамтамасыз етеді деп белгілеген болса, ал қазіргі Конституцияда "Қазақстан өз халқы ежелгі қазақ жерінде оның халқы туғызған мемлекет болып табылады" деп айтылған және оның өзекті принциптері "Бүкіл халықтың игілігі үшін қоғамдық келісім және саяси тұрақтылық, экономикалық даму" бекітілген. Бұрынғы Конституацияның ережелері жекелеген топтардың бүлдіргі мақсатында пайдаланғаны жасырын емес және ұлтаралық келісімді нығайтуға ықпал етпегені де рас. Өйткені "ұлттық мемлекеттілік", "Қазақ мемлекеттілігі" дейтін конституциялық терминдердің өзін жүрттың көбі түсіне бермейтін, ал кейбіреулері байырғы этностың ерекше басымдығын көрсететін ұғым ретінде білдірген болатын. Ал шынына келгенде, осы ұғымдар, өкінішке орай сонау кеңестік өткен кезеңде қашама дақыптырап келгенімен, әлемдік ғылымда және практикада олар әйгілі болды.

Мемлекет тарихи жағынан әдетте, егер оның әлеуметтік негізі белгілі бір этностық қауымдастық болған кезде ғана ұлттық мемлекет болып табылатыны белгілі. Этностың даму қысынының өзі жүртшылық үйімы, ал оның өзі ұлттың материалдық және рухани өмір сүруін және дамуын қамтамасыз ететін мемлекетті тудыру қажеттігін көздейді. Осындай қазіргі заманғы тарихи және жалпы адами практикадағы халықаралық құқық принципінің правосы беріліп отыр. Мұның өзі ұлыстардың мемлекеттік өзін-өзі айқындауына байланысты болса керек. Міне, сондықтан ежелгі қазақ жерінде мемлекеттілікті құру жөніндегі конституциялық ережелердің өзін жалпы жүрт таныған принциптер мен халықаралық құқық нормаларының аясында қараған жөн.

Қазақстан мемлекеті тарихи тұрғыдан алғаның өзінде қашанда тек қазақтың мұддесін қорғап келді. Өйткені, сол кезде басқадай бетен, өзге халық біздің жүрттың топырағында болған емес. Иә, уақыт өте келе ұлы дала халықтардың басқа да өкілдерін қабылдай бастады. Осыған байланысты мемлекеттің қызметі де, мәні де өзгере бастады. Қазақ халқының басын біріктіріп отырған, жүздеген ұлт пен ұлыстың бүгінгі таңда енді ешқандай этностық ұлтына қарамастан барлық мұдделері орындалып келеді. Қазақстан Республикасы ұлтына қарамастан, барлық тұрғындардың мұддесін қорғайды. Ал мұның өзі біздің жаңа Конституциямызда атап өтілетін нақты жағдай.

Сондықтан Қазақстан халықтарының біртұтастыры, ұлтаралық келісімі мемлекеттікі одан әрі нығайту және дамыту аясында ерекше маңыз алатыны орынды. Түрлі ұлыстардың өкілдері тұрып жатқан біздің елдегі халықтың басын біріктіру – курделі болсадағы орындауға болатын нәрсе. Ал Қазақстанда осыны жүзеге асыру үшін мүмкіндік бар. Бұл ең алдымен республиканың барлық азаматтарының ұлттық тегіне қарамастан, теңдігін бекітетін Конституция ғана.

Конституция кез келген азаматтың немесе қауымдастықтың мемлекеттілікке, аумақтың тұтастығына қарсы шығуына қарсы халықтар арасына

қандай да бір жік салуға тыйым салады. Мұндай әрекеттерді қылмыстық төрgeу көзделген.

Жаңа Конституцияның даусыз жетістігі – ұлттық мұдделердің бүкіл жиынтығының ескере отырып, оларды қанағаттандырып тіл мәселеін әдепті шешуі болды. Ата Занда жазылғанындей, "Қазақстан Республикасындағы Мемлекеттік тіл – қазақ тілі, мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады. Мемлекет Қазақстан халқының тілдерін үйрену мен дамыту үшін жағдай туғызуға қамқорлық жасайды. Мемлекеттік тілді немесе басқа тілді білмейіне байланысты азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын шектеуге тыйым салынады". Сонымен еліміз халқының белгілі бір белгінің өз балаларының болашағы, тіпті өз болашағы жөніндегі аландарушылығы орынсыз болып қалады. Оның үстіне, ертеңгі күнге деген олардың үміті арта түседі, сейтіп, қазақстандық патриоттық сезімді тәрбиелеу үшін қолайлы жағдай танына де сенеміз.

Одан әрі де айтсақ, жаңа Конституцияда біздің республикамыздағы азаматтық туралы пікірсайыс толастады. Қазақстанда қосарлы азаматтық болмайтыны тікелей бекітілді. Сонымен азаматтық мәселелеріне қатысты нормалар конституциялық құрылыштың таңдаулы стандарттарына сәйкес.

Бұрынғы КСРО-ның ыдырауы және жаңа тәуелсіз мемлекеттердің құрылуды азаматтық байланысты мәселелерді шешудің талай-талай қиғылышын тудырғаны жасырын емес.

Тиісті мемлекеттердің аумағында тұрып жатқан белгілі бір адамдарды өзінің азаматы ретінде тану туралы мәселені шешу әрбір мемлекеттің жеке алғандағы өз мәселесі болып табылады. Осыған байланысты кейір мемлекет біржакты тәртіппен өз аумағында тұрып жатқан бір адамды өз азаматы деп таныса, ал басқа жақ әдеттегідей, біржакты шешімімен оны танымауы мүмкін фой. Демек, осының өзі Конституцияны, осы елдің зандарын бұзуға ықпал етуге және оны бұзуға қатысты кез келген шараларды қабылдауға жол береді. Осы, бір азаматтық принципі деп аталатын принциптің өзі адамзат өркениетінің тарихы көрсетіл отырғанындей, үстемдік етіп отырғаны кездейсоқ емес. Өйткені бір адамның қосарлы азаматтығын танудың өзі жеке адамның өзі үшін де, сондай-ақ сол мемлекеттер үшін де қыруар проблемалар тудыратыны рас емес пе. Неліктен? Өйткені, әрбір егемен мемлекет өзінің азаматтық институты мен соған байланысты азаматтардың құқықтары, еркіндігі және міндеттеріне байланысты институтын орнықтыра отырып, ең алдымен экономикалық және саяси өз мұдделері тұрғысынан шығады. Ал бұл орайда ұлттық құқық нормалары қосарлы азаматтықты танитын мемлекеттердің құқықтық ережелерімен сай келе бермейді.

Мұндай жағдайда қос азаматтығы бар адамның, өсіресе, мемлекеттік және әскери қызметті атқару, салық төлеу, сайлау құқықтарын жүзеге асыру, жауапкершілікке тарту мәселелерінде өз құқықтарын пайдалану және міндеттерін орындау кезінде қындықтар туатыны табиғи нәрсе. Осы заманғы мемлекеттердің, әдетте, бір азаматтық қағидасын ұстанатыны және

келісімді негізде қос азаматтыққа жол бермеуге ұмтылатыны да, міне, сондықтан. Біз де нақ осылай жасап отырмыз.

Біздің жаңа Конституция алты жыл бойы қалыптасып келе жатқан басқарудың президенттік нысанын түпкілікті бекіткені төтенше маңызды болып көрінеді. Басқарудың бұл нысанын таңдау кездейсоқ емес. Ол өткен тарихқа және бүгінгі шындыққа, біздің қоғамымыздың менталитетіне, ықтимал әлеуметтік-экономикалық дағдарыстар және өкімет буындары арасындағы келіспеушіліктер туғызған толқулардың шалығы тимейтін күшті әрі бірауызды өкімет жүйесінің қажеттігіне негізделген.

Басқарудың президенттік нысаны шенберінде өкімет буындарынан жоғары тұратын, түтеп келгенде, терелік міндеттер берілген және осыған орай мемлекеттік өкімет органдарының үйлесімді қызметін қамтамасыз ететін мемлекет басшысының статусы Қазақстан жағдайында қоғамның саяси және экономикалық жүйелерін ойдағыдай, тоқтаусыз реформалау үшін неғұрлым қолайлы алғышарттар жасауға мүмкіндік береді. Әлеуметтік тұрғыда да тап солай: көп этностық және көп дінді қоғам үшін, бұған қоса күшті әлеуметтік тәнгермелілік жүріп жатқан қоғам үшін, азаматтық татулықтың, қоғамдық тұрақтылықтың және ұлтаралық келісімнің кепілі ретінде Президенттің болуының өмірлік маңызы бар. Өзін тағайындаған халық алдында өкіметтің жаупкершілігін арттырудың тиімді құралы да осы болып табылады. Біздің Конституциямызда біртұтас мемлекеттік өкіметтің үш буыннының әрекет етуінің нақ осындај жаңа тетігі бекітілген.

Мемлекеттік өкіметті заң шығаруши, атқарушы және сот буындарына бөлу олардың өзара шектеу және қарсы баламалық жүйені қолдану арқылы іс-қимыл жасауын көздейді. Сондықтан Конституция, бір жағынан алғанда, олардың тығыз ынтымақтастық жасау мүмкіндігіне, екінші жағынан – өзара шектеу, бір-бірінің Конституцияда және зандарда белгіленген құзіреттеріне арапасуға жол бермеуге бағытталған билік құзырларын бөлісудің тетігін қарастырады. Мысалы, Конституцияға "қарсы ассигнация" (Президент актілері мен Парламент қабылдаған зандар оларды дайындағаны және зандық мінсіздігі үшін жаупты адамдардың қолымен бекітіледі); Парламентті тарату, импичмент (Парламент пен Президент жаупкершілігінің әрекше конституциялық тәртібі); республика Президентінің мемлекеттің жекелеген лауазымды адамдарын (мысалы Премьер-министрді, Ұлттық банктің төрағасын, Бас прокурорды) Парламенттің және оның палаталарының келісімімен тағайында институттары белгіленген.

Біртұтас мемлекеттік билікті буындарға нақты жіктеу жүйесінде Парламенттің қызметі анықталған, бұл оны заң шығару қызметіне жұмылдыруды көздейді. Әрине, бұл құқықтық кеңістік белгілі бір шенбермен шектелген, дегенмен ол жеткілікті дәрежеде кең әрі қоғамдық қатынастарды зандар арқылы реттеуге толық қабілетті.

Мәселе, тіпті де, өкілеттіктің санында емес, қайталап айтамын, олар әлеулі түрде берілген, мәселе бұларды жүзеге асырудың сапасында жа-

тыр. Бұл орайда Парламент, өкіметтің барлық буындары секілді, оның құзыретін және заң шығару процесінің негіздерін белгілеп және реттеп отыратын Конституцияның рухы мен әрпіне бағындырылған. Нақты белгіленген өкілет – құзыреттің бар Парламенттің саяси жүйені тұрақсыздықтан, біздің білестініміздей, парламенттік республикалардың іргесін жиі-жиі шайқап отыратын тұрақсыздықтан құтқаруға қабілетті екендігін де есте ұсташа қажет.

Өкімет буындарының өзара іс-қимылшының конституциялық тетіктерінің тиімділігін биылғы жылдың маусым айында парламент пен өкімет арасындағы қарым-қатынаста туған дағдарысты Ата Заңың проблемаларды даудамайсыз шешуді көздейтін және тараптардың келісімді іздестіруіне қозғау салатын нормалары іске қосылуы арқылы ойдағыдай шешу мүмкін болғаны айғақтайды.

Конституция, ақырында, қос палаталы Парламентті тағайындаады, оның қажеттің туралы айтыс біздің қоғамымызда көп уақыт бойы жүріп келді. Елдің жоғары заң шығарушы органы қызметінің тиімділігін, оның депутаттық корпусының кәсіби біліктілігін арттыруға бағытталған бірқатар нормалар қарастырылды. Парламенттің заң шығарушы құзыретінің аясы мен шегін нақты анықтау қарастырылуда. Бұл, кейбіреулер қате пайымдап жүргендей, заң шығарушы өкіметті нашарлатпайды, қайта оның негұрлым мақсаткерлікпен жұмыс істеуіне жағдай жасайды, заң шығару жұмысының пәрменділігі мен сапасын арттырады, оны қатаң конституциялық негізге қояды. Ал бұл, өз кезегінде, елдегі конституциялық зандаудың тәртібін нығайтады. Әркениетті қоғамда парламенттің қолында болатын тұрақты дамудың ең күшті құралдары тиімді зандар қабылдау, мемлекеттік бюджетті бекіту, үкімет қызметінің бағдарламасын мақұлдау немесе кері қайтару, оның осы бағдарлама бойынша парламентке есеп беруі, Премьер-министрді тағайындауға келісім беру, сенімсіздік білдіру, палаталардың үкімет мүшелерінің есептерін тыңдау және оларды босату туралы Президентке өтініш жасау, және ақырында, Президент жауапкершілігінің ерекше конституциялық тәртібі туралы мәселені қозғау және шешу сияқты шаралар болып табылады. Бақылаудың осындай айрықша құзыреттерінің барлығын біздің Конституция Қазақстан парламентіне бекітіп берген. Әңгіме мұндай өкілдіктерді практикалық жұмыста кәсіби денгейде пайдалану туралы болып отыр. Сонда парламентті "қысымға алу" туралы түрлі қауесетті пайымдаулар да болмайды. Бұдан басқа мақсатқа да қол жетті – Парламенттің қызметіндегі басы артық саясилану жойылды. Бір кезде Жоғарғы Кеңестің нақ осы фактор екіудай жағдайға қойған болатын. Сол тұста, былайша айтқанда, депутаттардың "жаппай сынап-мінеушілігі" олардың жершіл популизміне қосыла келгенде, заң шығару қызметінің дәрменсіздігіне әкеліп соққан болатын. Мынадай: барлығын билеп-төстейміз, бірақ ешнөрсе үшін жауап бермейміз деген қағида ұсталынды.

Ал қазіргі Конституцияда қарастырылған Парламенттің құрылымы заң жобаларын мұқият, салиқалы және жан-жақты талқылап, сапалы зандар

қабылдау қажеттігіне негізделген. Оларда мемлекеттік мүдделер негізге алынып, түрлі әлеуметтік топтар мен аймақтардың мүдделері үйлестірілуге тиіс. Бұл орайда біздің күткен үмітіміз қазірдің өзінде ақтала бастағанын айту керек. Елдің жаңа Парламентінің алғашқы сессиясының жемісті нәтижелері – осының көрнекі дәлелі.

Конституцияның Үкіметтің статусы мен оның өкілеттіктерін белгілеуге жаңа көзқарастар тағайындағаны да маңызды. Бұдан былай Үкімет "дербес жұзу" жағдайында болады, демек атқарушы органдар жүйесін басқара отырып, олардың қызметіне жетекшілік жасап және басқарушылық шешімдерді дербес қабылдай отырып, экономика мен әлеуметтік саладағы істің жағдайына толық жауап береді.

Жоспарлы-бөлуші экономикадан нарықтық экономикаға көшу – едәуір әлеуметтік жетімсіздіктерге байланысты болатын күрделі әрі ауыртпалықты процесс. Сондықтан Үкіметтің және одан тәменгі атқарушы органдардың міндепті ел экономикасын нарықтық дамудың жолына жедел көшіруді қамтамасыз ету және, түтеп келгенде, республиканың халқы әлеуметтік-экономикалық реформалардың онды нәтижелерін тезірек сезінуі үшін қолдан келгеннің бәрін жасау болып табылады. Осыған байланысты Үкіметтің алдында бір-бірінен ажырағысыз екі міндепті түр. Бір жағынан, меншік иелерінің қуатты табын құруға қажетті бүкіл нарықтық инфрақұрылым мен шарттарды қалыптастыруды мейлінше жеделдету қажет. Екінші жағынан – реформалардың әлеулі әлеуметтік олқылықтарына жол бермеу үшін алдын ала шаралар қолдану, әлеуметтік процестерге бірдей көніл бөлу, ықтимал әлеуметтік жанжалдарды болдырмау міндепті түр.

Атқарушы өкіметтің рөлі туралы айтқанда, мемлекеттің экономикалық саясатын ұмыт қалдыруға болмайды. Бұл тұрғыдан алғанда оның аса маңызды міндепті – кесіпкерлік бастамаға толық еркіндік беру, өзіміз жүргізіп жатқан реформалардың табысты болуының міндепті шарты ретінде Қазақстандағы жекеменшікті дамытуға көмектесу. Бұл орайда меншік қатынастарын дамыту жекешелендірусіз және кесіпкерлік қызмет үшін қалыпты жағдайларды қамтамасыз етпейінше мүмкін емес.

Қазір жекешелендіруде жіберілген қателіктер кәдімгідей қатты сынға алынуда. Алайда жекешелендіру процесінің өзі қажеттілік екенін жоққа шығаруға болмайды. Кезінде өркениетті елдердің барлығы осы бір күрделі, өте ауыртпалықты процестен өткен болатын. Алайда оның түпкілікті нәтижесі мемлекет меншігінен тиімді түрде алу және кесіпорындарды жекешелендіру болып шыққан-ды. Олардың бәріне де дәл біздегідей қыын болды, бірақ олар бұл қыындықтан абыраймен шыға білді. Ал біз үшін проблеманың бүкіл мәнісі – жекешелендіруге біздің кеңестен кейінгі, социалистік қоғамнан кейінгі кезеңнің жағдайында кіріскеңімізде болып отыр. Оның халқының негізгі бөлігі болып жатқан процесті түсініп, қабылдағанымен, түтеп келгенде, мемлекеттік меншікті сатып ала алмады, сондай-ақ инвесторлардың міндептін де

атқара алмады, бұған шамасы келмеді. Сондықтан проблемалар болды және бола береді. Алайда жекешелендіру тоқтамайтын процесс, өйткені ол мақсат қана емес, шаруашылық жүргізудің тиімді нысандарын орнықтырудың тәсілі. Оның жүзеге аспай қоймасы әлдекімнің еркіне байланысты емес, өйткені ол көп реттерде өзіміздің Конституциямында негізі салынған нормаларды жүзеге асырумен қамтамасыз етіледі.

Әрине, әрбір жаңа істе болатыны сияқты, мұнда да кемшіліктер, тіпті, тікелей заңды бұзушылықтар да бар екені басқа мәселе. Алайда тәртіп орнатқан кезде тек жоғары тұрган мемлекеттік органдарға ғана сүйеніп қоймау керек. Қазірдің өзінде соттардың құқық қорғаушылық әлеуетін толық қүшінде іске қосу қажет. Бұл жекешелендіруді заңға қатаң сәйкес жүргізуге, осы орайда қоғамның және мемлекеттің мұddeлерін толығырақ ескеруге мүмкіндік береді.

Қазақстанда құқықтық мемлекет орнату процесі енді ғана қүш алып келеді, сондықтан біз үшін сот-құқық жүйесінің тиімділігін қамтамасыз ету – экономикалық проблемаларды шешуден маңыздылығы кем емес міндет.

Кеңес өкіметі жылдарындағы соттардың жұмыс тәжірибесі және Қазақстанның тәуелсіз дамуының алғашқы жылдарындағы олардың қызметінің инерциялық сипаты мен бізге мұра болып қалған ескі сот жүйесі соттардың құқық қорғау жөніндегі міндеттің жүзеге асыруға көмектесе алған жоқ. Бұл аз десенеңіз, олар меншікті қатынастардың дамуы онсыз мүлде мүмкін емес кәсіпкерлік бастаманың қол-аяғын тұсады. Әділетті сот қызметінің өркениетті жүйесі мен шын мәнінде тәуелсіз судьялардың болмауы заңдардың орындалмауын туындастып, ондай жәйттерді көбейтті.

Мұның бәрі сот жүйесін батыл реформалау қажеттілігіне алып келді. Бұл біздің жаңа Конституцияда да қаралған. Шын мәнінде тәуелсіз әрі шешім қабылдауда объективті, шенеуніктердің үстемдігінен азат, жемқорлыққа салынбаған сотты құру үшін біз сот реформасын жүргізіп отырмыз. Конституцияға сәйкес жалпы және төрелік соттар жүйелері біріктірілді, соттар мен судьялардың әділетті үкім шығаруға құқықтық кепілдіктерін нығайтқан статусы заңды түрде белгіленді. Судьялар корпусын аттестациядан өткізуға де тұра келді, соның нәтижесінде соттар әділет атынан әрекет етуге құқығы жоқ біліксіз және ары таза емес адамдардан арылуда. Бұл аттестацияға республикада айтарлықтай жауапты және қатаң тұрғыдан келгенін айту керек. Оны өткізу кезінде 1400-ге тарта судья аттестацияланды. Олардың басым көшлілігі өздерінің біліктілігін көрсетті. Алайда екі облыстық судья мен 49 қалалық және аудандық судьялар аттестациядан өте алмады.

Сот реформасының негізгі бағыттарын белгілеген жаңа Конституцияның арқасында, құқықтық сот орындары судьялардың заңды орындау кезінде тәуелсіздігін қамтамасыз етуге сенімді құқықтық кепілдіктер алды. Бұдан былайғы жерде судьялардың қызметіне арапасуға жол берілмейді,

олардың ісіне қол сұғуға болмайды, олар нақты істер бойынша есеп бермейді және тек Конституция мен Занға ғана бағынады.

Әділетті және тұра сот үкімдерін шығаруға Конституцияда қарастырылған сот корпусын қалыптастыру тетігі де жағдай жасайды. Мұндағы жетекші роль мемлекет басшысына тиесілі болып отыр. Бұл жаңартылған тетікте, сондай-ақ, Жоғары сот кенесі мен әділеттің білікті алқасына да елеулі орын беріледі. Олар қазірдің өзінде қалыптастырылып, өз жұмысына кірісті.

Күкік қорғау жүйесін, ең алдымен прокуратура органдары мен тергеу аппаратын реформалау да сот-күкік реформасының құрамдас бөлігі болды. Қазір прокуратура, мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың статусына қарамастан, өз күш-жігерін елдегі зандылықтың сақталуын қадағалауға жұмылдыруда. Мұны прокуратураның, тіпті, Үкіметтің шешімдеріне де қарсылық білдіріп отырған назар аудараптық фактісі де айғақтайды.

Тоталитарлық мемлекет жағдайында бұл туралы қиялдаудың өзі мүмкін емес болатын. Тергеу орындары сот пен прокуратурадан бөлінді. Осы арқылы әділеттің кеңестік жүйесі де аяқталды. Мемлекеттік тергеу комитетінің құрылуы қылмыскерлікке тиімді түрде қарсы тұра алатын жүйені орната бастауға мүмкіндік берді.

Ел Конституциясының бұрынғы Конституциялық сотты ауыстырған Конституциялық кеңес секілді мемлекеттік органды тұнғыш рет тағайындағаны – мейлінше назар аудараптық оқиға. Биліктің Президенттік нысаны жағдайларында Конституциялық кеңес конституциялық зандылықты қорғауға арналған органның неғұрлым оңтайлы үлгісі болып табылады. Ол қабылданатын зандардың Конституцияға сәйкестігіне конституциялық бақылау жасалуын қамтамасыз етіл қана қоймай, елде қабылданатын зан актілерінің сапасына кепілдік беретін өзіндік қосымша сүзгі қызметін де атқауға тиіс. Бұл орайда ол саяси дау-дамайлардан шет тұрады. Конституциялық кеңес өзіне жүктелген конституциялық құқықтар мен еркіндіктерді қорғаушы қызметін атқара алады деп сенемін.

Жаңа Конституцияда азаматтардың бұрынғы конституциялық құқықтары мен бостандықтарының бос, оларды жариялаудың нақты практикасымен қамтамасыз етілмеген классификациясынан бас тартылатыны анық тұжырымдалған. Мысалы, оның 24-бабы еңбек ету құқығын емес, "еңбек еркіндігі, көсіп пен қызмет түрін еркін таңдау" құқығын белгілейді. Бұдан bylai məjbbür tүрде жұмыс істеуге жол берілмейді. Денсаулық сақтау мен білім беру мәселелерінде, осы салаларда жаңа нарықтық қатынастарға жету жолына кедергі болған, өзін-өзі ақтамаған мемлекеттік патернализм практикасы да келмеске кетеді. Басқаша айтқанда, Конституция осы заманғы нарықтық экономиканың принциптеріне сәйкес, азаматтардың конституциялық құқықтарының, еркіндіктері мен міндеттерінің мәнісі мен мазмұнын қалыптастырады. Олар әрбір жеке адамның сан алуан мұдделерін қанағат-

тандыру мүмкіндігін оның өз еңбек қызметінің барысындағы нақты үлесіне (нәтижесіне) тәуелді етеді. Ал тегін әлеуметтік қызметтердің қажетті тәменгі шегіне мемлекет кепілдік береді.

Жаңа Конституцияның елеулі бір жетістігі – жергілікті маңызы бар мәселелерді халықтың өзі дербес шеше алуын қамтамасыз етуге бағытталған жергілікті өзін-өзі басқару институтын тану болып табылады. Бұл конституциялық ереженің мәнісін адамның нақты тыныс-тіршілігі нақ қаланың, ауданың, селоның, ауылдың өзінде өтетінінен іздеу керек. Адамдар нақ аталған жерлерде өмір сүріп, құнделікті еңбек етеді, өздерінің өмірлік проблемаларын шешеді. Сондықтан әрбір азамат заңды түрде материалдық-заттық мазмұнмен толықтырылуға тиісті жергілікті өзін-өзі басқару шенберінде өзінің өмірлік жоспарлары мен ойларын жүзеге асыруға, азаматтық бастамасын көрсетуге мүмкіндік алуға тиіс.

Қымбатты достар! Қазақстанда жаңа Конституция қабылданғанына дәл бір жыл өтті. Тарих ауқымынан қарағанда бұл қас қағымдайғана уақыт, алайда республиканың бүгінгі күнінің замандастары мен ертеңгі күнінің жасампаздары болып табылатын біздер үшін ол негізгі заңның қандайлық тиімділікпен өмірге енгізіліп жатқаны туралы кейбір пайымдаулар жасауға мүмкіндік береді.

Өткен жылды конституциялық қағидалар мен ережелерді жүзеге асыру жөнінде елеулі жұмыс жүргізілгенімен, Конституцияда негізделген ұлан-ғайыр жасампаздық мүмкіндіктер өлі де нашар жұмыс істейтінін атап өтуге тиіспін. Өкінішке қарай, көптеген мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар, оның ішінде соттар мен құқық қорғау органдары өлі күнге дейін Конституцияның мәнісін түсіндеру үшін күллі қажетті, ал ең бастысы, оның ережелерін барлық азаматтардың орындауы үшін қажетті шараларды атқарған жоқ. Атқарушылар үшін ең алдымен тікелей жоғары тұрған басқару субъектісі актісінің, ал жалпы нормативтік көздердің ішінде – өз ведомствосы актісінің нормативтік маңызы болатынын іс барысы көрсетіп отыр. Ең дұрыс деген жағдайда олар өз әрекетін нақты нормалар көрсетілген ағымдағы заңмен өлшеп пайымдайды. Сондықтан Конституцияны бүкіл азаматтардың, әсіреле өкімет органдарының қатаң орындауын қадағалау тапсырылған органдардың қатаңдығы мен ықтимал қатығездігі – мемлекетте тәртіп пен реттілік орнатудың қажетті шарты.

Требуется совершенствовать работу с кадрами дипломатической службы: МИД пополняется людьми, которые по своей квалификации и моральным качествам в состоянии выполнять задачи, поставленные Главой государства. Отрадно, что в МИД приходят выпускники учебных заведений, получившие добрые базовые знания. Важным инструментом в подготовке кадров должна стать открывающаяся у нас в ближайшее время высшая дипломатическая школа. Необходимо продолжать практику направления сотрудников на стажировку в зарубежные вузы и центры. К следующему столетию республике следует подойти с хорошо укомплектованной профессиональными кадрами дипломатической службой, которая не уступала бы другим аналогичным службам в мире.

Вместе с тем по-прежнему присутствует и облегченный подход к подбору кадров. В результате заметно снижается потенциал посольств. В связи с этим поручаю министру иностранных дел провести служебную аттестацию послов, сотрудников центрального аппарата и загранучреждений на предмет их соответствия занимаемой должности.

Будущее нашей страны в немалой степени зависит от того, насколько эффективно будут работать дипломаты. Но им для успешной деятельности нужен легитимный фундамент. Поэтому Правительству и МИДу, следует более активно работать над законом о дипломатической службе. Он должен пройти процедуру обсуждения и быть утвержден в Парламенте уже в ходе нынешней сессии.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ
Н. Ә. НАЗАРБАЕВТЫң ӘЗІРБАЙЖАН РЕСПУБЛИКАСЫНА
РЕСМИ САПАРЫ КЕЗІНДЕ ЖОҒАРҒЫ ЖИНАЛЫС – МИЛЛИ
МӘЖІЛІС ДЕПУТАТТАРЫ АЛДЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ ***

Баку, 16 қыркүйек 1996 жыл

**Құрметті депутаттар!
Ханымдар мен мырзалар!**

Мен бауырлас Әзіrbайжанның қонақжай жерінде, жоғарғы жиналыш – Милли Мәжіліс депутаттары алдында шығып сөйлеу құрметіне ие болып отырымын.

... Әзіrbайжан мен Қазақстанды біріктіретін жайлар көп. Егер ресми жақтан алып қарасақ, тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына, Экономикалық ынтымақтастық үйімінде, түркі тілді елдер басшыларының тұрақты кездесулеріне бірге қатысып отырамыз. Жағырафиялық жағынан бізді Каспий теңізі қосып тұрады. Біздің көп ғасырлық тарихымыз, ежелгі мәдениетіміз ортақ және тілдеріміз де жақын.

... Сондай-ақ біздің елдеріміздің мұдделілігі аймақтық және ғаламдық қауіпсіздікке жетуде де, Каспий теңізін және оның байлықтарын пайдалануда да, қайырымдылық-мәдени дамуда да көрініс береді.

Міне, осыдан да менің көтеріңкі сөйлеуім, былай десем: бүгінгі күн – Қазақстан – Әзіrbайжан қарым-қатынасының қысқа тарихында шын мәнінде айтулы күн десем, ол жүртқа түсінікті болар. Бүгін Президент Гейдар Әлиұлы Әлиев және мен Қазақстан Республикасы мен Әзіrbайжан Республикасы арасындағы қарым-қатынастардың негіздері туралы шартқа қол қойдық. Бұл біздің мемлекеттеріміз арасындағы алғашқы үлкен шарт.

Екі ел үкіметтерінің мүшелері екіжақты ынтымақтастық туралы біршама келісімдерге қолдарын қойды. Соның ішінде қосарланған салық салуға жол бермеу, инвестицияларды көтермелей және өзара қорғау туралы келісімдер сияқты маңызды құжаттар бар. Осының арқасында біздің елдеріміздің қарым-қатынасы мен одан әрі бірге жұмыс істеуіне толық шартты-құқықтық жеткілікті негіз қаланды деп қанағаттанғандықпен айтуға болады. Біз екі елдің іскер адамдарына жол аштық. Бұл біздің халықтарымыздың мұдделері мен үміт-тілектеріне толық жауап береді.

* "Егемен Қазақстан" газеті, 24 қыркүйек 1996 жыл.

Мен бұғінгі келісімдер – бірлескен ұзақ жолымыздың басы деп есептеймін, сейтіл Қазақстан мен Әзіrbайжан арасында табиғи қалыптасқан Достық және туысқандық байланысы одан әрі нығая түседі.

Құрметті депутаттар! Мәртебелі жиналыста Қазақстанда қазір қалыптасып отырған жағдаймен танысу, біздің республикамыздың соңғы жылдары жүріп өткен жолдары жөнінде менің пікірімді білу қызықты болар деп ойлаймын.

Жақында Қазақстанда Негізгі Заңды қабылдаудың бір жылдығы атап өтілді. Жаңа Конституция нарықтық терминологияны және құқықтық мемлекет идеяларын теориялық жағдайдан өмірлік жағдайға аударып берді. Онда жаңа түрғыда, шын демократиялық түрғыға сай, сонымен бірге айқын мемлекеттік позицияға қазақстандық мемлекеттік табиғатының, мемлекеттік билік пен оның сәйкес тармақтары механизмінің, жердің, тіл саясатының, сот реформасының, жергілікті өзін-өзі басқарудың принципті проблемалары шешім тапты. Ол біздің елімізде болған оң өзгерістердің көріңілдіктерін тұрақтандырады, нарықтық реформалардың табыспен жүруі үшін, азamatтық келісімді және қоғамдық бәтуаны сақтап және нығайту үшін құқықтық алғышарттар жасайды.

Сондай-ақ, Қазақстанда басталған реформалардың табысты жүруі конституциялық кепілдіктермен ғана қамтамасыз етілмейді. Өздігімізше дамудың барлық кезеңінде ұлтаралық ынтымақ пен саяси тұрақтылықты сақтап қалдық. Бұл оң экономикалық қайта құруға мүмкіндігімізше көбірек назар аударуға мүмкіндік берді.

Қазіргі кезде елде көсіпорындарды жекешелендіру мен акцияландыру көнінен жүріп жатыр. Жыл басынан бері мемлекеттік мүліктерді жекешелендіруден республика бюджетіне 17 миллиард теңге қаржы түскенін айтсақ та жеткілікті. Өнеркәсіптің 90 пайызы, курделі құрылыштың 60 пайызы, көліктің 30 пайызы жекешелендірілді. Нарықтық экономика мен қабылданған барлық халықаралық стандарттарға сәйкес келетін заңдылық негіз құру жөнінде түбекейлі, жан-жақты ойластырылған жұмыс жүргізіліп жатыр.

Макроэкономикалық тұрақтылық бойынша шараларды жүзеге асырумен бірге, біз мықты жекеменшіктік сектор құруға да, нарықтық инфрақұрылымды дамытуға және тиімді де екіжақты пайдалы сыртқы экономикалық ынтымақтастыққа да үлкен назар аударамыз.

Шет ел капиталын тартуға үлкен маңыз береміз. Көсіпорындарды бірлесіп басқаруға беру немесе республика экономикасына мол капитал салу шартымен көсіпорындарды шетел фирмаларына сату да қолданылып отыр. Соңғы бір жарым жылда басқаруға 30-дай көсіпорын берілсе, бір жылда 1,5 миллиард доллар түсті.

Елде сыртқы саудаға еркіндік беру жүзеге асырылуда, экспорт пен импортқа бөгет болған кедергілер жойылуда. Айтальық, бұрын орын алған эк-

спорттық өнімдердің барлық түріне шектеу жойылды, лицензияланатын тауарлар тізімі айтарлықтай қысқартылды. Өнімдердің негізгі түрлерін экспортқа шығаруда мемлекеттік сыртқы сауда бірлестіктерінің монополиясы толық жойылды. Кез келген кәсіпорын өзі шығарған өнімдерді сыртқа шығаруға құқылыш. Соның нәтижесінде жыл басынан бері экспорт көлемі 35 пайызға, ал импорт 27 пайызға артты, сыртқы сауда балансында оң сальдо сегіз айда, бір жарым миллиард АҚШ долларынан асып отыр.

... Экономикалық саладағы реформалар өз нәтижелерін де бере бастады. Мысал үшін, бірінші жартыжылдықта өнеркәсіптік өндірістің құлдырауын тоқтатып қана қоймай, сонымен бірге есімге де қол жетті. Мұнай өндіру, мұнай өндеу, ағаш, ағаш өндеу, целлюлоза-қағаз және тамақ өнеркәсібі сијакты салаларды, сондай-ақ түсті металлургияда шығарылған өнімнің көлемі үш пайыздан 28 пайызға дейін артты.

Ауылға мемлекет тарапынан көмек ауылшаруашылық өнімдерінің саудасын еріктендіру, нарықтық қатынастарды дамыту – осының бәрі ауыл экономикасы да жоғары көтерілу алдында түр деп тұжырымдауға негіз болады.

Инфляция ауыздықталды, ұлттық валюта – теңге айтарлықтай нығайды. Мұның өзі бізге, үкіметтің үш жылдық индикативтік жоспары негізінде. 1998 жылы инфляция дәрежесі 10 пайызға да жетпейді, ал 2000-жылы жылына үш пен бес пайыз деңгейінде болады деп қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Бағалы қағаздаррынды да белсенді түрде қалыптастып келеді. Жаңа бағытта тұрақты жақпен тауарлар шығару қолға алынды.

Орташа атаулы еңбекақы өткен айда 7210 теңге болды, бұл 100 АҚШ долларынан асады.

Әрине, экономикадағы дағдарысты жағдайдан өттік деу өлі ерте, бірақ оң үрдістің барлығы айқын.

Қазақстанның сыртқы саясатына келсек, ол үшін ТМД елдерімен тығыз өзара қарым-қатынастың айтарлықтай маңызы бар. Олармен біз ТМД-ға қатысуыш елдермен интеграцияны терендету бағытын жүйелі жүргізіп келеміз. Достастықтың негізгі принциптерін іс жүзіне асыруға қажет деген пікірді қатаң ұстанамыз. Мениң пікірімше, өткен жол бұл принциптердің дұрыстығын және өміршендейтін көрсетті, ТМД-ның құрылудың кеңестік дәүірден кейінгі егеменді мемлекеттердің дамуының занды, объективті қажетті процесі болғанын дәлелдеді.

Үстіміздегі жылдың наурызында Беларусь, Қазақстан, Қырғызстан және Ресей Экономикалық және мәдени саладағы интеграцияны терендету туралы шартқа қол қойды, ол менің айтуюммен "4+Н" шарты деген атқа ие болды. Бұл құжаттың ерекшелігі, бәліп айтқанда, ұжымдық органның болуында, оның шешімдері кейбір жағдайда қатысуышы тараптар үшін міндетті сипат алады. Келісім оған қатысуышлардың теңқұқықтық және өзара

тиімділік, аумақтық тұтастық және бір-бірінің ішкі ісіне араласпаушылық принциптерін қатаң сақтауға негізделгені принципті түрде маңызды факт болып табылады. Біздің мемлекеттеріміздің арасында Кеденендік одақ құрылуы да маңызды өзара тиімді құбылыс болды.

Бұл альянсты ешқашан да оқшаулану түрғысынан қарауға болмайтынын ерекше атап айтқым келеді. Бұл шарт Достастық елдерінің барлығына, шарттың мақсаты мен принциптерін қолдайтын басқа да мемлекеттерге ашиқ.

Қыргызстан және Өзбекстанмен біздің барынша тығыз қарым-қатынасымыз қалыптасып отыр. Олармен Кіндік Азияда бірегей экономикалық кеңістік құру туралы шарт жасастық. 2000-жылға дейінгі экономикалық өзара қарым-қатынастың кең бағдарламасы белсенді түрде іске асырылып жатса, 50-ден аса бірлескен болашағы үлкен жобалар жүзеге асырылуда. Кіндік Азия мемлекеттерінің жан-жақты ынтымақтастығының өнегесі басқалардың назарын аударуда: Ресей мен Тәжікстан бақылаушылар ретінде, Қазақстанның, Қыргызстанның және Өзбекстанның Мемлекетаралық Қенесіне кіру жөнінде өтініш білдірді. Бұл өтініш өткен айдың аяғында қанағаттандырылды. Өзіrbайжан да, менің ойымша, бұл Шартқа назар аударуына болар еді.

Кіндік Азия елдері үшін және жалпы Орталық Шығыс аймағы үшін Трансазиялық магистраль деп аталатын темір жолдың ирандық және түркімендік бөліктерін қосу ерекше маңызды оқиға болып табылады. Ол бүкіл құрлық өн бойына өтеді. Менің ойымша, ол біздің екі еліміз де мүше болып табылатын Экономикалық Ынтымақ үйімінің (ЭҮ) дамуына жаңа бір қозғау салады.

Қазіргі уақытта Қазақстан темір жол байланысын Еуропамен Ресей арқылы, Азия – Тынық мұхит аймағымен Қытай арқылы жүргізеді. Бұған қоса Трансазия темір жолы Түркияның орта теңіздік айлақтарына және Парсы шығанағындағы Иран айлақтарына жол ашады. Осыған байланысты Қазақстан Қара теңізге шығатын сыртқы "Кавказ коридорын" пайдалануға барынша мүдделі. Ол жүк тасымалдаудың, оның ішінде мұнай тасымалдауға баламалы және пайдалырақ нұсқа болуы мүмкін. Біз ашылып отырған мүмкіндікті зерттеудеміз және Қара теңіз Экономикалық ынтымағы үйімінің (ҚЭҮ) кірмек ойдамыз.

Ислам конференциясы үйімінің және Ислам Даму банкіне кіру Қазақстанға араб дүниесімен қатынастарын кең негізге қоюға мүмкіндік береді. Олардың отаршылдықтан кейінгі дәуірдегі дамуда үлкен тәжірибесі бар және аса мол инвестициялық та мүмкіндігі бар.

Әрине, өз елінді тұрақтылық, қауіпсіздік және бейбітшілік ахуалы қоршал тұрған кезде ғана, оның сыртқы саясаттық қызметі қолайлы халықаралық жағдайда жүзеге асып жатқанда ғана болашаққа бағдарланған экономикалық жоспарды жасауға болады. Сіздерге айтуға тиістімін: Қазақстан тәуелсіздігінің алғашқы күнінен бастап, Қенестер Одағы қалдырған ядро-

лық мұрасының бір бөлігіне ие болғандықтан да, әлемдік саясаттың үлкен аймағына кіріп, ядролық клуб елдері тарапынан айтарлықтай қысымға душар болды. Сіздердің естерінізде болар, кеңестік басшылықтың қысымына қарамай, біз Семей полигонын жаптық. Біз бұл қысымға төтеп бердік және ядролық ракеталардан бас тарту мемлекетіміздің қауіпсіздігіне әсіре державалар тарапынан ресми кепілдік беруімен ұштастырылуына қол жеткіздік.

Бұл жерде жүректілік көрсетумен қатар, айқындылық және байыптылық та көрсетілді. Меніңше, Батыста біздің шын бейбітшілік сүйгіш ниетімізді, тең құқықты ынтымақтастыққа әзірлігімізді, өз мұддемізді қорғаудағы қайсарлығымызды лайықты бағалады деп ойлаймын. Ядролық қарудан бас тартуды Қазақстанның қауіпсіздігіне кепілдік берумен үйлестірдік. Мұндай кепілдікті бізге АКПІ, Ұлыбритания, Ресей Федерациясы, Франция және Қытай Халық Республикасы берді. Тиісті шарт бойынша Қазақстан – Қытай шекарасы туралы мәселені реттеу сыртқы саясаттағы үлкен оқиға болды. Биылғы жылғы сәуірде Шанхай қаласында Қазақстан, Қырғызстан, Ресей, Тәжікстан және Қытай басшылары шекара аудандарында әскери саладағы сенім шаралары туралы ерекше шартқа қол қойды.

Осылайша, біздің мемлекетімізге бүкіл шекарамыз бойынша қауіпсіздік аймағын жасауға мүмкіндік туды. Тұрақтылықты одан әрі нығайта түсуге үмтүлған Қазақстан, енді ауқымды геосаяси кеңістікте тұрақтылықты қамтамасыз ету мақсатында, Азияда өзара іс-қимыл және сенім шарапалары жөнінде кеңес (АӨСШК) шақыруда бастамашы болып отыр. Қазір АӨСШК-ні шақыруға байланысты Арнаулы жұмыс тобы жұмысқа кіріспін отыр, оның құрамында 20-дан астам азиялық мемлекет бар. Бұл процесс ақыр соңында табыспен қорытындыланады деп есептейміз және, сөйтіп Азияда да, Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйым сияқты (ЕҚЫҰ) құрылым пайда болады.

... Қазіргі шиеленістер XX ғасырдың соңындағы нағыз жүқпалы ауруға айналды. Қөпұлтты мемлекет болғандықтан да Қазақстан оның тарауына жол бермеуге және оны тудыратын себептерді жоюға барынша мұдделі.

ЕҚЫҰ-ның адам және ұлттық азшылық құқы саласындағы принциптері мен нормаларын барынша ұстану егемендікті және аумактық тұтастықты құрметтеу, бір-бірінің ішкі ісіне араласпау барлық мемлекетаралық қатынастардың негізінде жатуға тиіс деп есептейміз.

Қазақстан, сондай-ақ халықаралық іске БҰҰ рөлін нығайтуды барынша қолдайды, бұл үйымды ғаламдық тұрақтылықты сақтаудың басты құралы деп есептейді.

Осында бауырлас Әзіrbайжан жерінде, мен қатысуышы тараптардың бір-біріне деген жарасынды бетбұрыстың қорытындысында болатын шешім негізінде Қарабақ проблемасының мейлінше тез арада шешілуін тілеймін.

Сөзімді аяқтай келіп, Әзіrbайжан халқына бейбітшілік пен бақыт тілеймін. Құдайдың рахымы жауған жерлерініз гүлдене берсін дегім келеді.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ
Н. Ә. НАЗАРБАЕВТЫң МӘЛІМДЕМЕСІ***

Алматы, 30 қыркүйек 1996 жыл

Қазақстанда ядролық сынақтарға жан-жақты түгел қамтитын тыйым салу туралы шартқа қол қоюдың басталуы зор қанағатпен қабыл алынды.

Бұдан бес жыл бұрын Қазақстан адамзат тарихындағы ең қауіпті қаруға тыйым салып, тарихи таңдау жасады. Сейтіп дүние жүзінде тұнғыш рет мемлекет басшысының шешімімен бұған дейін жұмыс істеп келген Семей ядролық сынақ полигоны жабылды.

Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа қатысушы бола отырып, Қазақстан тиісті халықаралық міндеттемелерін қатаң орындауда және халықты қырып-жоятын қарудың басқа да түрлерін таратпау саясатын дәйектілікпен жүргізіп келеді. Таяуда Қазақстан аумағында ядролық ракеталардың соңғы ұшыру қондырғылары жойылды. Осылайша, біздің елімізде бұдан былай ядролық қару атымен жоқ. Оның жиынтық өлеуеті өзінің қуаты жөнінен планетада төртінші орында болатын.

Қазақстан халқы ядролық қарудың қаншалықты жойқын талқандаушы құшке ие екенін өз басынан толық өткерді. Жұздеген ядролық жарылыстардың біздің халқымыздың денесіне салған жарасын өтпелі кезеңің қыын жағдайы жазып жатыр, бұрынғы Семей сынақ полигонының инфрақұрылымы жойылуда.

42 жылға созылған ядролық қару сынаудың, оның ішінде атмосферада және жер астында сынаудың салдарынан Қазақстан қазір олардың зардалттарын басынан кешіруде. Жұздеген мың адамдар жарымжан, аурулы болып қалды, жер әбден уланды.

Қазақстан Республикасы адам деңсаулұғы мен айналадағы орта үшін ядролық сынақтың зардалттарын толықтай жою ісінде халықаралық қоғамдастықтың көмегіне үміт артады. Біз ядролық сынақтардың құрбандарын сауықтыру үшін ең алдымен барлық ядролық державалар жауапкершілікті өз мойнына алуға тиіс деп санаймыз.

* "Егемен Қазақстан" газеті, 1 қазан 1996 жыл.

Ядролық сынақтарға жан-жақты түгел қамтитын тыйым салу туралы шарт соңғы жылдардағы халықаралық аренадағы оң өзгерістердің нәтижесіне айналды. Қазақстан шартқа жету жолында көптеген мемлекеттердің атқарған орасан зор жұмысын лайықты бағалайды. Біздің ғасырымыздың аса ірі келісімдерінің бірі болып табылатын осы шартты өзірлеуге біздің еліміздің де өз үлесін қосқанын қанағатпен атап өтеміз.

Ядролық қару қайтадан адамдарды қырып-жойып, табиғатты талқандаудың құралына қандай жағдайда да айналмауға тиіс. Ядролық қару сынағын тоқтату – бұл ядролық қаруға ие мемлекеттердің ең асқақ ізгілікті миссиясы.

ЗАЯВЛЕНИЕ ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН Н. А. НАЗАРБАЕВА*

Алматы, 30 сентября 1996 года

В Казахстане с большим удовлетворением воспринято открытие для подписания Договора о всеобъемлющем запрещении ядерных испытаний.

Пять лет назад Казахстан сделал исторический выбор, положив конец испытаниям самого опасного оружия в истории человечества. Тем самым впервые в мире решением Главы государства был закрыт действующий Семипалатинский ядерный испытательный полигон.

Будучи участником Договора о нераспространении ядерного оружия, Казахстан строго выполняет соответствующие международные обязательства и последовательно осуществляет политику нераспространения других видов оружия массового уничтожения. Недавно были ликвидированы последние пусковые установки ядерных ракет на территории Казахстана. Таким образом, в нашей стране более не существует ядерного оружия, суммарный потенциал которого по своей мощи был четвертым на планете.

Народ Казахстана сполна ощутил на себе, какой огромной силой обладает ядерное оружие. В трудных условиях переходного периода залечиваются раны, нанесенные нашему народу сотнями ядерных взрывов. Ликвидируется инфраструктура бывшего Семипалатинского испытательного полигона.

В результате 42-летних испытаний ядерного оружия, в т. ч. в атмосфере и под землей, Казахстан испытывает и сейчас их последствия. Остались сотни тысяч калек, больных, зараженная земля.

Республика Казахстан рассчитывает на помощь международного сообщества в деле полного устранения последствий ядерных испытаний для здоровья людей и окружающей среды. Мы считаем, что особую ответственность за реабилитацию жертв ядерных испытаний должны взять на себя прежде всего ядерные державы.

* Газета "Казахстанская правда", 1 октября 1996 года.

Договор о всеобъемлющем запрещении ядерных испытаний явился следствием позитивных перемен на международной арене в последние годы. Казахстан воздает должное внимание огромной работе, проделанной многими государствами на пути к договору. Мы с удовлетворением отмечаем, что и наша страна внесла свой вклад в подготовку этого одного из крупнейших соглашений нынешнего столетия.

Ядерное оружие ни в коем случае не должно вновь стать средством уничтожения людей и природы. Прекращение испытаний ядерного оружия – это в высшей степени благородная миссия государств, обладающих ядерным оружием.

**ПРИВЕТСТВИЕ
ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН Н. А. НАЗАРБАЕВА
ПРЕДСЕДАТЕЛЮ КНР ЦЗЯН ЦЗЭМИНЮ***

Алматы, 2 сентября 1996 года

От имени народа Казахстана и от себя лично сердечно поздравляю Вас и китайский народ по случаю национального праздника – Дня образования Китайской Народной Республики.

Народ Казахстана с огромным интересом и восхищением наблюдает за успешным и поступательным ходом социально-экономических реформ в Китае.

Положительные итоги вашего первого визита в нашу страну, подчеркивается в телеграмме, позволяют с уверенностью сказать, что принятые нами решения послужат делу укрепления международного и регионального мира и стабильности, дальнейшему углублению дружественных и добрососедских связей между двумя странами. Сложившиеся между нашими государствами отношения дружбы и доверия свидетельствуют об искренних чувствах и симпатии и уважения казахстанского и китайского народов.

Я желаю КНР могущества и процветания, а Вам – крепкого здоровья и счастья.

* Газета "Казахстанская правда", 2 сентября 1996 года.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ Н. Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ЖОЛДАУЫ*

Алматы, 7 қазан 1996 жыл

ЕЛДЕГІ ЖАҒДАЙ ЖӘНЕ ІШКІ, СЫРТҚЫ САЯСАТТЫҢ 1997 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ ТУРАЛЫ

KІРІСПЕ

Қазақстан мемлекеттік тәуелсіздік алғаннан бергі бесінші жыл да аяқталып келеді.

Тарих ауқымынан алғанда, бұл – қас-қағым сәт, уақыт жиынтығы ғана, ал мұндай уақыттың ішінде, әлбетте, мемлекеттік дамудың сапалық жағынан жаңа үлгісін қалыптастыру біршама қыын. Тегінде, баяулық қоғамдық процестер табиғатының өзіне тән, өйткені саяси және экономикалық құрылыштың, қоғамдық құндылықтардың, өмірлік мұраттардың алмасуы ондаған жылдарға созылады.

Алайда осынау бес жыл бұрынғы бірқалыпты тіршіліктің талай жылдарағына татитын оқиғаларды бойына жинақтаған уақыт болды.

Бұрын-соңды болып көрмеген даму серпіні, бағыт-бағдардың күрт алмасуы, еліміздегі істің жай-куйін бағамдау жағынан алғанда, қоғамда кейде екі үдайылыққа ойысатын кең пікір туғызды. Ең алдымен, еліміз бастан кешіріп отырған ұзаққа созылған экономикалық дағдарыс, халықтың кептеген топтарының тұрмыс деңгейі мен жағдайының нашарлауы, іргелі нәтижелердің жоқтығы, содан туған түнілүшілік осындай келеңсіз баға беруге себепші болған еді.

Жағымды баға беру жағына келетін болсақ, мұндай баға аз, дегенмен бұл баға бір сәттік көңіл-куйге емес, көрісінше, өзгерістердің қисының түсінуге, өзімізге берілген, өлшеулі уақыттың ішінде қол жеткен нәтижелерді салыстыруға, реформалардың дәл осындай жолынан өткен өзге елдердің тәжірибелесін таразылауға негізделген.

Еліміздің бүгінгі жағдайының соңғы жылдары қабылданған саяси немесе экономикалық шешімдердің нәтижесімен тіпті де өлшенбейтінін ескеруіміз керек.

Қалыптасқан ахуал – қоғамдық жүйенің күйреуінің, КСРО-ның ыдырауының салдары, мемлекетті қалыптастыруға қатысты бұдан кейінгі барлық оқиғалардың, жаңа мемлекеттік саясатты жүзеге асырудың қорытындысы.

*"Егемен Қазақстан" газеті, 8 қазан 1996 жыл.

Сондықтан да бүгінгі болмыс шындығына осы заманғы тарихтың айнасы арқылы қарau қажет, ал оның дамуының өз қисыны бар.

Нақ солай, бір жылдың шеңберімен шектеліп, ұзақ мерзімді және орта мерзімді келешекке көз салмайынша, 1997 жылғы міндеттерді де түсіну қын. Әрбір кезекті жыл – бар болғаны еліміздің ұзақ мерзімді саясатын іске асырудың қысқа кезең ғана. Дамудың мәні мен дәйектілігін терең пайымдал, оны дұрыс қалыптастырыған жағдайда, ағымдағы міндеттер де жетерліктең үшіншікты бола түседі.

Осыған байланысты 1997 жылға арналған саясат та, бір жағынан, өткеннің белгілері мен бейімдіктерін бойында сақтай отырып, екінші жағынан, болашақтағы саясатты іске асырудың алғашқы қадам болады. Уақыт ұштастығы да, олардың сабактастығы да, даму дәнегінің өзі де, міне, осында жатыр.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабына сәйкес халқынызға Елдегі жағдай мен ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағыттары туралы жолдау арнай отырып, мен, Президент ретінде қоғамда қалыптасқан ахуалға, алдағы уақытта әрі, ең алдымен, келесі 1997 жылы шешуіміз қажет басты міндеттерге өз көзқарасымды баяндап отырмын.

Бұл көзқарас менің мемлекетті басқарудағы іс тәжірибемнен, сенім-нанымынан және қалыптасқан дүниетанымынан әрі мемлекет басшысы ретіндең қолымдағы ақпараттан қалыптасып отыр.

Бұл – әлемнің көптеген елдерінің даму тәжірибесін, олардың тарихын зерделеуімнің, әлемдегі ортақ процестердің мәні мен серпінін өзімше пайымдауымын, жемісі.

Бұл – сонымен қатар еліміздің өзім жи болып тұратын барлық аймақтарындағы нақтылы ахуалды мұқият зерделеуімнің де нәтижесі.

Әрине, бүгінгі және ертеңгі күнді парықтауым үшін менің елімізде, сондай-ақ шетелдерде саяси қайраткерлерден бастап, қатардағы азаматтарға дейін жеке кездесуімнің зор маңызы болғанын және болып отырғанын айтуым керек.

Жолдаумен танысқандардың берінің бірдей оның қағидаларымен толығымен келісе бермеуі де мүмкін. Елдің қалыптасуы, әлемдік процестердің дамуы тұрғысынан алғандағы маңызды дүние кейбір адамға онша мәнді көрінбеуі де немесе екінші кезектегі мәселе ретінде ғана көрінүі ықтимал. Мұның өзі – түсінікті әрі әбден табиғи нәрсе.

Алайда әрбір парасатты азаматтың өзінің Жолдауға берген бағасының қандай екеніне қарамастан, өз айқындағасын мемлекет басшысының айқындағасымен салыстыра келіп, елдегі алдағы болатын өзгерістердің ортасынан өз орнын анықтап алғаны абзал болар еді. Мұны адамның жеке өзінің, тіпті қара басының кәдімгі пендешілік мұддесін көздей отырып ес-кергені жөн, өйткені қоғамның жылжу бағытын дұрыс аңдай отырып, жеке өзінің бағдарынды, әуелгі қажет ісінді анықтап алу оңай.

Ал мемлекеттік қызметте жүрген адамдарға осы Жолдау оның бағдаршасы, өз жұмысында алдағы уақытта басшылыққа алар ақылшысы болуға тиіс.

Саясаттың бір жыл ішіндегі бүкіл аясын тұжырымдау мемлекеттік бюджетten өзінің сомдалған көрінісін табады десем, мені түсінеді деп ойлаймын.

Осыған байланысты келесі жылдың бюджеті, сонымен қатар өткеннің белгілі бір себеп-салдары мен бейімділіктерін бейнелейтін әрі келелі саясатты іске асыруымыз үшін алдағы уақытта қолданар шараларымызды айғақтайтын болады. Бюджетте, сонымен бірге, осы Жолдауда баяндалған даму басымдылықтарын іске асыру қарастырылуға тиіс.

Үкімет пен Парламент үшін бұлар келесі жылдың бюджетін өзірлеп, бекіткен әрі басқа да зандар мен нормативтік актілерді қабылдаған кезде тіке-лей саяси нұсқау болуға тиіс.

I БӨЛІМ

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖОЛЫНДАҒЫ БЕС ЖЫЛ

ҚАЗАҚСТАН – ӘЛЕМДІК ҚОҒАМДАСТЫҚТЫҢ ТОЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫ МУШЕСІ

Өткен бес жылдағы, әсіресе оның бастапқы кезеңіндегі сыртқы саясат мемлекеттердің тоталитарлық жүйеден кейінгі дамуының объективті факторларының ықпалымен қалыптасты. Халықаралық ауқымда танылмайынша, әлемдік қоғамдастық тарапынан қауіпсіздік, аумақтық тұтастық пен шекаралардың мызғымайтынына кепілдік алмайынша, мемлекеттіліктің қалыптасуы, егемендік, экономикалық реформалар, әлеуметтік саланы дамыту туралы әнгіме қозғау құрғақ сез болып қана қалар еді.

Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде орнықтыру, ішкі проблемаларға жұмылу мүмкіндігін алу үшін әлемдегі өз орнымызды табу, бүкіл әлемдік қоғамдастық таныған ел болу талап етілді.

КСРО-ның ыдырауы, тұтас бір қоғамдық-саяси жүйенің жоқ болып кетуі, ғасырымыздың басты оқиғаларының бірі болғаны рас. Осы құбылыстың салдарынан әлемдік дамудың барысы түбірінен өзгерді, мұның өзі әлі де үзақ уақыт бойы әлемдегі күштердің орналасуы мен халықаралық қатынастардың дамуына ықпал етеді.

Астам державалар бастаған екі жүйенің қасарысқан қарсы тұруының орнына көп рәүішті дүние келді.

Географиялық жағынан алғанда біздің еліміз аса ықпалды үш геосаяси орталықтардың: Ресейдің, Қытайдың және мұсылман әлемінің ортасында тұр. Оған қоса Еуропа мен Азияның түйіскен тұсында орналасқан Қазақстан географиялық жағынан неғұрлым шалғай жатқан орталықтардың да ықпалын сезініп отыр.

Мұның өзі көп жағдайда еліміздің сыртқы саясатының мазмұнын айқындал келді және келешекте де айқындағы беретін болады.

Сонымен қатар мұндай жағдай елімізге шын мәніндегі стратегиялық артықшылықтар береді, оларды іске асыру Қазақстанның дамуына ғана емес, тіпті күллі Еуразия құрлығында онтайлы ахуалдың қалыптасуына жәрдемдесуі мүмкін.

Қазақстанның дербес дамуының бастапқы кезеңіндегі сыртқы саяси қызметінің басты қорытындылары қандай?

Қазақстан БҰҰ-ның толық құқылы мүшесі болды. Бұл фактінің маңызына баға жеткісіз: біз халықаралық құқықтың негіз қалаушы принциптеріне ықыласты екенімізді қуаттап қана қойған жоқпыз, ғаламдағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі негізгі жұмысты өзіне жүктеген осы аса ықпалды халықаралық ұйымның өзіндік бір қорғауына алындық.

Қазақстанның Хельсинки процесіне қосылуы, Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі ұйымның жұмысына қатысуы қауіпсіздік пен сенім шараларының дамыған инфрақұрылымына кірігүе, жас мемлекеттің егемендігін едәуір нығайтуға мүмкіндік берді.

Қазақстанның СШҚ-1 Шарты мен Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа қосылуы әлемдік маңызы бар оқиға болды. Мұның өзі, сайып келгенде, бізге Қазақстанның қауіпсіздігінің кепілдіктерін едәуір қүшайтуге мүмкіндік берді. 1994-1995 жылдардың ішінде барлық ядролық державалар – Ұлыбритания, АҚШ, Ресей, КХР мен Франция Қазақстанға қауіпсіздіктің бірлескен және жан-жақты кепілдіктерін берді.

Көршілерімізben өзара қарым-қатынастарымызды дамытуға айрықша мән бере отырып, Қазақстан ТМД және Орталық Азия одағын құру мен нығайтудың бастамашыларының бірі болды, біздің елдеріміздің интеграциялық әлеуетін, мемлекеттер арасындағы сенім мен достық ахуалының нығаюы үшін дәйекті іс-қимыл жасады.

Беларусь, Қазақстан, Қырғызстан және Ресей арасындағы интеграцияны тереңдету жөніндегі "4 + n" Шартын ерекше атап ету қажет, ол Достастықтың дамуының жаңа кезеңге шыққанын бейнелейді, сол арқылы интеграциялық процестерді сан-салалы тереңдету мүмкіндігін паш етеді. Мұның Еуразиялық одақтың құрылудына серпін берері де күмәнсіз. Еуразия идеясының қарсыластары болып келгеніне және күні бүтінге дейін болып отырғанына қарамастан, әлемдік саяси және экономикалық процестер дамуының объективті бейімділіктеріне орай оның да іске асары сөзсіз.

Ресеймен арадағы қарым-қатынастарда біздің мемлекетіміз тарихи қалыптасқан саналуан байланыстардың бәрін де мүмкіндігінше сақтап қала білді, сондай-ақ Достық, ынтымақтастық және өзара көмек жөнінде тең құқылы шарт жасасып, онда егемендік пен тәуелсіздікті, аумақтық тұтастықты, қазіргі шекаралардың мызғымастығын өзара құрметтеу принципі заң жүзінде дәйектелді.

КХР-мен арада 1994 жылды қол қойылған Қазақстан-Қытай шекараларының ету тұстары туралы мәселелерді реттеу жөніндегі келісімнің Қазақстан үшін маңызы өлшеусіз. Бес мемлекеттің арасында (Қазақстан, Қытай, Ресей, Тәжікстан, Қырғызстан) биылғы жылғы сәуір айында Шанхайдада қол қойылған Шекара ауданындағы әскери саладағы сенім шаралары туралы бұрын-сонды жасалып көрмеген шарт орасан зор географиялық кеңістікте тұрақтылықты нығайту үшін берік алғышарттар жасайды әрі Қазақстанның қауіпсіздігі мүдделеріне қызмет етеді.

Біз Экономикалық Ұйымыңдастық Ұйымының жұмысына қатысувымызға, бізбен достас түркі тілдес елдермен әріптестігімізді дамытуға үлкен мән береміз.

1995 жылдың желтоқсанында Қазақстан Ислам Конференциясы Ұйымының толық құқылы мүшесі болды, мұның өзі, сөз жоқ, экономикалық да-мудың отарлаудан кейінгі аса құнды тәжірибесіне ие болған және ірі инвес-тиациялық мүмкіндіктері бар мұсылман әлемімен біздің өзара қарым-қаты-настарымызды нығайта түседі.

Күллі Азия құрлығында тұрақтылықты нығайтуға үмтүла отырып, Қазақ-стан Азиядағы өзара іс-қимыл мен сенім шаралары туралы кеңес шақыру-дың бастамашысы болды, бұл кеңес әлемнің орасан зор аймағындағы ал-дын ала сақтық жасау дипломатиясының әмбебап институты болуды өз алдына мақсат етіп қояды.

АҚШ-пен, Еуропа мен Азияның жетекші елдерімен қарым-қатынасымыз ойдағыдан дамып келеді.

Осылайша, тарихи өлшемдер бойынша қысқа кезеңнің ішінде күш-жігеріміздің арқасында сыртқы саясаттағы орасан зор тарихи маңызы бар міндет орындалады – біздің шекарамыздың өн бойында берік халықаралық-құқықтық не-гізе сүйенетін қауіпсіздік, тату көршілік және достық белдеуі жасалды.

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасын әлемнің 117 мемлекеті таныды, олардың 105-імен дипломатиялық қатынастар орнатылды. Шетелде Қазақ-станның 26 елшілігі ашылды.

Алматыда шет елдердің 40 елшілігі мен миссиясы, халықаралық және үлттық ұйымдардың 16 әкілдігі жұмыс істейді. Мемлекетаралық және үкімет-аралық 800-ден астам Шарттар мен Келісімдер жасалды.

Қазақстан егеменді және тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасты және әлемдік қоғамдастықтың толық құқықты мүшесі, оның ажырағысыз бөлігі болды деп тұжырым жасауға болады.

МЕМЛЕКЕТТЕЛІКТІ НЫҒАЙТУ – ТҰРАҚТЫЛЫҚ ПЕН ПРОГРЕСТИҢ БАСТЫ ФАКТОРЫ

Бұл кезеңде еліміз үшін мемлекеттік құрылыш мәселелерінің бірінші дәре-желі маңызы болды.

КСРО ыдырағаннан кейін біз мемлекеттілігімізді құруды ескі Конститу-ция мен одақтық заңдардың негізінде бастауға мәжбүр болдық, олар бол-са, бұрынғы жүйенің принциптерін бейнелей отырып, жаңа болмыс шынды-ғына мүлде үйлеспейтін әрі мемлекеттік құрылыштың құқықтық негізі бола алмайтын еді.

Осыған орай онша жетік болмағанмен, дербес заң актілерінің алғашқы буынын қалыптастыру мен егемен Қазақстанның тұнғыш Конституциясын қабылдау жолында ерекше күш-жігер жұмсалды.

Алайда уақыт өте келе, сол кезде іргесі қаланған билік жүйесінің үздіксіз туындал отырған проблемаларға, әсіресе экономика проблемаларына әлінің

келмейтіні айқын біліне бастады. Экономикалық өміріміздің процестеріне жіті үн қатып, басқаруға қабілетті атқарушы өкіметті едәуір күшайте тұсудің объективті қажеттігі пайда болды.

Мұның үстіне мемлекеттік құрылыштың үлгісіне әуел бастан-ақ басқарудың жаңа президенттік нысаны мен бойындағы бұрынғы кінәраттардың баршасын жаңа мемлекетке мұра етіп қалдырыған ескі кеңестер жүйесінің арасында терең және еңсерілмейтін қарама-қайшылық орын алғаны түсінікті бола бастады.

Бұл тек Қазақстанның ғана проблемасы емес еді. Онымен белгілі бір дәрежеде, белгілі бір кезеңде әрқайсысы өзінше шеше отырып, ТМД-ның барлық мемлекеттері ұшырасты.

Оны біз де шештік, алайда бейбіт жолмен – жаңа Конституция қабылдау және Президенттің өкілеттігі мерзімін ұзарту жөніндегі бүкілхалықтық референдумдар еткізу жолымен шештік.

Сөйтіп, елде құшті мемлекеттік өкіметтің тұрлаулы әрі сабактас институты құрылды, мұның өзі құллі ішкі саяси процестерді тұрақтандыруға және күш-жігерді неғұрлым курделі участеклерге – экономикалық реформа мен оны заң жағынан қамтамасыз етуге шоғырландыруға мүмкіндік берді. Соңғы бір жарым жыл таңдал алған бағытымыздың тиімді екенін айқын қуаттап берді. Азаматтық кодекс, жаңа Салық кодексі, жер, мұнай, ипотека, мемлекеттік қызымет туралы заңдар және тағы басқалары – реформаларды сеніммен ілгері бастыруға мүмкіндік беретін іргелі экономикалық заңдардың толық емес тізбесі, міне, осындай.

Бір жылдың ішінде елімізде жаңа Ата Заңның арқасында жаңа мемлекеттіліктің іргелі негіздері қаланды, қоғамдық дамуды реттеп және бағыттап отыруға қабілетті біртұтас мемлекеттік өкімет қалыптасты деп тұжырым жасауға болады.

Қоғамның рухани өміріне, оның әлеуметтік көңіл-күйіне, ұлттық сананың түлеуіне байланысты салаларда да біршама курделі процестер жүріп жатты.

Біздің бәріміз бейбіт өмірдің, тұрлаулық пен тұрақтылықтың қанша-лықты нәзік екенін айқын сезіне отырып, адамдардың жан-жүргегінің этнос-тық астамшылық, жүгенсіздік, тәзімсіздік пен ымырасыздық уытына шалдығуына жол бермедік.

Идеологиялық монополия мен өзгеше ой толғауды тұмшалау тетіктерін серпіп тастау, қоғамдық санаға плюрализм, сөз бостандығы принциптерін сіңіру халықтың саяси және рухани қуатының орасан зор құшпен бұлғының шығуна жағдай жасады.

Өкінішке қарай, бұл процесс алғашқы кездे әрдайым сындарлы арнаға бағытталып отырмады: оны өркениетті жолға салуға қабілетті мемлекеттік және қоғамдық тиісті тетіктер болмаған еді.

Кей-кейде саяси өмір мен ұлтаралық қатынастар салаларында да проблемалар туындал отырды. Бірақ көп ретте қазақстандықтардың байыптылығы мен байсалдылығының, мемлекет тарағынан көрсетілген саяси ерік-жігердің, барлық қоғамдық-саяси күштермен арада білгірлікпен жолға қойылған пікірле-

судің нәтижесінде еліміздө егесуге жол бермей, тепе-тендік пен тұрақтылықты сақтап қала білдік.

Бұл сабактарды жақсылап бойға сініру керек әрі кез келген ілгері дамудың басты шарты мен бастау алар нүктесі саяси және ұлтаралық тұрақтылық екенін есте ұстау керек.

Бұл – іргелі негіздер, оны шайқалту өрекеттерінің алдын алып отыру керек және мұндайға қатаң ескерту жасалуға әрі тыйым салынуға тиіс.

Бүгінгі таңда адамды оның дамуы үшін материалдық қана емес, рухани көтермелеу қай кездегіден де маңызды. Адам өз алдына биік адамгершілік мұраттар қойған кезде жаңа жағдайларға жақсырақ бейімделеді. Біз мәдениетті дамыту, қоғамның рухани ұстындарын нығайту жөніндегі негізгі қамқорлықты мемлекет өз мойнына алуға тиіс деген қағидага сүйенеміз. Адамгершілік арқауы ескі идеологиялық жүйенің күйреуіне, қоғамдық формацияның ауысуының салдарынан құндылықтарды қайта парықтауға байланысты болсаңыған тұста біздің мәдениет органдарының адамдардың бойына асқақ ой-ниет нәрін сініруге, жас үрпақты халықтың, бүкіл әлемдік өркениеттің сан ғасырлық рухани және мәдени мұрасының қазыналарынан суынданғат білуге қабілетті болуының маңызы ерекше зор.

Біз зайдырылған, демократиялық, құқықтық және әлемге ашық мемлекет құрудамыз. Бұл принциптер біздің Конституциямызда баянды етілген.

Мемлекетті діннен бөле отырып, біз конфесиялар мен діни наным бостандығын шектегелі отырған жоқпыз. Діндердің көпшілігіне тән қуатты рухани негіз, ешқашан құның жоймайтын ізгілік қазыналары, нақ сол сияқты конфессиялар арасындағы өзара құрметтеушілік қарым-қатынастар қолдау көрсетуге лайық.

Адамдардың имандылығына, жан саулығына және ақыл-есіне қатерлі діни тайталас оқиғалары, сектанттық уағыз, фанатизм мен төзімсіздік белгілерінің көрініс беруі, заң бұзушылық – осының бәрін де мемлекет үзілдікесінді тыйып тастап отыратын болады.

Бізде саяси плюрализмге де тыйым салынбаған. Әркім өзінің жанына жақын саяси мұраттарды ұстануға ерікті. Республикадағы саяси алуан түрлілік ауқымының өзі де қазір мейлінше кең. Сөз және баспасөз бостандығы, соның ішінде сыйнау құқығы да заң жүзінде бекітілген.

Алайда мұндай бостандық – аумақтық тұтастықты, мемлекеттілік негіздерінің іргесін бұзуға, халық топтары арасында алауыздықты тұтандыруға бағытталуы мүмкін деген сөз емес. Бұл – сондай-ақ баспасөз бостандығын қандай да бір адамға жала жабу, моральдық жағынан қысым жасау мақсатында ешбір жауапсыздықпен пайдалануға болады деген де сөз емес. Мұның бәрі де – мемлекеттіліктің конституциялық негіздеріне, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына қол сұғатын, заң жолымен қудалантын құбылыстар.

Тағы бір маңызды тақырыпқа тоқталайын. Азаматтардың бәрін бірдей өз мемлекетін сыйлауға мәжбүр ету мүмкін емес, алайда көптеген елдерде мұның өзі моральдық, ал кейде зандық та норма болып табылады.

Ал бізде көптеген адамдар әлі күнге дейін мемлекетті бұрынғы, тоталитарлық мемлекет деп түсінеді. Көптеген адамдар бәз-баяыша оны бірден-бір қамқоршысына балап, ескі әдепті бойынша өз проблемалары үшін бар кінені мемлекетке аударады.

Патриотизмнің, мемлекеттіліктің негіздеріне, өз еліне деген құрметтің жоқтығы қоғамның ілгерілеу мүмкіндіктеріне соққы болып тиіп, сайып келгенде, таяқтың екінші ұшы айналып келіп адамның өзін ұратының әрдайым есте ұстау керек.

Бұл мәселелер тіпті де екінші кезектегі мәселелер емес. Патриотизмге, азаматтықта тәрбиелемей, өсіресе жаңа ұрпаққа осындаған тәрбие бермей, қоғамның бұдан әрі дамуының маңызды факторларының бірі – оны топтастыруға қол жеткізу мүмкін емес. Азаматтық келісім негізінде әрдайым мемлекет пен халықтың, мемлекет пен жеке сектордың бірлігі тұрып келді. Нәк осының арқасында көптеген елдер дағдарыс пен жоқшылықты еңсерे білді.

Әлбетте, сенім екіжақты болуға тиіс. Соның ішінде мемлекет тарарапынан сенім көрсетілуге тиіс. Біз осыған қол жеткіздік деп айтуда, өкінішімізге қарай, әзірге болмайды.

Осыған бөгет болып отырған басты нәрсе – азаматтардың алдындағы әрі, ең алдымен, әлеуметтік-экономикалық саладағы өзіміздің тікелей міндеттемелерімізді орындауымыз немесе уақтылы орындауымыз.

Бірақ осындаған жағдайда өзінде бюджет пен бюджеттен тыс қорлардан жалақы мен зейнетакыны уақтылы төлемеу практикасы – мұлде тәзгісіз нәрсе. Адамдардың басым көпшілігі үшін бұл – бүгінгі күннің басты проблемасы. Әлбетте, оны шешу Үкіметтің негізгі басым міндеті болуға тиіс. Мұның өзі – бүгінгі таңда мемлекет саясатының іргелі мәселесі.

ЭКОНОМИКАЛЫҚ РЕФОРМАЛАРДЫҢ БАРЫСЫ

Экономика бүкіл қоғамның назарында тұр, жалпы алғанда, мұның өзі түсінікті де. Адамдардың өмірі, әлеуметтік сала, мемлекеттің өзінің қуаты – осының баршасы экономиканың жәй-күйіне, оның реформалану дәрежесіне байланысты.

Сыртқы және ішкі саяси қызметтің нәтижелерімен салыстырғанда, жұмыстың осы участкесіндегі істің жәйі әзірге неғұрлым осал күйінде қалып отыр. Бірқатар тұтас бағыттар бойынша қол жеткен сындарлы экономикалық көрсеткіштерге қарамастан, азаматтардың көпшілігі әзірге өзгерістердің нәтижелерін нақтылы сезіне алған жоқ.

Осының өзі реформаларға деген жақтырмаушылық сезімін туғызып, мемлекетке деген сенімге нұқсан келтіріп отыр.

Соған қарамастан істің шынайы жағдайын түсіну керек, бүгінгі ахуалдың қалай және неліктен осылайша қалыптасып отырғанын белу қажет. Қөңіл-күйдің жетегінде кетпей, дәл әрі байсалды баға бере білуімізге көп нәрсе байланысты. Ең алдымен, өзіміздің бұдан былайғы экономикалық саясатымызды сарапал жасау осыған байланысты.

Осы жылдардың өн бойында экономикамыз 70-жылдардың басынан бері қарай тиімсіздік қыспағында болып келген бұрынғы экономикалық жүйе туғызған дағдарыстан арыла алған жоқ.

Бұл жаппай дағдарыс еді, оның зардалтарын біз әлі ұзақ уақыт бойы – негізгі капитал ауыспайынша, адамдардың психологиясы өзгермейінше, сезіне беретін боламыз.

Дағдарысты ахуалдың шиеленісуіне Қазақстан экономикасының шикізат беруге ғана мамандануы, оның басқа мемлекеттердің экономикасымен өзара астасып жатуы да салқының тигізді. КСРО-ның ыдырауы, экономикалық оқшауланған аймақтардың құрылуы дәстүрлі тауар өткізу мен сатып алу нарықтарын қайта қарауға мәжбүр етті.

Мұның өзі өндірістің құлдырау процесіне себепші болды.

Біртұтас рубль аймағы жағдайында қаражат-кредит саясатын үйлестіру әрекеттері сәтсіз аяқталды. Мемлекеттердің өз мүддесін көздеуі әрі ақша қаражатының тоқтаусызы эмиссияны инфляцияны ырқына жіберді.

Өндірістің құлдырауы, қаржымен қолдан отырудың бұрынғы арналарының жоқтығы бюджеттің кіріс бөлігін күрт тарылтты. Соның салдарынан мемлекет өз шығыстарын күрт қысқартуды қолға алуға мәжбүр болды, мұның өзі инвестициялық және әлеуметтік салаға едәуір ықпал етті, ал осының бәрі айналып келгенде адамдардың тұрмыс деңгейінің төмендеуіне әрі едәуір төмендеуіне әкеліп тірегенін айту керек.

Реформалар бұрынғы экономиканың барлық кембағал тұстарын ашып берді және сауығу алдындағы сырқатты процестерді тездете тускен жеделдеткішке айналды.

Сол сияқты бойкүйездік пен байыпсыздық орын алды, экономикалық процестердің жалпы жай-күйі мен дағдарыстың тереңдеуіне салқыны тимей қоймайтын қателіктеге жол берілді. Сөйтіп, халықты ауыр тиетін күйзелістен сақтап қалуға деген иғі тілек пен ауыл шаруашылығы өнімдеріне бағаны "тежеу" әрекеті селоны терең дағдарысқа ұшыратты. Осындай жағдай бағаның төмен болуынан, соның ішінде коммуналдық қызмет бағасының төмендігінен залал шеккен энергетика саласында да орын алды.

Соған қарамастан, ахуал біртінде түзеліп келеді. Әділін өздеріңіз айтыңыздар. Жеті жылдан бері тұнғыш рет өндірістің құлдырауы тоқтатылды, тіпті оның біршама өсуіне қол жетті.

Инфляция 1993 жылғы 2200 процент деңгейінен 1995 жылды 60 процентке дейін (1995 жылдың желтоқсанын 1994 жылдың желтоқсанымен салғастырғанда) төмендетілді.

Ал биылғы жылды оның деңгейі шамамен 30 процент болады. Инфляцияның төмендеуі және өндіріс құлдырауының тоқтатылуы басты дағдарыстық құбылыстардың еңсеріле бастағанын білдіреді.

Бүгінгі таңда біз молықкан тұтыну нарығына қол жеткізіп отырмыз, мұндай жағдай реформаларға дейін болған емес. Кезектер қаптап тұратын,

сөрөлөр қаңырап бос жататын 1991 жылды еске алатындар бүгін некен-саяқ. Ал осының бәрін өз көзімізбен көрдік қой.

Реформаға дейінгі кезеңмен салыстырғанда мемлекеттің алтын-валюта резервтері өсті, өзіміздің орнықты ұлттық валютамыз, өтімді валюталық нарығымыз бар.

Тұңғыш рет біз оңды сауда балансына шықтық, тұрлаулы тәмен бюджет тапшылығына қол жеткіздік.

Алғашқы өлеуметтік нәтижелеріміз де бар. 1995 жылдан бастап орташа жалақы мен зейнетақының нақты өсуі басталды. Елімізді тұтас алғанда, соңғы 1,5 жыл ішінде орташа жалақы 3,6 есе, халықтың коммерциялық банктердегі салымдары 3,1 есе өсті.

Қысқасы, экономикалық ахуалда бетбұрыс жасалғаны айқын және ол куллі халық шаруашылығы кешеніне сындарлы серпін беретін болады. Осы ағымның маңызын әсте тәмендегуе болмайды.

Алайда бұл – біздің экономикадағы барлық проблемаларымыз артта қалды деген сөз емес. Өкінішке қарай, олай болмай отыр. Кәсіпорындарды реформалау көпе-көрінеу кейіндеп келеді. Салалық ведомстволар мен жергілікті өкімет орындары осы маңызды міндеттерді шешуге даяр болмай шықты.

Үкіметтің бұрынғы бағдарламасында 1994 жылдың өзінде-ақ алға қойылған мақсат – өлеуметтік объектілерді кәсіпорындардан мемлекетке бери жеткілікті қаражаттың болмауы себепті ұзаққа созылып кетті, ал мұның өзі кәсіпорындардың онсыз да құрделі қаржылық жағдайын мүлде қындарып жіберді.

Төлемсіздік дағдарысы қөптеген кәсіпорындарды ғана емес, тұтас салаларды жансыздандырып, созылмалы әрі жүйелі сипат алып барады.

Экономика секторында шығынмен істейтін кәсіпорындардың 40 проценттінен астамының болу фактісінің өзі мұның жеке құбылыс емес, қалыпты жағдайға айналғанын айғақтаса керек. Кәсіпорындар мен ұйымдарды, коммуналдық саланы қысқы жағдайда жұмыс істеуге қанағаттанғысыз өзірлеу айықпас кемшілігімізге айналды.

Бюджет саясатында да кемшін көп. Бюджеттік болжамдардың сапасы ойлағандағыдан әлдеқайда нашар. Бюджет кірісінің деңгейі мүлде тәмен, салық пен кеден алымдарын, бюджеттен тыс қорларға, ең алдымен Зейнетақы қорына қаражат жинау жөніндегі жұмыстың жолға қойылуы босаң. Қоғамның дерпті проблемасына айналған жұмыссыздықтың өсуі де қатты алаңдатады.

Мұның өзі экономикадағы жағдайдың, соңғы жылдардағы айқын табыстарына қарамастан, әлі әте құрделі күйде екенін және жетерліктең деңгейде тұрақты бола алмай тұрғанын, қөптеген дағдарыстық құбылыстардың еңсерілмей отырғанын білдіреді.

Демек, талдап жасалған бағытымыздан таймай, экономикалық ахуалды сауықтыруға қуатты серпін беруіміз қажет.

II БӨЛІМ

ІШКІ ЖӘНЕ СЫРТҚЫ САЯСАТЫҢ БАҒЫТТАРЫ МЕН БАСЫМДЫҚТАРЫ

МЕМЛЕКЕТТІК-ҚҰҚЫҚТЫҢ ҚҰРЫЛЫС МӘСЕЛЕЛЕРИ

Мемлекеттің негіздерін қалыптастыру аяқталғаннан кейін бізге басқару тетіктерін жолға қою жөнінде тыныдырымды жұмыс істеуге тұра келеді. Бұл тетіктерді іске қосатын дәнекер тек заңдар ғана болуы керек. Олай болмаған жағдайда, демократиялық мемлекеттілік туралы сөз қозғаудың қисыны жоқ.

Қазір мемлекет жаңа Конституцияның негізінде өзінің әлеуметтік мақсат-мұратын тұластай алғанда ойдағыдан орынданап отырғанын айтуымыз керек: бір жағынан, Қазақстан қоғамында әлеуметтік-саяси тұрақтылықты қамтамасыз етуде, екінші жағынан, мемлекеттік-құқықтық реттеу тәсілдерімен бәсекелестік орныққан нарықтық ортаны қалыптастыру үшін, құқықтар мен бостандықтардың кең ауқымына кепілдік беру жолымен, жеке адамның өзін көрсетуге деген ынталылығын туғызатын қажетті жағдайлар жасап отыры.

Әлеуметтік қайшылықтарды еңсерудің, қоғамдық мәмілеге қол жеткізуіндің, мемлекеттік билік тармақтарының өзара үйлесімді іс-қимылдының тетіктері конституциялық деңгейде түзіліп, қызмет істей бастады. Сонымен бірге бұл тетіктер өзінің заң жүзінде баянды етілуін қажет етеді.

Қазақстанның саяси-құқықтық және басқару жүйесінің әлемдік мемлекеттік-құқықтық реттеу әдістерімен үйлесімсіздігін түпкілікті еңсеру керек, өйткені мемлекеттік-құқықтық құрылымдар мен тетіктердің қызмет істеуінің ортақ заңдылықтары бар.

Сонымен бірге тоталитарлық кезеңнен кейін құқықтық мемлекеттің нормаларына көшуді жүзеге асырып жатқан кез келген ел осы кезеңнің ортақ заңдылықтарына қарамастан, құқықтық дамудың Конституцияға негізделген және елдің ішкі ерекшеліктерін ескеретін өзіндік үлгісін жасайды.

Қазақстандағы мемлекеттік-құқықтық құрылыштың перспективалары қазіргі кезеңде шешіліп жатқан әлеуметтік-экономикалық міндеттермен тіке-лей байланысты. Үшінші мынжылдықтың табалдырығында Қазақстан экономиканы түбірінен жаңарту мен қайта құру кезеңіне қадам басады. Сондықтан мемлекеттік-құқықтық тұлғада атқарушы органдарды орталықта және жергілікті жерлерде реформалау, әкімшілік-аумақтық құрылыштың неғұрлым онайлатылған және үтүмді, демек, тиімдірек басқарылатын жүйесін жасау мәселелері айрықша маңызды. Елде инвестициялық белсенділікті күшейтіп, материалдық өндіріс пен инфрақұрылым салаларын одан әрі дәйекті жаңарту үшін оған сәйкес келетін заңдық шарттар жасау керек болады.

Халықты әлеуметтік қорғау шараларына арналған заңдар жалпы Қазақстан заңдарының маңызды бір белгі болып табылады. Патерналистік көзқарастар өткенде қалғанына қарамастан, мемлекеттің әлеуметтік функциясы бұрынғысынша жетекші функция ретінде қала береді. Мұны былай қойғанда, мемлекеттік саясаттың әлеуметтік жақтары, соның ішінде оның заңдық

жақтары неғұрлым жүйелі сипатқа ие болуға тиіс. Конституцияда Қазақстан Республикасы өзін әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады деп тегін-нен-тегін жарияланып отырған жок.

Заң шығару жүйесінде заңдарды көбейте бермей, олардағы қайшылықтарды жою проблемасы көкейкесті күйінде қалып отыр, заңдар үйлесімді әрі Конституцияға сай болуға тиіс. Бұл проблеманы шешу құқықтың барлық салаларын қамтитын барлық заң жүйесін жетілдіре отырып, кешенді әрі жүйелі тұрғыдан келуді керек етеді. Әңгіме елдің заң шығарушы органдының күш-жігерін кодекстер түріндегі кешенді, сарапанған актілер қабылдауға шоғырландыру туралы болып отыр.

Заңдардың болуы ғана маңызды емес. Құқық қолдану практикасында олардың қалай іске асырылып жүргені одан бір де кем емес, бәлкім, бұдан да маңыздырақ болуы мүмкін.

Сондықтан құқықты іске асыру нысандарын жетілдіру қажет.

Тұптеп келгенде, заңдарды іске асырудың ұйымдық-құқықтық тетігін жасау қажет. Ал әзірге заңдардың орындалуы мемлекеттік-құқықтық тетік-тегі неғұрлым осал буын болып қалып отыр. Соның салдарынан құқық қолдану қызметі процесінде заңдылық пен онтайлылықтың қөнілге қона бермейтін арақатынасы қалыптасуда. Мұның әсіресе атқарушы органдарға қатысы бар, өйткені олар басқару практикасының ерекшеліктеріне байланысты заңдылық пен онтайлылықтың арасын үйлестіре алмай өуреленетін болады.

Осыған байланысты әрбір заң актісін іске асырудың нормативті белгіленген тетігі болуы керек. Сондай-ақ заңға тәуелді актілер заңдардың мәні мен мазмұнын жоққа шығармауы үшін қажетті жағдайлар жасау керек.

Заңдар бір орнында тұрып қалуға тиіс емес, ол қоғамның даму ырғағына сәйкес келуі, тез өзгеріп тұратын әлеуметтік-экономикалық ахуалға ілесіп отыруы керек. Бұл міндетті жаңа заң актілерін қабылдау арқылы да, сол сияқты қолданылып жүрген заңдарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу арқылы да шешу қажет. Осыған байланысты Заң шығарушы, атап айтқанда, қолданылып жүрген барлық заңдарды екі жылдың ішінде (яғни 1997 жылдың тамызына дейін) Конституцияға сәйкес көлтіру жөніндегі конституциялық талапты орындауға тиіс.

Қазіргі уақытта сапалық жағынан жаңа заңдар жасалу үстінде, олардың мазмұны азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына кепілдіктерді қүшайте түсуге, құқық бұзушылыққа жол бермеуді ынталандыруға, қылмыс үшін міндетті түрде жаза тартқызу принципінің сақталуын қамтамасыз етуге тиіс.

Қоғамдық қатынастарды реттеудің неғұрлым тиімді тетіктерін қарастыру керек. Бұл орайда заңдардың әуел бастан-ақ қылмысқа қарсы сипатта болуы шарт. Яғни, құқық бұзушылықтың жасалуын тиімсіз ететін құқықтық және экономикалық ахуал жасалуға тиіс.

Қабылдау жоспарланып отырған заңдар үтімды, инфляцияға қарсы сипатта болуы қажет. Біз таза шығындық сипатта болған, ойластырылма-

ған заң шешімдерінің кесірінен мемлекеттің өзі инфляцияның өсуін ынталандырған өткен жылдардың қателіктерін қайталай алмаймыз.

Құқықтық қызмет тек құқық шығару және құқық қолданумен шектеліп қалмайтының үмітуға болмайды. Оның үлкен саяси мәні бар.

Азаматтардың құқықтық хабардарлығы, сауаттылығы деңгейін арттыру, олардың құқықтық мәдениетін өсіру мақсатында кешенді шаралар белгілеу қажет. Жалпыға мәлім, қоғамның құқықтық мәдениетінің деңгейі жоғары болған сайын, халық зандарды жақсырақ білген сайын, зандарды орындау сатысында проблемалар да азырақ болады.

СЫРТҚЫ САЯСАТ БАҒЫТТАРЫ

Қазақстан дүниежүзілік қоғамдастықтың жалпы жүрт таныған тен құқықты мүшесі ретінде орнықкан бүгінгі таңда елдің сыртқы қатынастарының құрылымдарын шетелдік әріптестермен арадағы ынтымақтастықтың жаңа мазмұнымен толықтыру кезеңі туып отыр. Әңгіме, ең алдымен, қолдағы бар уағдаластықтарды толықымен іске асыру жайында болып отыр. Мұның өзі қызметтің осы саласына қатыстылардың баршасынан табандылық пен орнықты іс-қимыл жасауды, тиянақты жұмыс істеуді талап етеді.

Қазақстанның сыртқы саясаты жүргізіліп жатқан экономикалық реформалардың негізінде елдің ырғакты экономикалық дамуын қамтамасыз етуге бағытталуы керек.

Халықаралық аренадағы осы заманғы тенденциялар республика үшін қолайлы бағытта дамып келеді және істін, шын мәнінде, біздің Орталық Азия аймағындағы өзара қарым-қатынасымызды нығайтуға, Қазақстан үшін практикалық ынта-ықылас туғызатын мемлекеттермен, олардың географиялық жағдайына қарамастан, өзара тиімді ынтымақтастықты дамытуға мүмкіндігіміз бар.

Егемендік, аумақтық тұтастық пен шекаралардың мызғымастығы, бірбірінің ішкі істеріне қол сұқпау принциптері негізінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттермен ынтымақтастықты арттыру сыртқы саясаттың басым стратегиялық міндеттерінің бірі болып қала береді.

Бір жағынан, қолайлы сыртқы орта жасау, ұтымды өзара тиімді экономикалық байланыстарды одан әрі дамыту қажеттігі және екінші жағынан, бүкіл дүние жүзінде интеграциялық процестердің күшеюі біздің республикамыз бен Достастықтың басқа да елдері өздерінің тарихи ерекшеліктеріне қарай көпжақты ынтымақтастықты ұлғайтуға тікелей мүдделі болып отырғанын көрсетеді.

Достастық елдерінің өзара іс-қимылы шенберінде қазірдің өзінде Ұжымдық қауіпсіздік тұжырымдамасы бекітілді. ТМД-ның 1996-1997 жылдардағы интеграциялық дамуының перспективалық жоспары мақұлданды. Кеден, Төлем және Валюта одақтарын қалыптастыру жөніндегі жұмыс жалғасып келеді, қылмысқа қарсы күрестің бірлескен шараларының мемлекетаралық бағдарламасы қабылданды.

Егер сыртқы саясаттың міндеттері туралы айтатын болсақ, ең алдымен, біздің республиканың Ресей Федерациясымен өзара қарым-қатынастарын бөліп атау керек.

Еуразиялық кеңістіктің өдөйір бөлігіндегі саяси және экономикалық тұрақтылықтың объективті алғышарты және аса қуатты факторларының бірі бола отырып, Қазақстан – Ресей қарым-қатынастары ғаламдық тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге сүбелі үлес қосып отырғаны сезсіз.

Ресейде өткен сайлау, тұтас алғанда, үміт күттірерлік нәтижелер әкелді: Ресей қоғамының демократия мен түбекейлі реформалар бағытын сақтап қалуға деген бағдары қуатталды.

Сондықтан Қазақстан үшін келелі маңызы бар тең құқықтық принциптерінің сақталуы сияқты элементтерді қоса алғанда, достық пен ынтымақтастықтың ұзақ мерзімдік қарым-қатынастарын қамтамасыз ету бұрынғысынша Ресей Федерациясымен өзара ынтымақтастықтың басты мақсаты болып қала береді.

Орталық Азия мемлекеттерімен: ең алдымен, Өзбекстанмен және Қыргызстанмен – ынтымақтастықты қарқынды дамыту мен одан әрі кеңейтудің біз үшін аймақтық деңгейде стратегиялық маңызы бар. Әңгіме олардың экономикасындағы өзара іс-кимыл, отын-энергетика және су ресурстарын пайдалану саласында, құрлықтық сипаттағы газ құбырлары, көлік магистральдары мен коммуникациялар құрылыштарын салу мен пайдалануда келісілген саясат жүргізу туралы болып отыр.

Қазақстан екіжақты қарым-қатынастарда ұдайы жаңа түйісу нұктелерін іздестіруге, біздің елдеріміздің арасындағы тұрақты қарым-қатынастарды нығайтуға және дамытуға тиіс.

Қазіргі кезде біздің елдеріміздің Орталық Азия аймағында тұрақтылық пен бейбітшілікті сақтау жөніндегі күш-жігерінің ерекше маңызы бар. Ауғанстандағы соңғы оқиғалардың осы елдегі ғана емес, сонымен қатар тұтас аймақтағы жағдайды тұрақсыздандыруы, ТМД-ның оңтүстік шептерінің қауіпсіздігіне ықпал етуі мүмкін екеніне байланысты мұның маңызы арта түседі. Ауғанстандағы ахуалдың шиеленісіні дерлеу Қазақстан, Қыргызстан, Ресей, Өзбекстан мен Тәжікстан мемлекеттері басшыларының кездесуін өткізу қажеттігін туғызды, бұл кездесу күні кеше Алматыда өткізілді. Салиқалы пікір алмасу арқылы біз Ауғанстанды біртұтас достас ел ретінде сақтап қалудың маңызы, ішкі ауған проблемаларын тек саяси құралдармен шешу көректігі жөніндегі тұжырымға келдік.

Біздің аймақтық саясатымыз тек осы айқындаға сүйенетін және сүйене беретін болады.

Алыс шетелдердің ішінде АҚШ біздің аса маңызды әріптестеріміздің бірі болып қала береді. Бастапқыда біздің мемлекеттеріміздің арасындағы байланыстар ядролық фактордың ықпалымен қалыптасты. Алайда қазір қарым-қатынастардың жаңа негізін қалыптастыруды талап ететін кезең тұа бастады. Іс жүзінде Қазақстан, көп жағынан алғанда, бүгін Құрама Штаттармен әріптестік деңгейіне шықты. Қазірдің өзінде сауда-экономикалық қарым-

қатынас аясында бірсыпты шарттар мен келісімдерге, атап айтқанда, Сауда келісіміне қол қойылды, соған сәйкес біздің республикамыз АҚШ-пен саудада барынша қолайлылық берілген ел мәртебесіне ие болып отыр. Бұдан басқа, біз Преференциялар бас жүйесінің желісі бойынша жөнделдіктерді пайдаланамыз. Екіжақты қарым-қатынастарды дамыту серпінін сақтай отырып, оларды нақты мазмұнмен толықтыру қажет.

Қазақстанның сыртқы саясатының тенденстірлген сипаттын еске алсақ, оның европалық бағытының елеулі маңызы бар.

Ұзақ мерзімді перспективада біз үшін Еуропалық одақ стратегиялық тұрғыдан ықылас туғызып отыр, соңғы уақытта онымен арадағы қарым-қатынас тиісті серпін мен практикалық бағыт ала бастады.

Биылғы жылды Қазақстан-ЕО бірлескен комитеттің құрылуы үміт күттіреді, өйткені ол біздің сыртқы саясатымыздың осы бағыттағы пәрменді құралына айналуы мүмкін. Сонымен бірге ЕО елдерімен сауда-экономикалық ынтымақтастықты елеулі түрде арттыруға көбірек ден қоя бастау керек.

Әлемдегі айтулылар санатына заңды түрде енетін Германияның экономикалық әлеуеті, Қазақстанда едәуір неміс диаспорасының болуы, республиканың герман капиталының келіп түсүне мүдделілігі – осының бәрі біздің екіжақты экономикалық байланыстарды ұлғайтуға ықыласты етеді.

Франциямен және Ұлыбританиямен қарым-қатынастардың дамуы жүйелі арнамен жүріп жатыр, бұлар Қазақстанның халықаралық аренадағы, оның ішінде Еуропа мемлекеттері арасындағы жағдайының нығаюына және біздің экономикамыздың өрлеуіне жәрдемін тигізетін даусыз.

Шығыс Еуропа елдерімен қарым-қатынастарды дамытуда да саяси және экономикалық ынтымақтастықтың үлкен әлеуеті бар.

Қазақстан-Қытай қарым-қатынастары сапалық жаңа деңгейге шықты, бұларды дамытуға екі мемлекет басшыларының кездесулері, бірсыпты екіжақты келісімдерге қол қойылуы үлкен үлес болып қосылды. ҚХР Төрағасы Цзян Цзэміннің таяуда Алматыға жасалған бірінші ресми сапары өзара тығыз іс-қимыл мен әріптестік деңгейіне жеткізілген бұдан былайтын ынтымақтастық сипатына ұзақ мерзімді ықпалын тигізеді. ҚХР-мен арадағы досың қарым-қатынастарды терендету біздің республикамыздың ұзақ мерзімді мүдделеріне сай келеді.

Сол сияқты Жапониямен және Корей Республикасымен екіжақты байланыстар да қарқынды дамып келеді. Бүгінгі таңда Жапония еліміздің ең ірі қаржы донорларының бірі болып табылады. Қазақстан экономикасын жаңартуды жүргізу аясында осы елдерден инвестициялар мен үздік технологиялар алу проблемасы ерекше өзекті болып отыр.

АСЕАН-ға мүше елдермен, ең алдымен Индонезиямен, Малайзиямен және Сингапурмен қарым-қатынастарда оңды ілгерілеушілік байқала бастады. Бұл мемлекеттердің шапшаң өркендеуі мен олардың біршама қысқа мерзімнің ішінде қол жеткен таңданарлық табыстары бүгінгі күннің өзінде-ақ біздің олармен арадағы сауда-экономикалық қарым-қатынастарды көңейту үшін мықты негіз қалауымызға себепші болып отыр.

Таяу және Орта Шығыс елдерімен: ең алдымен, Түркіямен, Иранмен және Сауд Арабиясымен – ынтымақтастықты ұлғайту Қазақстан дипломатиясының маңызды міндепті болып табылады.

Біздің стратегиялық мақсатымыздың бірі араб дүниесімен арадағы қарым-қатынасты ынтымақтастықтың бай өлеуетіне сай келетін деңгейге жеткізу болып табылады. Бұл тұрғыдан алғанда, Қазақстанның Ислам Конференциясы Ұйымына енуіне байланысты мүмкіндіктерді барынша толық пайдаланған жөн.

Осы айтылғандардан жасалатын қорытынды: біздің сыртқы саясатымыз ұдайы көп бағытты сипат алуға, жекелеген басымдықтарды шырлап, тұйықталып қалмауға, икемді, байсалды әрі баянды болуға туіс.

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ МІНДЕТТЕРІ

РЕФОРМАЛARDЫҢ КЕЗЕНДЕРІ МЕНДӘЙЕКТІЛІГІ

Экономикалық саясаттың келешекке, соның ішінде 1997 жылға арналған негізгі бағыттарын айқындаған келіп, Қазақстанда жүргізіліп жатқан реформалардың кезендері мен дәйектілігін анықтап алуудың маңызы зор. Тек осындағанда ғана біз өзіміздің дамудың қандай сатысында тұрғанымызды айқындағап аламыз, ал, ең бастысы, өз күш-жігерімізді негізгі міндептерді шешүге шоғырландыратын, алға қойылған мақсаттарға жету жөніндегі іс-қимылдардың дәйектілігін қамтамасыз ететін боламыз.

Реформаларды жузеге асырудың экономиканы ырықтандыру кезені деп атауға болатын бірінші сатысы 1993 жылдың аяғынан бастап 1994 жылдың ортасына дейін созылды, бұл тұста елде өз ұлттық валютамыз енгізілді және қаржы-кредит саясатының жаңа тұтқаларын игеру басталды. Осы уақытқа дейін біздің республикамыз өздігінен институциялық реформалар жүргізуге ғана мүмкіндік алғып, экономикалық тәуелсіздікке қол жеткізе алмаған еді.

Бірақ ол кезде біз инфляцияның аса жоғары деңгейін, өндірістің құлдырауы мен тұрмыс деңгейінің төмендеуінің анағұрлым ауыр қарқынын бастаң көштік. Инфляцияның өршуі шағын деңгейде мүлде жол беруге болмайтын бүрмаланған мінез-құлдық улгісін туғызып, менеджерлерді қаржы жауапкершілігі мен тәртіп, шығыстар мен өзіндік құнды кеміту туралы қамқорлық жасауға ықыласты ете қойған жоқ. Арзан кредиттер берудің келесіз практикасы бел алды, сондықтан инвестициялық процестер туралы сөз қозғаудың өзі қысынсыз еді. Біз бұл кезде қалай да бір өлеуметтік нәтижелерге қол жеткізу туралы қиялдай да алмаганымыз түсінікті. Мәселенің түйіні ахуалды үстіstan шығарып алмай, оны басқарылатын арнаға қалай бұруға келіп сайды.

Экономикалық дербестік алудың мәселені қабырғасынан қойды: не-ден бастауымыз керек, қай бағытпен жүруіміз керек?

Экономикалық жаңғырулар мен дамудың түпкі мақсаты айқын еді, ол – адамдардың тұрмыстық деңгейін арттыру болатын. Алайда ондай жағдайларда бұған қол жеткізу мүмкін емес еді. Еліміз реформаның бірқатар объективті кезеңдерін жүріп өтуге, шын мәнінде жүріп өтуге тиіс болатын, себебі бұған дейін де одан ешкім де аттап өте алған жоқ еді.

Бірінші кезекте қаржылық тұрақтылықта қол жеткізу, яғни инфляцияны ауыздықтау, экономиканың барлық "қабаттарында", оның ішінде шағын деңгейде де қаржы тәртібі мен жауапкершілікті жолға қою талап етілді. Соның өзінде инфляцияны инвестициялау мен өндіріске кредит беруге, экономиканың әлжуаз секторларын бөліп шығаруға және оларды сегменттеуге кедергі келтірмейтін қөлемге дейін тәмендету қажет болды.

Біздің өлеуеті жағынан өмір сұруға қабілетті, алайда тұралап қалған кәсіпорындарды сауықтыру тетіктері арқылы қалыпты экономикаға қайта-руымыз керек болды.

Ал нарықтың қатаң жағдайында өмір сұруға дәрменсіздері таратылуға және банкрот деп жариялануға тиіс еді.

Түбегейлі реформа мен кәсіпорындарды сауықтыру, олардың қарқынды жекешелендірілуі мен жеке сектордың нығаюы, өлеуметтік объектілерді кәсіпорындардың иелігінен бюджетке беру, қаржы секторын реформалау және төлемсіздік проблемаларын шешу осы кезеңнің өлеулі элементтері болуға тиіс.

Мұндай бағытты ойдағыдай іске асыра білу тұрақты табысы бар қызметкерлердің тұрмыс деңгейін белгілі бір шамада тұрақтандыру, сондай-ақ өндірістің құлдырауын тоқтату түрінде қосалқы тиімділік те береді. Алайда оған, сонымен бірге, жұмыссыздықтың шапшаң өсуі, бюджеттік шығыстар мен өлеуметтік бағдарламалардың қысқаруы да тән.

Осы жұмыс аяқталғаннан кейін, инфляцияның жылдық деңгейі жоқ деңгейде 15-20 процент деңгейіне дейін тәмендеген соң, үшінші, инвестиациялық кезең басталады, онда жағдайы түзелген кәсіпорындар мен банктер инвестиациялар мен кредиттеуге дайын әрі оңтайлы бола түседі, ал инвесторлар кең ауқымды тұрақтылықтың орныққанын көре тұрып, тәуекелге баруға болатынын сезіне отырып, инвестиациялар жасауға, оларды бірінші кезекте неғұрлым тартымды салаларға бөлуге ынғай береді.

Осы кезеңнің қарсаңында инвестиациялар және ең алдымен, шетел инвестиациялары үшін жақсы жағдайлар туғызу, сондай-ақ іскерлік белсенділікті жандандыру маңызды.

Қазақстан үшін іскерлік белсенділікті жандандырудың оңтайлы сәттері жеке және отбасылық кәсіпкерлікти, шағын және орта бизнесі дамытуда, тұрғын үй құрылышын өрістетуде болса керек.

Егер экономика жеткілікті дәрежеде сауықкан болса, макроэкономикалық ахуал барынша тұрақтанып, әрі келешегіне болжам жасайтында күйге жетсе, ал инвестиациялар жеткілікті дәрежеде интенсивті сипат алса, онда

объективті экономикалық зандар мен инвестициялық өлшемдерге сайсак, экономикалық өркендеу кезеңі басталады.

Бұл кезеңде дамудың алдын ала әзірленген жоспарларына сәйкес экономиканы нысаналы жаңартуға кірісудің маңызы айрықша зор. Мұның өзі инвестициялардың тенденстірліген өсіміне қол жеткізу және олардан барыншатиімділік алу мақсаты үшін қажет. Сайып келгенде, экономика сауығып, жақсы экономикалық өсімге жетсек, мұның өзі бірден әлеуметтік нәтижелерге қол жеткізеді: халықтың тұрмыс деңгейі артады, жұмыссыздық кемиді.

Қазақстан экономикасының бүгінгі тандағы жай-күйіне талдау жасау біздің екінші кезеңді – қаржы тұрақтылығы кезеңін аяқтауға тақадық деп айтуымызға мүмкіндік береді.

Жоғарыда айтқанымдай, инфляцияның бетін күрт қайтара білдік.

Теңгенің тұрақтылығы нығайып келеді. Егер 1995 жылдың алғашқы жартысында теңгенің долларға бағамы 28,8 процент төмендеген болса, биылғы жылдың алғашқы жартысында 4,5 процент қана төмендеді. Бұл ыңғай жылдың аяғына дейін сақталатын болады.

Инфляция деңгейінің төмендеуіне сәйкес Ұлттық банктің қайта қаржыландыру ставкасы да кеміп келеді: 1995 жылғы маусымда ол жылдық 75 процент болса, 1995 жылғы желтоқсанда 52,5, қазір 30 процент болып отыр.

Өндірістің құлдырауы тежелді: ішкі жалпы өнім (ІЖӨ) биылғы алғашқы жарты жылда 1995 жылдың алғашқы жарты жылышындағы деңгейіне 100,1 процент, соның ішінде өнеркәсіп өнімі 100,2 процент болды. Салыстыру үшін 1995 жылғы алғашқы жарты жылда ІЖӨ 1994 жылғы алғашқы жарты жылдыққа – 86,2, өнеркәсіп өнімі – 91,4 процент болғанын атап айтқан жөн. Жыл қорытындысы бойынша ІЖӨ, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы өнімінің есіү тиісінше 0,5, 0,5 және 7 процент болады деп күтіліп отыр.

Қысқасы, соңғы жеті жылдың ішінде біз тұңғыш рет өндірістің құлдырауын тоқтатып, аздаған экономикалық есуге қол жеткіздік.

Сол сияқты тұңғыш рет біз бөлшек-сауда тауар айналымын ұлғайтуға да қол жеткіздік, оның есу қарқыны жыл қорытындысы бойынша 109 процент (1995 жылы – 84,9 процент) болады.

Экспорт өнімінің ұлғайғанына екінші жылға айналды: 1995 жылы оның өсімі 154,5 процент болды, биылғы жылы да едәуір ұлғаяды деп күтілуде.

Қолайсыз экономикалық ахуалға қарамастан, халықты, ең алдымен, оның табысы аз жіктері мен белгілі мөлшердегі табысы бар адамдарды әлеуметтік қорғау мен қолдау үшін көп күш-жігер жұмсалды.

Инфляция деңгейін күрт төмендетуге бағытталған таза экономикалық шаралардың нәтижесінде бірінші кезекте бюджеттегілер мен табысы аз адамдардың кірістерін жедел құнсызданудан сақтап қалуға мүмкіндік туды.

1994 жылғы қантарда Президенттің "Зейнеткерлер мен мүгедектер арасындағы жалғызлікті жұмыс істемейтін азаматтарды әлеуметтік қолдау жөніндегі қосымша шаралар туралы" Жарлығы жарияланып, онда тағам өнімдері түрінде тегін жәрдемақы беру көзделді.

1994 жылғы шілдеде келесі Жарлықпен зейнеткерлерді және табысы аз азаматтарды әлеуметтік қорғау жөніндегі аймақтық қайырымдылық қорлары құрылды.

Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 50 жылдығы қарсаңында соғысқа қатысушылар мен мүгедектер және оларға теңестірілген адамдар үшін бірқатар женілдіктер белгіленді.

Азаматтардың бұл санаттарының жинақ банкілеріндегі салымдары индекстелді, мұның өзі олардың инфляциялық шығындарын өтеді. Қындықтарға қарамастан, мемлекет өткен жылдардың зейнетақылар мен бюджет үйімдарындағы жалақы жөніндегі берешекті өтеді. Осы мақсатқа 6 миллиардан аса теңге жұмсалды. Қазір осы мақсатқа қаражат бөлуді ұлғайту үшін мүмкіндіктер іздестіріліп жатыр.

Өткен жылдан бері бюджет үйімдарында жалақыны, сондай-ақ зейнетақыларды қөбейту жөнінде шаралар қолданылды.

Азаматтарды әлеуметтік қорғау жөніндегі күш-жігердің нәтижесінде 1995 жылдан бастап қолға алынған, жоғарыда атап көрсетілгенідей, нақтылы өлшенетін жалақы мен зейнетақылар өсे бастады.

Сөйтіп, реформалардың жоғарыда айтылған екінші кезеңі іс жүзінде аяқталды деп санауга барлық негізіміз бар.

Алайда біз басқа да бірсыныра міндеттерді қажетті көлемде шеше алмадық, бұларды ендігі жерде қысқа мерзімнің ішінде жүзеге асыру керек, олар:

- кәсіпорындар мен экономиканың аса маңызы секторларының реформасын негізінен аяқтау, жекешелендіруді ақырына дейін жеткізу;
- қаржы (банк) секторына реформа жүргізу;
- бюджет кірістеріне байланысты ахуалды ондау және оның шығыс бөлігін ұтымды ету;
- төлемсіздік проблемаларын шешу және әлеуметтік обьектілерді кәсіпорындардан бюджетке беру.

Қаржылық тұрақтандырудың қатаң қыспағында қалған экономикамыздың тұралау процесіне қарай ойыса бастауы да аландаушылық туғызбай қоймайды. Іскерлік белсенделікті жандандыру және өндірісті одан әрі өсіру жөнінде батыл шаралар қолданбайынша, реформалар мен қаржылық тұрақтандыруды бұдан былайғы аяқтау экономиканы ұзақ мерзімдік тоқырауға үріндидирыу мүмкін.

Ендігі жерде не істеу керек? – деген сауал туады. Шынтуайтқа келгендеге, істелмей қалған “ұсақ-түйек шаруаларды” тындыруға жұмысылып, тағы да бірер жыл кәсіпорындарды және қаржы секторын реформалаумен, одан әрі жекешелендірумен, төлемсіздіктерді жоюмен, құнды қағаздардың қайтала-ма нарығын жандандырумен мықтап шұғылдануға болар еді. Назардан тыс қалған мәселелерді сапалы және жан-жақты шешу үшін мұндай жолдың, бәлкім, тиімді болуы да мүмкін.

Алайда өкінішімізге қарай, ішкі және сыртқы проблемалар біздің мұндай жолға түсімізге мүмкіндік бермей түр.

Адамдар нәтиже күтуден шаршады. Жұмыссыздық, жалақы мен зейнетақының төленбеуі – кезең-кезеңмен дәйекті жылжу үшін онша жақсы әлеуметтік негіз емес. Ұзақ уақыт бойы жаңартылмаған және жөндеуден өткізілмеген негізгі капитал едөүір тозып кетті. Бірсынша секторларда ол авариялық жағдайдың аз-ақ алдында түр, мұның өзі бізді ең қысқа мерзімнің ішінде осы проблеманы шешумен шұғылдануға мәжбүр етеді.

Егер былайғы дүниеге көз салатын болсақ, онда көптеген елдерде, әсіреле азиялық елдерде жақсы экономикалық өсу байқалады.

Біздің кейінде қалуға хақымыз жоқ. Ол – ол ма, бізге алыстап кеткен әлемдік экономика поезының соңынан асыра ұмтылу қажет. Елдің өздігінен даму жолына басқа экономикасы дамыған елдерден ондаған жылдар кешеуілдеп түсіу – біздің кінеміз емес, қасіретіміз.

Сондықтан да алдымызға мүмкіндіктің шегінде дерлік, барынша биік міндеттерді қоюдан басқа жол жоқ, бұлар:

– XXI ғасырға толығымен сауықтырылған және реформаланған экономикамен ену;

- инфляцияны жылына 4-6 процент деңгейіне жеткізу;
- 3-5 процент экономикалық есімге қол жеткізу;
- жұмыссыздықты тәзуге боларлық деңгейіне дейін азайту;
- шетел инвесторлары үшін барынша қолайлы ахуал туғызу;
- әлеуметтік индикаторлардың тұрақты өсуіне қол жеткізу.

Бөлкім, бүгінгі келенсіздіктерге қарап, көпшіліктің мұны жүзеге асыру мүмкін емес деуі ықтимал. Алайда біз істі шындал қолға алатын болсақ, кез келген міндетті орындауға күшіміздің жететінін дәлелдеген болатынбыз. Мәселен, 1994 жылдың басында үш жылда біз инфляцияны 2200-ден 30 процентке дейін төмендетеміз деп айтуда кімнің батылы жетер еді?

Оның үстіне түнделап отырған проблемаларды ойдағыдай шешу үшін біз өзімізге барынша биік деңгейде талаптар қоюға міндеттіміз. Орта мерзімде нысаналардың қуатты тұрақтандыруши күші болуы, барлық ресурстар алға қойылған міндеттерді жүзеге асыруға жұмылдырылуы керек. Бұлыңғыр перспективалар мен айқын емес нысаналарды басшылыққа алуға біздің хақымыз жоқ. Алға қойылған міндеттердің орындалуына қол жеткізу үшін не істеу қажет?

Елдің қазіргі жағдайы сондай, уақыт талабына сай жауап таба білу керек.

Ондей жауап бар: біз дәйекті, барлық кезеңдер бойынша бір мезгілде қатарлас бағытпен жүруіміз қажет.

1997 жылы, әрі кеткенде 1998 жылдың бірінші жартысында қаржы тұрақтылығының екінші кезеңін толық тәмамдау: жекешелендіруді, кәсіпорындар мен қаржы секторын реформалауды түпкілікті аяқтау, барлық телемсіздіктерді анықтап алу қажет.

Қаншалықты қыынға соғатынына қарамастан, кәсіпорындарды тарату мен олардың банкроттығы жөнінде ең қатаң шаралар қолданбаса болмайды. Парламент пен Үкімет биылғы жылдың өзінде Банкроттық туралы жаңа заң қабылдауға тиіс. Инфляцияның деңгейі жыл сайын кемінде екі есе кеміп отыруы керек. Бұл мақсатта тағы да, қаншама күрделі болғанына қарамастан, барлық бюджет шығыстарын кірістерге сәйкес келтіру керек, олар келесі жылдан бастап нақты, бірақ қауырт болуға тиіс.

Жұмыссыздықтың қауіпті зардаптарына жол бермеу үшін Үкімет, барлық атқарушы өкімет, Парламент кәсіпкерлікті, ең алдымен жеке, отбасылық және шағын бизнесті, қоғамдық жұмыстарды, негізінен, тұрғын үй және жол құрылышындағы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыруды жандандыру үшін толық шаралар кешенін жүзеге асыруы қажет.

Қаржы тұрақтылығының аяқталуын күтпей-ақ, инвестициялық кезеңді іске асыру жөніндегі жұмысты жеделдете түскен жөн.

Бірінші кезекте инвестициялық ахуалды, әсіресе шетелдік инвесторлар үшін инвестиациялық ахуалды құрт жақсартып, женілдіктер мен преференциялар жүйесін өзірлең, заң жүзінде айқындау қажет.

Салалық және аймақтық басымдықтардың нақтылы жүйесін жасайтын мезгіл жеткен сияқты, ол женілдіктердің осы жүйесімен тығыз байланысты болуы керек.

Және, ең ақырында, мемлекеттік инвестициялар, негізінен алғанда инфрақұрылым мен тұрғын үйге мемлекеттік инвестициялар ашу керек. Инвестициялық серпін қажет, ол мемлекеттен бастау алуға тиіс.

Бұрынғысынша, сонымен бір мезгілде экономиканы өркендету, адамдардың іскерлік белсенділігін жандандыру мәселелерімен де мықтап шұғылдану керек. Әзірге оларды ауқымды шешу туралы айту ертерек, бірақ келесі жылдың өзінде-ақ өсу нүктесі мен белсенділік ошақтарын құру қажет. Тұрғын үй құрылышы, шағын және орта бизнес, санациядан ойдағыдай өткен кәсіпорындар осындаі ошақтар болуға тиіс. Мұның өзі біздің ағымдағы міндеттерді шеше отырып, инвестициялық кезеңге де, экономикалық өсу кезеңіне де бір мезгілде кірісіміз қажет екенін көрсетеді.

Сондықтан біз елдің ұзақ мерзімге арналған даму стратегиясын өзірлеі бастауға және дамудың бес және он жылдық жоспарларын өзірлеуге кідіріссіз кірісіміз қажет.

Жұмысында орын алып отырған кемшіліктерге қарамастан, Үкімет соңғы жылдардың ішінде ауыр жағдайлардың өзінде көп іс тындырғанын атап көрсеткен жөн.

Таяудағы жылдарда да барынша күш-жігер жұмсауды керек ететін күрделі жұмыс күтіп тұр. Демек, көп нәрсе Үкіметтің құрамы жағынан қаншалықты қауқарлы болатындығына, алға қойылған міндеттерді қандай шамада орындаі алатынына байланысты болады. Мемлекет басшысы ретінде мен бұл үшін қажетті шараларды қолданатын әрі оған тиісті қолдау көрсететін боламын.

ЖЕКЕШЕЛЕНДІРУ

Жекешелендіру экономикалық реформалар саясатының басты бағыттарының бірі болды және болып қала береді.

Бір қарағанға, жекешелендіру саласындағы істің жәйі жаман емес сияқты. Соңғы деректерге жүгінсек, республика бойынша жеке кәсіпорындардың үлес салмағы 80 процент шамасында, соның ішінде өнеркәсіпте – 86, ауыл шаруашылығында – 95, құрылышта – 84, көлікте – 54 процент.

Бүгін жалпы үлттүк өнім өндірісінің ортақ көлеміндегі жеке сектордың үлесі 50 процент шамасында, оның ішінде өнеркәсіпте 40-45, ауыл шаруашылығында 90 процента жуық, құрылышта 60, саудада 85 процент болып отыр.

Сөйтіп қазірдің өзінде ел экономикасында жеке сектор басым сипат алды деп айтуға болады. Өнеркәсіп, көлік пен байланыстан басқа барлық салаларда оның ықпалы басым түсіп отыр.

Соған қарамастан егер осы процестің сапалық жағына көз салатын болсақ, көптеген мәселелер әлі де шешілген жоқ.

Ең алдымен, шағын жекешелендіру мерзімінде аяқталмады. Сауда обьектілері, қызмет көрсету, қоғамдық тамақтандыру, автомобиль көлігі салалары бұрынғысынша мемлекеттік меншіктे қалып отыр. Бұл процесті жергілікті өкімет орындары да, сондай-ақ халықтың қолындағы қаражаттың жетіспеушілігі де тежеп келеді.

Сонымен қатар жекешелендіруді 1991 жылдың өзінде бастағанымыз-бен, бәзбіреулеріміз экономикалық жағынан өрдайым бірдей сараланбаған "демократиялық" жаңа рулардың, әлеуметтік әділеттілікті теріс түсінудің ықпалында қалып, жекешелендірудің көпе-көрінеу тиімсіз әрі жалған дерлік үлгілеріне мойынсұнуға мәжбүр болдық.

Сөйтіп меншікті еңбек ұжымдарына бөліп беруге бардық, ал мұны бұрынғы Жоғарғы Қоғамдық табандылықпен талап еткен еді. Алайда бұдан ешқандай экономикалық тиімділік алынған жоқ. Біз өз бойымыздан мұндай жолдан бас тартарлық күш таба білдік.

Содан кейін жаңсақ әділеттілік сезіміне еріп, инвестициялық жекешелендіру купондары дейтіндер арқылы меншікті бүкіл халыққа бөліп беруді үйғардық.

Мұндай бөлістердің тіптен тиімсіз екеніне іс жүзінде көз жеткізіп қана, біз, ақыр аяғында, бүкіл дүние жүзінде өлдекашан сыннан өткен әрі өзін жақсы жағынан көрсеткен ақшалай жекешелендіруге көштік.

Осы қателіктердің салдарынан көптеген кәсіпорындарда көп өкімет пайда болды. Акциялардың бір бөлігі еңбек ұжымының, бір бөлігі инвестициялық қорлардың, көбінесе осындағы әлденеше қордың, тағы бір бөлігі ақшалы инвестордың қолына көшті. Әрбір өндіріске бүгінгі күні жұмыс капиталы да, инвестициялар да керек. Олар болса, инвестордың қолында. Алайда ол кәсіпорынға бақылау жасауды қолына алмайынша, оларды жұмсамайтын болады. Сонда белгілі мысалдағыдан: акқу, шаян және шортан болып – әрқайсысы әр жаққа тартып шыға келеді. Сөйтіп, кәсіпорын өнді мемле-

кеттікі емес, жеке меншіктегі кәсіпорын, бірақ нағыз қожайыны жоқ. Эрине, бұдан нәтиже шықпайтыны да өзінен-өзі тусінікті.

Ақыр аяғында, корпоративтік бағалы қағаздар нарығы да өте әлсіз да-мып отыр. Сондықтан да жекешелендіру қарқының жеделдетіп, оны терең-дегу жайында мәселе көтерілген кезде, әңгіме мемлекеттік меншікті сату туралы ғана емес, меншікті нағыз қожайынның пайдасына қайта бөлу жайл-лы, жекешелендіруден кейінгі процестердің тиімділігі жайлыш болуға тиіс.

Сол себепті де биылғы жылдың өзінде мемлекеттік меншікті сату мен меншікке беруді жеделдегу керек. Тиімсіз объектілерге келетін болсақ, олар-ды ақысыз меншікке беру немесе ең арзан бағасына сатуға дейін бару керек.

Мемлекет келешекке дең қойып, әлеуметтік саламен, сыртқы саясат-пен, жоспарлаумен және жеке сектордың жұмысын үйлестірумен шүғылда-нуы керек. Шын мәнінде мұндағы жұмыстың шет-шегі жоқ. Жекеменшік иесі мемлекетке қарағанда өндірістік іспен анағұрлым жақсы шүғылданатын болады.

Бұл – бүкіл әлем таныған ақиқат.

Әлбетте, банкроттық арқылы, кәсіпорындардың мемлекетке берешегін қайыру арқылы нағыз қожайындарды іздестіру керек, олар үшін қосымша қызмет тетіктерін құру керек. Өйткені жекешелендіру процестері қарқыны-ның баяулығы мен сапасының нашарлығының ар жағында төлөмсіздік дағ-дарысының терең себебі жатқаны баршага мәлім.

ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕС

1988-1989 жылдары кооперативтік қозғалыс үшін тоспалар ашылған кезде туындаған әбігер бәріміздің де есімізде. Тауарлар мен қызметтердің қаңырап қалған нарығында жаңбырдан кейінгі санырауқұлактар тәрізді әр алуан тауарлар мен мулде соны қызметтер пайда бола бастады. Барлық салаларда шағын кәсіпорындардың пайда болуымен және олардың гулде-нуімен байланысты осы тәрізді серпіліс 1990-1991 жылдары орын алды. Мұның себебі оларды мемлекеттің қолдауы және оларға женілдіктер жүйесінің берілуі болды.

Эрине, қателіктер мен асыра сілтеушілік те болмай қойған жоқ. Бірақ ең бастысы – базарды молықтыру және осы салаларда жұмыспен қамтудың өсуі жүріп жатты. Қазір ахуал өзгерді, дегенмен мұны істің жақсы жағына қарай өзгерді деуге келмейді.

Биылғы жылдың басында шағын бизнес саласындағы кәсіпорындардың саны 21260 болды, онда жұмыс істейтіндердің саны 147 мың адам яғни 3 проценттей болып отыр.

Өнеркәсіп өнімін шығарумен 2563 кәсіпорын шүғылданады, бұларда жалпы саны 33,6 мың адам істейді. Тұтастай алғанда, шағын кәсіпорындардың үлесіне өнеркәсіп өндірісі жалпы көлемінің 4,7–4,8 проценті тиесілі, бұларда жұмыспен қамтылған халықтың 3,5 проценттейі еңбек етеді.

Салыстыру үшін айта кетейін, жоғары дамыған елдерде шағын бизнестің үлесі 60-80 процентті құрайды. Біз, әрине, бірден мұндай деңгейге жете алмаймыз, бірақ қалыптасқан жағдай бізді мүлде қанағаттандырмайды.

Бір жағынан, жұмыссыздық, ал демек, қылмыс та өсіп келеді, сауда және қызмет көрсету саласы жеткіліксіз дамыған, екінші жағынан, өндірістік қуаттар мен үй-жайлар текке қарап тұр, жер де босқа жатыр. Тіпті егер кісі өз ісін ашқысы келсе де, оның сан қылыш тосқауылдарға келіп тірелетіндігі сонша – іске деген қызығушылығынан айырылады. Оның не істеуі керек? Жұмыс жоқ, отбасын асырау керек, өмір сұру керек.

Міне, осылайша жолы болмаған көсіпкер не жасырын экономикаға, не одан да жаманы – қылмыстық салаға бой үрады.

Шағын бизнес еңбекпен қамту мәселелерін шешумен ғана байланысты емес.

Көптеген елдерде ұсақ бизнесмендер орта таптың негізі бөлігі болып табылады.

Олар қофамды тұрақтандырады, олардың көніл-күйі мемлекеттің экономикалық дамуының көрсеткіші болып табылады.

Сондықтан бүгінгі күн тәртібінде шағын бизнесті қолдау мен оған жанжақты көмек көрсетудің арнаулы бағдарламасын іске асыру міндеті тұр.

Ең алдымен, тиісті өлшемдерді айқын таңдал алу және заң тұргысынан нені ұсақ (жеке және отбасылық), нені шағын және орташа бизнес деп санау қажеттігін айқындал алу қажет. Бұл мәселелерді шешуге салиқалы түрде және құнттылықпен қарау қажет.

Ұсақ көсіпкерлікке оның алғашқы қадамдарынан бастап-ақ мемлекеттік көмек көрсеткен жөн. Тіркеу рәсімдерін мейлінше жеңіл ету, салық салудың қарапайым және ауыртпалықсыз жүйесін енгізу керек, қағаздарды, анықтамаларды және кабинеттен кабинетке сабылуды азайту принципі бойынша іс-қимыл жасау керек. Бастапқы капитал мен кредиттер проблемасын қайткенде де шешу қажет.

Ал бізде әзірге ұтымсыз тіршілік жасалуда. Тоғыз миллиард теңге сома шамасында еңбекпен қамту қоры бар, бұл сома негізінен жұмыссыздарға арналған жәрдемақылар үшін пайдаланылады. Яғни, біз бұл жәрдемақыларды ешбір нәтижесіз төлеп отырмыз. Бұл қор қаражатты жаңа жұмыс орындарын құруға, жеке көсіпкерлікті дамытуға нысаналы пайдаланған жағдайда неғұрлым тиімді жұмыс істей алар еді. Мемлекеттік басқару органдары мен жергілікті әкімет адамдарға консультациялар мен білім беру орталықтары түрінде барша қажетті қолдауды көрсетуге, оларға үй-жайлар мен ақы төлеу жағынан көмектесуге тиіс.

Ал шағын, әсіресе орташа бизнеске келсек, қалыптасқан қаржылық-экономикалық ахуалға байланысты ол үшін жеңілдікті жағдай әзірше мемлекет үшін басым болып табылатын қызмет салаларында ғана берілуі мүмкін.

Қазақстанның Азияның даму банкінен 100 миллион доллар мәлшерінде заем алғандығы туралы айтпай кетпеуге болмайды, бұл қаржы нақ шағын

және орташа бизнесті қолдау үшін, атап айтқанда, ауылшаруашылық шикізатын ұқсату саласында пайдаланылатын болады. 50 миллион доллар мөлшеріндегі алғашқы траншты игеру ісі басталып та кетті.

Экономиканың осы секторын қолдау жөніндегі қосымша шараптар экономикалық ахуалды тұтастай жақсартуға елеулі ықпал етуге қабілетті.

ТҮРГЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫСЫ

Бұл проблеманың да басымдығы барлық жағынан айқын. Түргын үй – адамның басты әлеуметтік иғлігі. Мұның үстіне түргын үй құрылышы жұмыссыздық проблемасын ішінара шешеді. Егер біз шын мәнінде оны жолға қоя білсек, күллі экономиканың өсуінің басты бір тетігін жасаймыз, өйткені шаруашылық кешенінің көптеген салалары нақ түргын үй құрылышында келіп түйіседі.

Біз ақысыз түргын үй бөлу принципінен, оны мемлекеттің жаппай түргызынан бас тарттық. 1993 жылы менің Жарлығыммен жаңа түргын үй саясаты бекітілді, оны іске асырудан осы саладағы түбірлі бетбұрыс басталды.

Қазіргі таңда түргын үй құрылышын қаржыландыруда халықтың қаражатының үлесі ұдайы өсіп келеді. Бірақ, екінші жағынан, құрылыш көлемінің шұғыл қысқаруы да орын алды.

Жаңа түргын үй саясатына көше отырып, біз іс жүзінде оны ақша қаражатымен қамтамасыз ете алмадық. Бұған жалпы экономикалық ахуал да, тиісті инфрақұрылымның дамымағандығы да әсер етті. Өйтсе де бағдарламада түргын үй салудың жаңа принциптерінің негізі қаланды, олар қазір жұмыс істеп отыр. Мұның өлшеусіз мәнінің өзі де осында. Қазір бізге осы бағыттағы іс-қимылдың нақты, мейлінше ұтымды және қаржымен қамтамасыз етілген бағдарламасы қажет. Үкімет онымен жұмыс істеп те отыр.

Оның негізгі мәні неде болуға тиіс?

Бастау алар нүктө: әрбір азамат табысының деңгейіне қарамастан, түргын үйді тек қана өз ақшасына не бірден, не төлеу мерзімін ұзартып сатып алуға немесе салуға тиісті.

Түргын үй мен ол орналасқан жер, сол сияқты басқа да жеке мүлкі кредиторлар алдында кепіл болуға тиіс.

Бағдарламаның барлық бүге-шігесіне дейін ежіктемей-ақ есептеулердің мынаны көрсететінін атап өтейін. Егер халықты түргын үймен 15 жылдан кейін қамтамасыз ету мақсатын алға қояр болсақ, онда мемлекет кредиттік ресурстарды толықтыруға жыл сайын 70 миллиард теңге шамасында жұмсауға тиіс.

Әлбетте, мұндан қаражат өзірге біздің қолымызда жоқ әрі таяу келешекте қолымызға тимейді. Сондықтан ең тиімді жол – бағдарламаны, айталақ, алдымен екі облыстан бастап, бірте-бірте қалғандарына ауыса оты-

рып іске асыра бастау. Орташа алғанда, онжылдық жинақтау кезеңінде бір облысқа жыл сайын шамамен 50 миллион доллар қажет болады. Бұдан былайғы жерде мемлекеттік салымдар өзінен-өзі керексіз болып қалады, өйткені құрылыш салушылардың жинақталған қаражаты, сондай-ақ тұрғындар қайтарған кредиттер "іске қосылады".

Әзірге біздің шамамыз, онда да едәуір қинальыспен, тұрғын үй құрылышына жыл сайын тенге эквивалентімен алғанда 40-тан 50 миллион долларға дейін жұмсал отыруға жетеді. Бюджетте осыны қөздеу қажет. Біз осы салға өз қаражатын енгізуге даяр шетелдік құрылыш салушы компанияларды тарту жолын да пайдаланамыз.

Бастапқы кезеңде осы процеске серпіліс беру үшін женілдіктерге ба-руға және мемлекеттің қаражатты қайтару жөнінде белгілі бір тәуекелді мойнына алуына болады.

Бірақ мұның өзі құрылыш салу процесі кең қанат жаятын алғашқы үштәрт жылда қажет болады. Бағдарламаға халық тарапынан да қолдау қажет. Біз болсақ, жылдың соңына дейін оны қабылдауға және жыл сайын онда тужырымдалған қағидаларды іске асыру үшін қажетті ресурстар мен қаражатты іздестіруге, инвестициялық процестерді күшайтуге тырысамыз.

ШЕТЕЛДІК ИНВЕСТИЦИЯЛАРДЫ ТАРТУ

1997 жылдан бастап біздің жұмысымыздың басты бағыттарының бірі шетелдік инвестицияларды тарту және оларды тиімді пайдалану болады. Оларды, дамуши мемлекеттердің қоғамда, дамыған елдердің өзінің пайдаланатындығы белгілі.

Шетелдік инвестицияларрыңдағы ахуал оларға деген Шығыс Еуропа державаларының, бұрынғы КСРО құрамында болған жаңа елдердің, сондай-ақ коммунистік кезеңнен кейінгі елдердің орасан зор сұранысына байланысты елеулі шиеленісін келеді.

Осының нәтижесінде капиталды импорттаушылар арасында оны экспорттаушыларға қарағанда үлкен бәсеке қалыптасып отыр. Бұғынгі таңда капиталды тарту мәселесінде Қазақстанның әзірше бәсекелестік қабілетінің жоқтығын айтуға тиіспін. Біз өлі қызыметтер көрсету және инфрақұрылымды дамытудың шетелдік инвестор дағыланған деңгейіне жеткен жоқтығыз. Қептеген заңдарда, нормативтік актілерде шетелдік салымшылармен жұмыс істеу жүйесінің өзінде өлі айқындық жоқ. Инвестордың жолындағы басты кедергі орталықта да, жергілікті жерлерде де бұрынғыша бюрократия болып табылады. Біз әр инвестормен жеке тіл табысуға мүмкіндік беретін женілдіктер мен преференциялардың икемді жүйесін сезсіз орнықтыруға тиіспіз.

Қазақстанға шетелдік инвестицияларды тарту бағдарламасын әзірлеу қажет, ол мынадай қағидаларды қамтуға тиіс:

1. Біздің елімізге шетелдік бизнесмендердің келуіне байланысты барлық әкімшілік ресімдерді оңайлату. Біз визалар алу, шекара және кеден ба-

қылауынан өту, жұмыс істеу құқығына және ел ішінде жүріп-тұруға рұқсаттар беру жөніндегі барлық ережелерді және тағы басқаларын қайта қарауымыз керек.

Күллі іскер әлем қарым-қатынас жасасатын ағылшын тіліне қазақстандықтарды жаппай оқытуды үйімдастыру қажет. Бұл бәрінен бұрын мемлекеттік қызметшілер мен қызмет көрсету саласында істейтін адамдарға қатысты, ейткені тәжірибе көрсетіп отырғандай, ірі бизнес тілдік кедергілері бар елде нашар бейімделеді. Нәқ сондықтан да дамушы елдердің көпшілігі осындей, бір қарағанға ұсақ мәселеге мейлінше салиқалы назар аударады.

Біздің авиажелілеріміздің, өуежайларымыздың, ондағы қызмет көрсетудің қолайлылығына, жоғары сапалы мейманханалардың, телекоммуникациялардың болуына көп нәрсе байланысты. Біздің мақсатымыз шетелдік бизнесменге неғұрлым жеткілікті ықылас көрсету, оның уақытын үнемдеу болуға тиіс. Бұл қызметтердің құны оны әдетте екінші кезекте ғана толғандырады.

2. Инвестицияларға немесе кредиттерге салық үзілістерін, женілдікті ставкаларды, салық шегерімдерін беруді қоса алғанда, салық женілдіктерін, жеделдетілген аммортизацияны, женілдікті кеден бажын және тағы басқаларын енгізуге баруға тұрады. Олар мемлекеттік басымдықтарды іске асыру үстінде жаңа құрылыш салу жайында әңгіме қозғалған жерде және тек қана сонда болуға тиіс.

Тым жан-жаққа шашырай берудің қажеті жоқ, қарапайымнан құрделігे қарай жүріп отыру қажет. Бұғін біздің инфрақұрылым объектілеріне – энергетикаға, газ және мұнай құбырларына, өуежайларға, мейманханаларға, байланыс құралдарына, автомобиль және темір жолдарға, су құбырларына назар аударуымыздың қажеттігі айқын. Бұл міндеттерді шешпейінше, елде қолайлы инвестициялық ахуалдың, экспорт пен сауданың, бизнестің өмір сүруін қамтамасыз етудің күллі жүйесінің жақсы жұмыс істеуі мүмкін емес.

Импортты алмастыру және, бәрінен бұрын, халық тұтынатын тауарларды, тағам және ауыл шаруашылық шикізатын өндеу өнімдерін алмастыру жайында байсалды түрде ойлану қажет.

Ақыр соңында, аймақтық басымдықтарды әрі ең алдымен халықты жұмыспен қамту тұрғысынан айқындау қажет. Женілдіктер мен преференциялар жүйесінен қарындағы қызметтердің қатан ұластырылуға тиіс. Бұл ретте женілдіктер берудің барлық ықтимал қияннаторына сенімді тосқауыл қоя отырып, мейлінше ұқыпты түрде ойластырған жөн.

3. Жер мен жылжымайтын мүлікке берілетін құқық түріндегі гранттар, қызметкерлерді оқытуға арналған демеу қаржы, әртүрлі алымдарды азайту түріндегі субсидиялар сияқты нысанды да пайдалану қажет. Бірақ тағы да басым болып табылатын салаларда ғана.

4. Үкіметтің капиталды сыртқа шығаруға, әртүрлі қызметтер мен жергілікті шикізатты артықшылықты пайдалануға арналған кепілдіктерін қүшейту қажет.

5. Үйлестірлген және оралымды жұмыс жүргізу үшін төте шетелдік инвестициялармен айналысадын арнары мемлекеттік орган құру қажет.

Шетелдік инвестицияларды тарту бағдарламасымен қазірдің езінде мамандар жұмыс істеп жатыр. Өз уақытында ол жария етіледі.

ҚЫЛМЫСҚА ҚАРСЫ KYPEC

Елдегі қылмыстық ахуал аса шиеленісті күйде қалып отыр. Өткен жеті ай ішінде 1995 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 4,2 процент кем қылмыс тіркелгенімен, көше қылмыстылығы мен бұзақылық өрекеттерді азайтуға қол жеткенімен, ауыр қылмыстар санының едөуір өсуі байқалады, биылғы жылы өткен жылдың осындай кезеңіне қарағанда бұлар екі жарым есе көп жасалған. Олардың ашылуы сегіз процент төмендеді. Құқық қорғау органдарының мулік ұrlауға қарсы күрес жөніндегі жұмысы жеткілікті жолға қойылмаған, мұның өзі экономикалық қылмыстарға қарсы күрестің тиімділігінің төмендеуіне әсер етті. Мәселен, биылғы жылы осы салада 11 мыңға жуық қылмыс анықталған. Қорқыту жолымен тартып алуға қарсы күрестің нәтижелері төмендеді.

Ахуалды жақсарту жөнінде мемлекет қандай шараларды қолға алмақ ниетте?

Қылмыстық және Қылмыстық іс жүргізу кодекстерінің жобаларын өзірлеу аяқталу деңгейінде. Үкімет пен Парламенттің оларды қабылдаған кезде, бір жағынан, жазалау шараларын белгілеуге қатаңырақ қараша, екінші жағынан, осы актілердің адам құқығын біздің Ата Заңымызда тұжырымдалғандай мұлтіксіз қорғауына қол жеткізуі қажет.

Құқық қорғау органдарының материалдық-техникалық базасын нығайтуға келсек, ол орталық және жергілікті өкіметтің айрықша міндеті болуға тиіс.

Сонымен бірге қылмыстылықтың жай-күйі жалпы экономикалық ахуалға, халықтың өмір сүру деңгейіне, жұмыссыздыққа, ал оған қарсы күрестің тиімділігі – құқық қорғау органдарын қаржыландыру деңгейіне тікелей байланысты екенін үғыну қажет.

Сондықтан экономиканы сауықтыруға, жұмыссыздықты азайтуға және адамдардың әл-ауқатын арттыруға ұмтыла отырып, біз қылмыстың өсу мүмкіндігін кезең-кезеңімен төмендетіп, оның табаны астындағы тіректі ығыстырып шығаратын боламыз.

* * *

Біздің келешекке, соның ішінде 1997 жылға арналған экономикалық саясатымыз берілгенде анықталған жағдайда 1997 жылдың бюджеті мен бірінші кезектегі заңдар жүйесі де олармен толық сәйкес тиіс.

БЮДЖЕТ САЯСАТЫНЫҢ БАСЫМДЫҚТАРЫ

Қалыптасқан жағдайларға сүйене отырып, келесі жылдың бюджет саясаты ішкі және сыртқы саясаттың принциптері мен басымдықтарын, сондай-ақ қоғамды толғандырып отырған көкейкесті проблемаларды қатаң басшылыққа алуы керек деп санаймын.

Біз осылай істей аламыз, керек десеңіз, міндеттің өзін дәл осылай қоюға тиістіміз.

Мен, мемлекет басшысы ретінде осы басымдықтарды бюджет саясаты сыртқы және ішкі саяси міндеттерді тенденстіре шешетіндей, экономиканың болашағы мен бүгінгі әлеуметтік салаға жұмыс істейтіндей етіп, белгілеп беруге міндеттімін.

Бүгін қазақстандықтарды, ең алдымен, қандай мәселе мазалап отыр?

Соңғы әлеуметтік зерттеулерге қарағанда, проблемалар өзінің көкейкесті сипаты жағынан мынадай ретте түзіледі:

- бағаның өсуі;
- жалақы, зейнетақы мен стипендия берудегі кешеуілдеу;
- қылмыстың өсуі;
- электр, су, газ бен жылу берудегі іркілістер;
- жұмыссыздық;
- айналадағы ортаның жай-куйінің нашарлауы;
- сыйайлас жемқорлық пен парақорлық;
- әлеуметтік саланың мүшкіл халі және, акыр аяғында, үлттаралық проблемалар.

Көріп отырғанымыздай, жоғары баға мен тәмен жалақы экономикалық қана емес, сондай-ақ әлеуметтік түргыдан да басты проблемалардың қатарында тұр. Сондықтан да бюджет саясатының 1997 жылғы басты міндеті инфляцияны одан әрі тәмендегу болып қала береді.

Келесі бір басымдық кәсіпорындардағы реформаларды қаржыландыру және инвестициялар әрі ең алдымен және негізінен инфрақұрылымдар объектілеріне жасалатын инвестиациялар болуға тиіс. Әрине, мұның өзі бүгін мен ертенгі күннің арасында, өндірістік емес және өндірістік салалар арасында қынған таңдау жасауға әкеліп тірейді. Алайда мұндай таңдауды жасауымыз керек, өйткені біздің жағдайымызда, адамдарға қатысты және экология проблемаларына байланысты инфрақұрылым олардың айрықша алаңдаушылығын туғызып отырған кезде, олай істемеуге болмайды.

Келесі жылды Үкіметтің бюджеттік ұйымдарда жалақыны және зейнетақыларды уақтылы төлеу мәселелерін шешу жөнінде қосымша күш-жігер жұмсауы қажет.

Маңыздылығы жәнінен тәртінші басымдық ретінде сыртқы саясат пен қоғанысты қаржымен қамтамасыз ету проблемасын атаған жән. Әлбетте, қаржылық жүк бүгін қоғам үшін тым ауыр. Алайда біздің қауіпсіздігіміз, шекарамыздың мұзғымастыры, мемлекетіміздің аумақтық тұтастыры, әлемдік

қоғамдастық тарапынан оның қол сұғылмауына берілетін кепілдік, сайып келгенде, осы проблемаларды шешуімізге байланысты. Әрі бұл шығындардың елге миллиардтаған инвестициялар түрінде қайтарылуға тиіс екенінің маңызы да бұдан кем емес.

Сондықтан да біз сыртқы саясат ведомствоынан оның жұмысының экономикалық қайтарымын анағұрлым көтеруді әрі мемлекет қаржысын үнемді пайдалануды да талап етуге әбден хақылымыз. Барлық дипломаттар мен әскерилер кімдерге және қай салаларға біз қаражатты кем беруге мәжбүр екенімізді мықтап біліп алуға және түсінуге тиіс.

Бесінші басымдық – қылмысқа қарсы қурес. Құқық қорғау органдарын, ең алдымен, материалдық-техникалық қамтамасыз ету жағынан қаржыландыру деңгейін көтеруіміз керек. Адамдардың қауіпсіздігі мен денсаулығын қамтамасыз ету ғана емес, бюджет қаражатын толықтыру және шығыстарға бақылауды үйымдастыру сияқты маңызды проблемалардың шешімі де осыған байланысты. Милиция мен кеденниң қарусыз қалуына, прокуратура-лар мен соттардың ең қажетті нәрселермен қамтамасыз етілмеуіне әсте төзуге болмайды.

Осы орайда кеденге, соттарға, салық полициясына, басқа да құқық қорғау органдарына жасалған салымның экономикалық тұрғыдан да айтартықтай тиімді екенін естен шығармаған жөн.

Басқаларына қарағанда, нақ осы салада жалақы мен зейнетақыдағы ауытқушылық тым үлкен. Кеден қызметкері өз еңбегі үшін бар болғаны үштәрт мың теңге алса, зейнет демалысына шыққан прокурор – орта есеппен 15 мың теңге алады. Осының бәрін ақылға салып теңдестіру қажет.

Алтыншы басымдық – жұмыссыздыққа қарсы қурес және тұрғын үй құрылышын үлғайту. Бұл проблемаларға мен жоғарыда мейлінше егжей-тегжейлі тоқталдым.

Жетінші – әлеуметтік сала. Әрине, бұл салалар басымдығының соншама тәмен болып отырганы өкінішті. Адамдар материалдық иғілік пен рухани қазына арасында лажсыздан таңдау жасаған кезде, әзірге алдымен алғашқысына артықшылық беруге бейім.

Мұндай таңдау жасауды осы әлеуметтік салалардағы реформалау деңгейінің тым тәмендігімен ғана түсіндіруге болады. Алайда біз қоғам мен мемлекет үшін олардың стратегиялық маңызы бар екенін және таяу жылдарда олардың басымдығы тынбай арта беретінін мықтап есте ұстауға тиіспіз. Ал әзірге біз мұнда ресурстарға қайта топтастыру жүргізуге және желіні ұтымды етуге мәжбүрміз. Алайда мұның өзі мемлекеттің бұл салада жалақыны, әсіресе дәрігерлер мен мұғалімдердің жалақысын көбейтуіне кедергі келтірмейуге тиіс.

Ақыр соңында, басқаруға тоқталмай өтуге болмайды. Бұл салада да басқарудың бір буынында шенеуніктердің көптігіне, екіншісінде, жетіспеушілігіне байланысты қайшылықтар көптеп сақталып қалып отыр.

1997 жылдың бюджетіне сай белгілі бір қайта ұйымдастыру, ең алдымен, атқарушы өкіметте қайта ұйымдастыру жүргізуді қолға алуымыз қажет.

Осы түрғыдан келгенде, ішкі жөне сыртқы саясаттың негізгі басымдықтары мен бағыттарын біздің жүзеге асыра алатындығымызға сенімді бола аламыз.

ҚОРЫТЫНДЫ

1997 жылға біз шешімін таппаған міндеттер мөн жіберілген қателіктер қалпындағы өткеннің ауыртпалықтарын, сондай-ақ бұдан былайғы дамуың қисыны айқындайтын жаңа міндеттер жүгін арқалап қадам басатын боламыз.

Бұл жылдың да оңайға түсетін сыңайы жоқ, қалай дегенде де, мұның бұрынғы жылдардан женіл болмайтын түрі бар. Алайда экономиканың бұл жылы енді құлдырамайтыны жайында, оған қауырт еңбекпен жету керек екеніне қарамастан, бүгінгі күннің өзінде нық сеніммен айтуға болады.

Біз келесі жылға зор мән береміз, ейткені нақ 1997 жылдың ішінде экономикадағы негізгі ауыр рәсімдерді артта қалдырып, оны басты бағыттарда сауықтыруға, ең бастысы, қайта жарақтандыру мен дамыту міндеттерін шешуді қолға алуға бел байлап отырмыз.

Қазақстандықтардың білек сыйбанып, жұмысқа жұмылудан басқа жолы жоқ. Әркім өзін де, отбасын да өзі қамқорлыққа алуға тиіс, сейтіп, елдің экономикалық реформалар жолымен тезірек алға жылжуна көмектесуі керек. Ақиқаттың өзі, міне, осында. Ал өзгеше үндейтін ұрандардың бәрі біздің мемлекетіміздің жағдайының жақсаруына құлышыз адамдардан тарайды.

Біз өзіміздің барлық күшімізді жұмылдырып, асыруға тиіспіз. Осылай істемейінше, жедел экономикалық өркендеуге де, реформалардың өлеуметтік нәтижелеріне де қол жеткізе алмаймыз. Адамдар ертеңгі күнге деген сенімді сезініп, экономикалық оқиғаларды болжауға болатынын бағамдауға тиіс. Сонда ғана олардың күш-куаты мен іскерлігі экономиканы қайта жарақтандыру міндеттерін шешуге сүбелі үлес болып қосылады. Ал алдағы уақытта біз мұнсыз аттап баса алмаймыз.

Әлем шұғыл дамып келеді әрі жаңа мыңжылдыққа нық қадам басқалы отыр.

Ал Қазақстанның өткізіп алған уақытының орнын толтырып, ілгері кеткен өркениетті қып жетуіне тұра келеді. Бұл айтары жоқ, аса қыын міндет, алайда, егер біздің үшінші сортты державаға айналғымыз келмесе, бұдан басқа жолымыз жоқ.

Алға жылжудың негізгі алғышарттары қазірдің өзінде жасалды.

Ендігі жерде бастамашылық пен білім, ерік-жігер мен тәртіп, тәзімділік пен табандылық, білгілік пен жауапкершілік керек.

Міне, сонда ғана біз қандай болсын құрделі де жауапты міндеттерді жүзеге асыратын боламыз.

**ПОСЛАНИЕ
ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН Н. А. НАЗАРБАЕВА
НАРОДУ КАЗАХСТАНА ***

Алматы, 7 октября 1996 года

**О ПОЛОЖЕНИИ В СТРАНЕ И ОСНОВНЫХ НАПРАВЛЕНИЯХ
ВНУТРЕННЕЙ И ВНЕШНЕЙ ПОЛИТИКИ НА 1997 ГОД**

ВВЕДЕНИЕ

Усилия общества "Қазак тілі" и впредь будут направлены на улучшение обстановки в республике, укрепление стабильности в стране во имя достойного будущего всего Казахстана.

Желаю участникам курултая, проходящего в год пятилетия независимости республики, здоровья и успехов в работе.

* Газета "Казахстанская правда", 21 ноября 1996 года.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ
Н. Ә. НАЗАРАБАЕВТЫҢ ТІКЕЛЕЙ ЭФИР АРҚЫЛЫ
"ПРЕЗИДЕНТТІК ТЕЛЕФОН ЖЕЛІ" БОЙЫНША
ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРМЕН СҰХБАТЫ***

Алматы, 18 қараша 1996 жыл

СӨЗ БАСЫ:

Құрметті Президент! Атап айтуымыз керек, халықтың қоғамдық өміріміздегі өзгерістерге деген көзқарасын біліп, ел өмірінің тірлік-тынысын қадағалап отыру бағытында жұмыс жүргізу туралы Сіздің ұсыныстан кейін Президенттің Баспасөз қызметі мен Баспасөз және бүқаралық ақпарат істері жөніндегі Мемлекеттік агенттік үйімдестірган "Президенттік телефон желі" – халық пен Елбасшысын, ауыл мен Алматыны өзара жақындастыра түсті десек артық емес. Президенттік телефон желі жұмыс істеген күндері хабарласқан отандастарымыз өзінің жүргізіп отырған саясатқа қолдау көрсетіп, нарықтық реформамен бірге тірлігімізге енген өзгерістерді тілге тиек етіп, ой бөлісті.

Н. Назарбаев:

– Құрметті ағайын! Ең алдымен Сіздерге "Президенттік желіге" үн қосып, мемлекеттік міншілікке тағдышына қатысты мәселелердің ортақтығын сезініп, жанашырлық танытқандарының үшін рахмет айтамын.

Менің атыма келіп түскен сұрақтар мен пікірлердің ауқымы өте кең. Телефон шалған қазақстандықтардың жас мөлшері де, әлеуметтік жағдайы да әралуан. Барлығының ел тағдышына енжаралық танытпай, болашағымызың үмітпен қарауы қуантады. "Жақсы сөз – жарым ырыс" деген халқымыздың қанатты сөзі осындауда айтылса керек. Ел басшысы ретінде жүргізіп отырған саясатымың халық арасында қолдау табуы, әрине, жігерлендіреді. Қазақстандықтардың, қазақ халқының тәуелсіздігімізге, егемендігімізге деген көнілі мені қуантады. Маған телефон шалған 855 азаматтың әрқайсының еліміздің тағдышына қатысты мәселелер мазалайтындығына тағы да көзім жетті. Халықты толғандырып отырған негізгі сұрақ – экономикалық реформаның жүру барысы. Бұл сауалға жауап бергенде мен еліміз тәуелсіздігін алғаннан бері өткен бес жылдың тарихи маңызына ерекше мән беремін. Желтоқсанның 16-да тәуелсіздігіміздің бес жылдығын атап өтеміз. Бұл барлық қазақ халқы үшін қуанышты оқыға.

* "Егемен Қазақстан" газеті, 26 қараша 1996 жыл.

Әрине, елдің басындағы қыншылықты көрмей отырғанымыз жоқ. Тұрмыс-тірлігімізде электр энергиясының, газ мәселесінің жетіспеушіліктері шаршатуда. Зейнетақыны, жалақыны уақтысында ала алмай жүрген осындағы жағдайда ананы істедік, мынаны істедік деп айтудың да өзі қын. Дегенмен бес жылдың ішінде аз шаруа істелген жоқ. Мен оны әр уақытта айтып жүрмін. Қазақстанымыздың тәуелсіздігіне азулы мемлекеттерден кепілдік алдық. Егемен мемлекет ретінде Қазақстан әлемнің саяси картасынан тұрақты табан тепті. Сондай-ақ экономикалық дербестікке де қол жеткізіп, нарықтық даму жолын таңдал алуымыздың нәтижесінде – экономикадағы дағдарыстың кезеңі аяқталып келеді деп айтуда болады. Бұрынғыдай бағаның өсуі жоқ, тәнгеміз нығайды. Қаншама қын деп айтсақ та, халық санасында, тұрмыс-тіршілігінде қозғалыс бар. Көсіпкерлікті, нарық экономикасын игеруге деген құлышыныс бар. Меншікті көзқарас қалыптаса бастады. Бұған мен өзімнің соңғы уақыттағы Қарағанды, Ақмола, Қостанай, Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда облыстарына барған жұмыс сапарларынан, басқа да кездесулер кезінде көз жеткіздім. Етеп-ептеп орнықты ел қатарына қосылып келе жатырмыз. Егер де Қазақстанда жүргізіп отырған саясатымыз дұрыс болмай, бұрыс болса онда Ресейдегі жағдай неге бізден тәуір емес? Кеңес үкіметі кезінде бізден жақсы өмір сурген Украина мен Белоруссияда неге тұрмыс түзелмей отыр? Кавказдағы жағдай неге мұнданы? Бастаң өткөріп отырған бұл қындықтардың ең негізгі түйіні: анау үлкен империяның құлағанында. Сондықтан айтарым, бір күндік көніл-күйдің жетегінде кетпей, мемлекетіміздің болашағы үшін үлкен демей, кіші демей бірге қызмет етейік. Сіздердің сұрақ-пікірлеріңіз тәнірегінде бүгінгі осы жүзделік суде ғана әңгіме етіп қоймай, Президент Әкімшілігі арқылы оған тиісті қызметкерлердің де жауап қайтаруын қадағалайтындығымды ескерткім келеді. Бұл бәріміз тап болып отырған қындықтарды жеңуге ұмтылыс жасауда жақсы қамшы болатындығы сөзсіз.

Сұрақ:

– Мәртебелі Президент мырза, Алматы, Семей қалаларынан Жәкен Кенжебаев пен Сұлтанбек Ғабділ Сізден өзінің жүргізіп отырған саясаттың, әсіреңе, экономикалық реформа саясатының барысына көнілінің тола ма деп сұрайды. Қазақстан жерінің байлығы туралы жиі айтсақ та тұрмысымыз жұтаң тартып бара жатқандай әсердеміз, деп ой түйіндейді.

Н. Назарбаев:

– Бүгінгі таңда ойға алдып, жүзеге асырамыз деген істеріміздің бәрі дерлік өз көз алдарынызда өтуде.

Бұған дейін хабардар болдыңыздар деп білемін, республика халқына арнаған Үндеуімде, сондай-ақ "Елдегі жағдай мен 1997 жылға арналған ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағыттары туралы" Қазақстан халқына Жолдауымда мен қоғамда қалыптасқан ахуалға, алдағы уақытта, әрі, ең алды-

мен, келесі – 1997 жылды шешуіміз қажет басты міндеттерге өз көзқарасымды баяндады.

Халықаралық талдауларға жүгінсек, экономикалық қатынастарға ауысу деңгейінде тұрған мемлекеттер арасында Қазақстандағы реформалар қарқыны және оларды жүргізу дің нәтижесі жетекші топқа жатады. Біздің дүниежүзілік рейтингіміз Ресей Федерациясымен бірдей, Түркия, Пәкістаннан жоғары. Мұның өзі шетел капиталының назарын аударып отыр. Ал бізге оның өте-мөте керектігін бұған дейін де айтқанмын, қазір де қайталаймын. Инвестиция саласында біз біршама іс атқардық. Мәселен,

– Каспий құбыр желісі консорциумына және экспорттық мұнай желісі құрылышына қатысты барлық проблемалар шешілді.

– Ақтаудағы теңіз портын қайта құру туралы Еуропа Банкімен келісім жасалды.

– Трансазия темір жол магистралін құру жөніндегі жұмыстар іс жүзінде аяқталды.

– Жапонияның ірі компаниялары Қазақстанның инвестициялық мүмкіндігіне соңғы кезде ықылас білдіре бастады.

Атап айтуым керек, дамыған елдердің деңгейіне қалай тезірек жетуіміз қажет болса да, бізге нарықтық экономиканың қалыптасуының барлық кезеңінен өттеге тұра келеді. Осы тұрғыдан алғанда өзіміз белгілеген бағыттар бойынша сындарлы экономикалық көрсеткіштерге толық қол жете қойған жоқ. Әсіресе, энергетика саласындағы қазіргі қалыптасып отырған қындықтар қазаның 15-де менің тәрағалық етуіммен өткен Үкіметтің кеңейтілген мәжілісінде шешімі кезек күттірмейтін мәселе ретінде қойылды. Кәсіпорындардың қарызы, халықтың жалақысын уақытында алмауы, зейнеткерлердің зейнетақысын айпар бойы ала алмауы – өкінішке орай, бүгінгі күннің көріністері болып отыр. Осы кемшіліктерді болдырмау – бұл әр істің басында тұрған, мен сенім артқан басшыларға тікелей қатысты. Ал олардың өз жұмыстарын халық иғілігі үшін жұмсауын мен үнемі талап етемін. Соған байланысты соңғы кезде, бұған дейін өздеріңіз хабардар болғандай, жоғары билік басындағы біраз кадрларды ауыстыруыма тұра келді.

Сұрақ:

– Өлеуметтік-тұрмыстық мәселелерді шешуге ықпал етуіңізді құрап, "Президенттік желі" арқылы зейнеткерлер Мешітбай Алдабергенов – Жезқазған облысының Жанаарқа ауданынан, Тұрсынқұлов Жорабек – Өңтүстік Қазақстан облысының Сарыағаш ауданындағы Құркелес ауылынан, Алматы қаласындағы "Шаңырақ" шағынауданының тұрғындары атынан Мақсат Танабаев, Талдықорған облысының Заря ауылынан Сағымбек Татарханов, Алматыға жақын Қарғалы поселкесінен Кебеген Әбдірайымов мұң-мұқтаждарын бөліскең еді. Сіз қарсы болмасаңыз, бұл азаматтардың бәріне тиісті орындар арқылы жауап қайтарылатынын айтып кеткеніміз орынды.

Ал келесі әңгімеміздің негізгі тақырыбы – тіл мәселесі.

Кентау қаласынан Төреканов, Керімбеков, Андреев "Мемлекеттік тіл қашанғы қағаз жүзінде қала береді?" – деп сұраса, алматылық Демесін Оспанбеков "Жоғары қызметтегі азаматтар Мемлекеттік тілде сөйлемейді, тілдің дамуына дұрыс көніл бөлмейді. Қазақстан Республикасының Ұлт саясаты жөніндегі комитеттің тәрағасы неге қазақ емес?" – деп сұрайды.

Н. Назарбаев:

– Тілсіз ұлт болмайды, халық болмайды. Сондықтан біздің Ата Заңымызда қазақ тілі Мемлекеттік тіл деп жарияланған. Бірақ осы қазақ тілін бір күнде игереміз деп ойлау жансақтық. Жақында мен бір материалдарды қарап отырып көрдім, 1985 жылы қазақтардың арасында сұрау жүргізгенде қазақтың 52 пайызы қазақ тілінде сөйлейміз, қазақ тілін білеміз деп жауап беріпті. Ал биылғы көрсеткіш бойынша қазақтардың 95 пайызы намысқа тартқан болу керек, қазақша білеміз деп айттыпты. 80-82 пайызы қазақша оқымын депті. 5 пайызы ғана қазақ тілін білмеймін деп жауап беріпті. Ал, орыс ұлтының екілдерінен 1,7 пайызы қазақ тілін біледі еken. 4,5 пайызы ауызекі әңгімелесе аламыз, 42 пайызы қазақ тілін үйренгіміз келеді дейді, 40 пайызы үйренгіміз келмейді деген жауап айтады. Сондықтан, тіл құрып барады, қазақ тілі ешкімге керегі болмай қалды деп байбалам салу ескі сарын. Ана тіліміз Мемлекеттік мәртебесін алғалы бергі жетістігіміз жоқ емес. Қазақша білім беретін мектептердің саны көбейді. Қазір 2 мың 800-ден 3 мың 600-ге дейін көтерілді. 2 мың мектеп орысша-қазақша аралас оқытады. Міне, бұл – бір мәселе. Екіншіден, парламент түгел неге қазақша сөйлемейді, барлық басшылар неге қазақша сөйлемейді деп айтамыз. Сонда ағайын, бұл қалай болады? Біз тек қазақтың тілінде ғана сөйлейтін болсақ, халқымыздың жартысы біздің айтқанымызды естімей отырса несі жақсы? Әрине, сөйлеуге болады. Ешкім оған қарсы емес. Өзіміз алдымен қазақша сейлесейікші. Балаларымызды, немерелерімізді қазақ мектебіне берейікші. Мынау Петрапавл қаласының дәл ортасынан үлкен қазақ мектебі ашылды. Ұятымызға қарай, менің алған хабарыма қарағанда ата-аналардың көпшілігі сол мектепке өз балаларын оқуға беруге ынта білдірмей отыр. Бұл өкінішті болсада, ашы шындық. Сондықтан қазақ тілі дегенде ең алдымен өзіміз үлгі көрсетуіміз керек. Жақында Шерхан ағамыздың бір кішкентай мақаласын оқыдым "Егемен Қазақстаннан". Қазақ басылымдары жөнінде. Сондай-ақ, газет бетінен қазақ басылымдарының таралуы туралы сандық деректерді қарап шықтым. Бәріміз ойланатын жағдай. Біз ұлт болатын болсақ, біз мәдениетімізді, тілімізді сақтайық десек "Егемен Қазақстанға" неге жаппай жазылып, осы газетті қолдамаймыз? Сол арқылы біз елмен хабарласып отырмыз ғой. Неге "Қазақ әдебиетін" жаздырып алмайды бұл қазақ? Неге жастардың газеті "Жас алашты" жаздырып алмайды? "Ана тілін", "Қазақ елін", "Түркістан" деген газеттерімізді неге жаздырып алмайды? Әрбір жанұяға бір газеттен жаздырып алатын болсақ неміз кетеді? Құр әшейін үйде отырып алып, қазақтың тілі, қазақтың ұлты деп отыратын болсақ, ешкім бізге

ешинарсыні әкеліп бермейді. Қазақтың тілі мен мәдениеті ең бірінші өзімізге керек. Басқаларға сіз бен біз өнеге көрсетейікші. Өз ана тіліміз – қазақ тілінде сейлеп, балаларымызды осы тілде оқытып, тәрбиелесек кім қой дейді. Сондықтан, әр кемшіліктің ұшын өзімізден іздеуіміз керек. Ал енді, Қазақстанда басқа жүрт не қылса, оны қылсын, біз тек қазақша сейлейміз деген теріс түсініктен арылайық. Дегенмен, мен Үкіметке нақты тапсырма бердім. Мемлекеттік тілді білетін басқа ұлттың өкілдерін ынталандыру мақсатында қосымша жалақы берсек. Әр мекемеде, ауылда, қалада, ауданда мемлекеттік тілде оқытатын орындар үйімдастырысқа, соған біздің барлық зиялы қауым ат салысса, көмектессе дұрыс болар еді.

Ұлттық комитеттің басшысы неге қазақ болмайды деген сұраққа айтарым, Қазақстанда жалғыз қазақ халқы тұрмайды ғой. Ұлт саясатын жүргізетін комитеттің басында қазақ пен орыс ұлттарынан басқа ұлттың өкілі отырғаны жақсы. Мүмкін осы мекемеге болашақта көші-қон мәселелерін шешуді де тапсыру қажет болар? Ұлтаралық мәдениетті қалыптастыру – комитет жұмысының негізгі өзегіне айналуға тиіс. Қазақстан көп ұлтты. Осы ойды жиі айтқаныма кейбір ағайындар ренжитін де шығар. Біз, қазақтар, құдайға шүкір, жаңа-жаңа Қазақстан халқының жартысына жеттік. Бұл талай жылдардан бергі мақсат еткен тарихи көрсеткіш. Демографтардың айтуынша, Қазақстандағы қазақтардың саны 2020-2030-шы жылдарға дейін 70-80 пайызға дейін өспек. Сондықтан, өз ұлттымыздың елдеңгі тыныштықтың, бірліктің үйіткісі бола біліп, алға жылжыжуымызға бәріміз ат салысайық. Жақында қазақ тілі және басқа да ұлт тілдерін дамытудың болашағын айқындаған "Тіл саясатының тұжырымдамасы" туралы өкімге қол қойдым. Қазақстан Республикасының Конституациясына сәйкес қазақ тілімен бірдей орыс тілі де қатар қолданылатынын жақсы білесіздер. Мемлекеттік органдардың ереже – Зандары екі тілде шығарылады, ақпараттық-анықтамалық хат-хабар екі тілде даярланады. Әйтсе де, бұл істе де, өкінішке орай, науқанышылдық сипат басым болып шықты. Мемлекеттік тілді үйрену, үйрету, балабақшаларда, мектептерде қазақ тілі ғана емес, орыс тілін оқыту да әлі күнге дейін өз деңгейінде емес. Және бұған дейін де айтқанмын, жаңғырту және ашық саясат жолына түсken көптеген елдер инвестициялық ахуалды жақсартудың аса маңызды бағдарламаларының бірі деп ағылшын тілін үйрену бағдарламасын есептеген. Мектеп жасына дейінгі кезден бастап білім берудің бүкіл жүйесінде тілдерді оқытуды жөнге келтіру бағытындағы шараларды жүзеге асыруды тездету керек. Алтын уақытты босқа өткізуге болмайды.

Сұрақ:

– Соңғы кезде елімізде тәртінші билік болып табылатын бұқаралық ақпарат құралдарының халықты ақпаратлен қамтамасыз етуінде қордалана бастаған мәселелерді жиі естіп жүрміз. Ұлттық радио – қазақ радиосы – бүгінгі таңда Алматыны шалғайдағы ауылмен де, таяу және алыс шетелдермен де өзге толқыны арқылы жалғастырып отырған ақпарат орталықта-

рының бірі десек болады. Белгілі ғалым Раҳманқұл Бердібай осы үлттық радионың хабарларын таратуда оған жауапты басшылар тарапынан нем-құрайдылық салдарынан белен ала бастаған кемшіліктерді тілге тиек етеді. Радионұктелердің, хабар тарататын стансалардың қысқаруы – өсіреле, қазақ даласының ақпараттық сауатсыздығына алып келмей ме? Осы мәселе-леге Елбасы назар аударса екен дейді Раҳан.

Н. Назарбаев:

– Әлемде демократия мен нарықтың өзекті қағидаларын тұрақты үлттық дәстүрлермен терең қабыстыра білудің талай тамаша үлгілері бар. Бұл ой сөз етіп отырған бұқаралық ақпарат құралына да әбден қатысты. Жаңа ақпараттық болмысты игерумен қатар оқырмандарды, көрермендер мен тындаушыларды заман үрдісінен шет қалмауға үндеу бүгінгі журналистердің еншісінде. Мен әрдайым өз қызметімде баспасөздегі, радио-теледидардағы айтылған мәселелерге айрықша мән беріп отырамын. Халықтың жаңалықты дер кезінде біліп, хабардар болуын қамтамасыз ету – мемлекеттік іс екеніне оған жауапты мамандардың назарын аудармақтын. Бұдан бұрын да айтқанмын, Қазақ теледидары мен радиосы арқылы берілген хабарларды облыстарда өздеріне ыңғайлышта қайталап бергеннің еш артықтығы жоқ.

Осы тұрғыдан алғанда белгілі ғалым Раҳманқұл Бердібайдың үлттық радионың тағдырына аландауы құптарлық. Бұл дұрыс көтерілген мәселе. Біз өзіміз ақпараттық тәуелсіздік алмайынша, идеологиямызды жүргізу қын болады. Мениң тапсырмам бойынша сарапшылар республика тұрғындарын радиомен қамту жағдайының тәмендегідей екенін баяндаған еді.

Қазақ радиосының бірінші бағдарламасы бойынша – 93,7 пайыз, радиохабарлар 18 сағат бойы жүреді;

Екінші бағдарлама – "Шалқар" бойынша – 98,3 пайыз, радиохабарлар 20 сағат бойы жүреді;

Республикада сым арқылы радиохабарлар жүргізу халықтың 75 пайызын қамтиды.

Ауыл радиостансаларының тиімсіздігінен бұрынғы Байланыс министрлігі 1994 жылдан бері барлық жерде сымсыз (эфирде) хабар тарату туралы шешім қабылдады. Осы уақыт ішінде Талдықорған облысында жеті аудан, Оңтүстік Қазақстан облысында – алты аудан сымсыз хабар таратуға көшті.

Ал, Алматыда көлікпен жүріп, қазақ радиосының хабарларын тындаі алмай жүргендеге телерадио хабарлары жөніндегі корпорация мен "Қазақ-телеқом" басшылары радиотолқындарды қайта қарау арқылы неге көмектеспеске? Шешілмейтін мәселе емес. Аманшылық болса, ендігі жылдан бастап "Интелсат" спутнигі арқылы басқа жүйе жасайық деп отырмыз. Қазақстан бойынша 1 мың 500 қабылдағыштар орнатылады. Сол қабылдағыштар арқылы радиотеледидар хабарлары республикадан тыс алыс және шет елдерге де техникалық ақаусыз түрде тарайтын болады.

Меніңшे, журналистер де бүгінде нарық заңын халыққа тек жеткізуші болып қана қалмай, шығармашылық қызметті көсіпкерлікпен ұштастыру мерзімі өлдекешан келіп жеткендігін сезіну керек. Олай болса, Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі мемлекеттік Агенттік еліміздегі газет және электронды ақпарат құралдарының халықты ақпаратпен қамтамасыз ету сапасын, тілдік құрылымын, тұтастай алғанда біртұтас ақпараттық кеңістіктегі жұмыс істеу бағытын тағы да бір анықтап алуға мән беруі уақыт құттірмейтін іс екенін естеріне саламын.

Сұрақ:

– "Президент желісі" бойынша телефон шалушылардың бір тобы – "Адам және жер" деген тақырыптың аясын қамтиды. Жезқазған облысы Жаңаарқа ауданының Сәкен Сейфуллин ауылы тұрғындары атынан сауал қойған Тұяқ Жанпейісов: "1991 жылы жекешелендіру кезінде үлес ала алмаған халықтың атынан мен 1993 жылы 23 сәуірде Алматыда шаруа қожалықтарының жетекшілерімен өткізген кеңесте сөз сөйлеген едім. Содан бері де осы мәселе шешілген жоқ. Халық ашаршылыққа ұшырауда. Құрметті Президент, ауыл, аудан ағаларынан толық жауап ала алмай, өзінізге шағым айтуда мәжбүрміз", – дейді.

Сондай-ақ, Алматы қаласына Қытайдан көшіп келген Бәтима Сіреуқызы "Жекешелендіру өтіп кетті, бізге пұшпақ жер де тиғен жоқ. Өз үрпағымызға нені аманаттаймыз" – деп, Сізге сауал қояды.

Н. Назарбаев:

– Адамдардың өмірі, әлеуметтік сала, мемлекеттің өзінің қуаты – осының баршасы экономиканың жай-күйіне, оның реформалану дәрежесіне байланысты. Осы тұрғыдан келгенде, жоғарыдағы сауалдар азаматтардың еліміз бастан өткеріп жатқан өзгерістерден шет қалмай, шынайы қатысуышылық сезімдерінің артқанын көрсетеді. Әр азаматтың бойындағы меншіктік көзқарастың қалыптаса бастауы – 1991 жылы жекешелендіру саясатын бастаған кезден бергі уақыттағы қол жеткізген иғі нәтижелердің бірі.

Жезқазғандық азамат Жанпейісов Тұяқтың сұрағы – бұл бүгінгі таңда ауыл азаматтары тап болып, өкінішке орай, ауыл, аудан басшыларының сылбырлығынан, кей кезде жекешелендіру ісінің әліппесін түсінбегендіктен жол беріліп отырған кемшіліктер. Жер мәселесі "Жер туралы" занда шешілген. Егер де жергілікті басқарушы органдар сол занды дұрыс орынданған болса, онда оған нақты іс ретінде қарau керек. Маған шағым айтқан жезқазғандық азамат көтерген мәселе жөнінде мен арнайы тапсырма бердім. Заң бойынша әр ауылда жұмыс істеген азаматқа, егер ол сол совхоз-колхоздың бұрын мүшесі болса, оның істеген еңбек өтіліне қарай, сіңірген еңбегіне қарай жер бөлінуге тиіс. Сондай-ақ, сол шаруашылыққа тиесілі дүниемүлікте де әрбір шаруа адамының үлесі бар. Сондықтан, колхоз-совхозда жұмыс істеген азаматтардың өз үлесімді ала алмай қалдым дегені жөн емес.

Ал екінші сауалға келетін болсақ, өз атамекеніне көшіп келіп жатқан қандастарымызға әрдайым шынайы бауырмашылдық сезіммен қарайтындығымызды қайталап айтпақшымын. Шет елден көшіп келіп, елде тұрақты түрде тұратын азаматтар Қазақстан Республикасының Жер Заңына сәйкес баубақша шаруашылығын жүргізуге және жеке тұрғын үй құрылышын салу үшін жер участесін алуға мүмкіндігі бар.

Одан басқа шаруа қожалығын жүргізу үшін жер пайдалану құқығымен жер участесін алуға мүмкіндік берілген.

Қала мен елді мекендердің тұрғындарын жермен қамтамасыз ету үшін жергілікті атқарушы органдардың қарамағында арнаулы жер қоры құрылған. Шеттеп келген ағайындарға 1999-шы жылға дейін өз бала-шағаларына аманаттап кететіндегі етіп жерді арендаға беруге болады. Мұнымен қоса, сырттан көшіп келген азаматтарға бюджеттен жыл сайын ақша бөліп беріп отырмыз. Үстіміздегі жылдың өзінде мемлекетімізде он мың азаматтың келүне тиісті қаражат бөлінген. Ендігі жылды да осы бағыттағы қаржылай-әлеуметтік қолдау көрсетіледі.

Ауылдың жағдайы, халықтың тұрмысы менің де қабырғамды қайыстырады. Өздерінізге белгілі, елімізде кәсіпкерлікти дамытудың бағдарламасы жасалған. Осы бағдарлама аясында ауыл-ауылдарда шағын кәсіпорындар құру, шаруа қожалықтарының жұмысын жаңдандыруға әбден болады емес пе? Бұл мәселе туралы қазан айында Ақмолада өткен жастармен болған кездесуімде айтқанмын.

Сұрақ:

– Құрметті Президент, келесі сауал – тәуелсіз еліміздің тарихында елеулі орын алатын – желтоқсан оқиғасының 10 жылдығына қатысты.

Жамбыл облысының Мойынқұм ауданынан Мәкен Уақов "Алматыда Желтоқсан құрбандарына арналып мұражай ашылса" – десе, Талдықорған облысы, Жаркент ауданының Еңбекші ауылында тұратын Бисен Алшымбеков "Желтоқсан оқиғасының құрбаны Ербол Сыпатаевтың өкесімін. Еңбек ардагерімін. Сізден, Президент мырза, өтінетінім, Желтоқсан құрбандарына көрсетілетін әлеуметтік көмектерініздің негізінде аудан көлемінен бір тұрғын үй бөлінуіне ықпал етсеңіз" – деп сұрайды. Бұл сауалдар да тәуелсіз еліміздің жүріп өткен жолына көз жүгіртіп, шолу жасауымыздың тағы бір қажеттілігін көрсетсе керек.

Н. Назарбаев:

– Дұрыс пікір. Әлем көшіне үлттық мемлекеттің керуенін қосып, үлттық туымызды тігіп, үлттық мұдде аясында барша халықтардың басын қосып ел болуды, үлттық болмысымызды қабырғалы халықтардың қатарына жеткізуді мақсат етуімізге зор ықпалын тигізген оқиғалар баршылық. Осы тұрғыдан алғанда, алдағы желтоқсан айының ел тарихында алар орны ерекше болмақ. Менің тапсырмаммен Үкімет осы айда атап өтілуге тиісті тарихи

күндердің саяси-мәдени шараларын белгіледі. Ол Қазақстан Республикасы мемлекеттілігінің қалыптасуына орай өткізіледі.

Ұлт-азаттық көтерілісінің 80 жылдығы, Желтоқсан оқиғасының 10 жылдығы, Еліміз тәуелсіздігінің 5 жылдығы – міне, осынау тарихи күндер халқымыз үшін қастерлі де қымбат. Жақында 1986 жылғы желтоқсан оқиғаларының 10 жылдығына арналып ғылыми-теориялық конференция өткізілді. Осы оқиғаға орай менің жолдауымды Мемлекеттік хатшы Әбіш Кекілбаев көпшіліктің назарына жеткізіп, соңынан конференцияның жұмысы жөнінде мені хабардар етті. Біз әлі қунге дейін, өзімнің "Ғасырлар тоғысында" атты кітабымда жазғанымдай, өкінішке орай, желтоқсан оқиғасына нақты баға беріп, тарихи түрғыда орнын анықтай – алмай жүрміз. Желтоқсан оқиғасы – Қазақ жастарының тоталитарлық жүйеге қарсы шығуы негізінде халқымыздың ұлттық сана-сезімінің оянып, өзінің қазіргі әлемдегі орнын қайта пайымдауына, шын мәніндегі тәуелсіздік пен мемлекеттік егемендікке үмтүлуына бастау болды. Қазақтың басын біріктіруге жасалған маңызды кезең ретінде есте қалады. Тарихтан белгілі, Отан үшін, жер үшін қан төккен талай боздақтарымыз бар. Жонғарлармен 250 жыл қрестік. Ресейдің отаршылдық саясаты қаншама бабаларымыздың қанын төгіп, өмірін қиды. Қай кезде де ел үшін, жер үшін, ұлттық намыс үшін қурескен адам жалған атақданққа құмартлаған ғой. Егер де азамат болсан, еліңнің ұлы болсан, еліңе жаның ашыса, азаматтық намысың болса, пәтер үшін, ақша үшін, мұражай үшін қуресе ме адам? Бұл ойды мен бүтінгі үрпақ еліміздің өткені мен келешегін зерделегендеге ескерсін деп айтып отырымын.

Ендеше желтоқсан оқиғасы тоталитарлық жүйенің біздің басымызға ғана әкелген нәубеті емес. Есте болар, 1959 жылғы Теміртаудағы, 1979 жылғы Ақмоладағы жағдай, болмаса Ресейдің Новочеркасқі деген қаласындағы жазықсыз қаза тапқан адамдар – кеңес кезеңіндегі өміршіл-әкімшіл солақай саясаттың нәтижесі. Желтоқсан оқиғасы сол тоталитарлық жүйенің ең ақырғы қимылы деп санауға болады. Қазақ жастары бүкіл әлемге қазак ұлтының бар екендігін паш етті. Еркіндік пен тәуелсіздікті аңсаған халқымыздың болашағына жол ашты. Сондықтан, біз желтоқсан оқиғасының тағылымына құрметпен қарауымыз керек. Құрметтейміз де. Алматыдағы Республика алаңында ел өміріндегі тарихи оқиғаларды қамтыған "Тәуелсіздік мемориалдық кешені" ашылады деп күтілуде. Тәуелсіздік ескерткішінің бір құлпытасы желтоқсан оқиғасына арналады. Менің ойымша, осы атқарылып жатқан шаруалардан маган сұрақ қойған азаматтар хабардар шығар деп ойлаймын. Желтоқсан оқиғасының құрбаны Ербол Сыпатаевтың әкесі Бисен Алшымбековтің өтініші нақты шешімін табу үшін – Талдықорған облысының әкіміне тапсырдым. Президент әкімшілігінің қадағалауында болады.

Сұрақ:

– Оңтүстік Қазақстан облысының Алғабас ауданына қарасты Шаян ауылының түрғыны Серікбай Дәулетбайұлының сауалы: Жергілікті бюджетке

қараған балалар бақшасы жабылу үстінде. Ұрпақ тәрбиесін өшіріп алмас па екенбіз, – дей келіп, "Біз Сізді республикамыздағы артта қалған, тұрмысы нашар шалғай аудандардан, жұмысы жүрмей тоқтап тұрған зауыттар мен фабрикаларда, көрсек дейміз" – деп қорытындылайды өз ойын.

Н. Назарбаев:

– Қазақстанда бұрын 16 шалғай аудан болған. Сол шалғай аудандарға өлеуметтік-экономикалық тұрғыда көмектесуді көзделген қаулы да қабылданған. Әйтсе де, қаржы тапшылығына орай аталған қаулы орындалмай қалды. Уақыт өте бұл мәселеге қайтып оралармыз.

Әрине, қоғамымызда болып жатқан өзгерістерге әркімнің өз көзқарасы болуы занды. Осы жүздесудің басында айттым, мен соңғы кезде еліміздің төрт бұрышында да болып, халықтың ойын-пікірін тыңдап қайттым. Алматыда отырып айтылған сөздің шалғай жатқан ауылдағы салмағын барладым. Қай жерде болмасын шешілмей жатқан мәселелер туралы еш бүкпесіз айтылды. Қалай болғанда да, реформа халық игілігіне жұмыс істеуі керек. Қындықтарды алдыға көлденен тарта бергенмен іс бітпейді. Мен үшін жолсапарға шыққанда шаруасы дәнгеленіп жүріп тұрған ауыл да, тұрмысы нашар елді мекен де бүгінгі өзгерістердің айнадағы көрінісіндегі әсерге қалдырады. Қазақстанда қандай қыншылық болып жатқанын менен жақсы білетін адам жоқ. Әңгіме елбасының білмегендігінде, болмаса үкіметтің енжарлығында емес. Мәселе, еліміз тап болған экономикалық дағдарыстан ұйымшылдықпен шыға білуімізде. Әсіресе, қазақ халқы мен жүргізіп отырған саясатты қолдап, сөзден гөрі іске ден қойса дер едім. Бұл – біріншіден. Екіншіден – қанша қын десек те, осы бір өтпелі кезенде балаларымыздың мәселесі ерекше назарға ие болуы тиіс. Білімсіз елдің ертеңі жоқ. Мұны үлкен мен кіші, тәрбиеші мен мұғалім, әкім мен министр естерінен шығармағандары абзал.

Үкіметтің шешімі бойынша мектепке дейінгі мекемелер бірте-бірте жергілікті атқарушы органдардың қарамағына берілмек және олар бюджеттен қаржыландырылады. Сондай-ақ уақыт талабына сай мектептердің жеке есеп ашып, өз шаруаларын дұрыстаудың мүмкіндік берілген, ауыл мектептеріне компьютерлермен жабдықтануға көмек көрсетіледі. Халықтың әл-ауқаты нашар тобына сәбілерін балабақшаларға орналастыру жөнінде жәрдем жасалады. Мәселе, тек астанада қабылданған шешімдердің ауыл-қалаларда дұрыс шешім табуында.

Сұрақ:

– Қылмысқа қарсы құрес – Оңтүстік Қазақстан облысының Сарыагаш ауданының Келес ауылында тұратын Ұлы Отан соғысының мүгедегі Жорабек Тұрсынқұловтың, Алматы қаласының тұрғыны Жәкен Кенжебаевтың Сізге қойған сауалдарының негізгі түйіні. Жорабек қария "Аудан әкімдері, заң органдары ауылдағы ұры-қарыларға, бассыздыққа мән бермей отыр. Әбден қиналдық", – деп налиди.

Н. Назарбаев:

– Қазақстанда ең күрделі екі мәселе бар: әлеуметтік және қылмыспен күрес мәселелері. Осы екі бағыттағы жұмыс үнемі менің назарымда. Менің тапсырмам бойынша құқық тәртібін одан әрі нығайту мақсатында Үкімет қылмыспен күрестің 2000-жылға дейінгі кезеңге арналған мемлекеттік бағдарламасын өзірлеп жатыр.

Жақындаған осы сала министрлерінің қылмысқа қарсы күрес жөніндегі есебін тыңдадым. Мен барлық жауапты қызметкерлерге қылмысқа қарсы күресті қүшету қажеттігін қатаң тапсырдым. Ай сайын прокуратураның, милицияның, сот жүйелерінің жұмыстарын қадағалап отырмыз. Сотталуға тиіс үкім шығарылған адамдар ақталып жатады. Неге сотталмайды? Жоқ, әлде, пара бере ме? Ауылды жерлерде елдің қорасынан мал үрлаған деректер де жиілей түсуде. Ұры-қарылар жазаға ілікпеуде. Бұған қоса, көп жағдайда құқық қорғау органдарының қызметкерлері өз жұмыстарын алдамшы сандық көрсеткіштермен көмкеруге шебер боп алды. Соңғы кезде біз әліміздің азаматтарын заң қүзетінде тұруға тиісті құрылымдардың озырылғынан да қорғаға мәжбүрміз. Сондықтан, осы саладағы шешімін күткен мәселелер жұмысты жандандыруды талап етеді. Бұл құндері облыстың әкімі өз құзырындағы өлкенің құқықтық жағдайына да жауапты. Әр аудан, әр облыс басшылары қылмыспен күрес мәсесінде ерекше сипат беруі керек.

Менің тапсырмам бойынша жедел түрде қылмыстың алдын алу мақсатында жүзеге асырылған "Құқық тәртібі", "Көкнэр", "Тосқауыл", "Балық аулау маусымы" секілді шаралар нәтижесіз болған жоқ. Үстіміздегі жылдың өзінде 1 мың 176 басшы қызметкерлер, оның ішінде әкімшілікте, банкте, милицияда, прокуратурада, сотта жұмыс істейтін адамдар жауапқа тартылды. Бұл дегенініз, билік тұтқасынан кез келген азаматтың ел арасында шен иелеріне деген сенімді аяқасты еткенінің көрінісі. Сондықтан мен жақын құндері аудандық, қалалық, облыстық сот мүшелерін және басшыларын тағайындағанда олардың өз міндеттеріне қаншалықты адал екендіктеріне тағы да ерекше мән бермекпін. Адалдық әрі кәсіби білгілік – міне, иығына шен таққысы келетін қылмысқа қарсы күрес жүргізуші тәртіп сақшыларының қызмет көрсеткіші осы қасиеттер болуға тиіс.

Үкіметтің ұсынуымен Парламентте Қылмыстық және Қылмыстық іс жүргізу кодекстерінің жобалары қаралу үстінде. Осы құжаттар қабылданған кезде, бір жағынан қылмысына қарай жазалау шараларын белгілеуге қатаңырақ қарауға, екінші жағынан осы актілердің адам құқығын біздің Негізгі Заңымызда тұжырымдалғандай мұлтіксіз қорғауына қол жеткізуіміз қажет. Сондықтан қылмыспен күрес еш уақытта тоқтатылмайды. Біздің елімізде құқық қорғау органдарының жеткілікті әлеуеті бар, құқық тәртібін қамтамасыз етуге мүмкіндіктері де жеткілікті. Даңғаза рапорттардың уақыты әлде-қашан өтті. Қазір тек нақты іс керек, нәтиже керек. Қоғамдық тәртіп сақшыларымен бірге ауылдық жерлерде халықтың өзі солармен бірге қылмысқа қарсы күресті өрістетсе дұрыс болар еді.

Сұрақ:

– "Президенттік телефон желіге" келіп түскен сұрақтардың тағы бір басым көпшілігі мемлекетіміздің интеграциялық саясатына қатысты мәселелерді қозгайды. Мұны біз еліміз төуелсіздігінің 5 жылдығы қарсаңында азаттардың бойында қоғам дамуын салмақтылықпен пайымдауға деген көзқарас қалыптаса бастады деп түсіндік.

Н. Назарбаев:

– Мен де қадап айтпақын, Қазақстан үшін – төуелсіздік мәселесі айрықша маңызға ие. Төуелсіздігімізді жариялағалы бергі өткен уақыт еліміз үшін егемен мемлекет ретінде орнығы әлемдегі өз орнымызды табу, бүкіл халықаралық қоғамдастық таныған ел болу мақсатын жүзеге асыруға арналды. Біздің сыртқы саясатымыз нарықтық реформалардың негізі елдің ырғакты экономикалық дамуын қамтамасыз етуге бағытталған. Сондықтан интеграция мәселесіне келетін болсақ, дүниежүзінде мемлекетаралық қарым-қатынастың әр түрлі бағыттарын көріп отырмыз. Мысалы, Батыс Еуропалық интеграция, болмаса Солтүстік Америка мемлекеттерінің интеграциясы. Араб мемлекеттерінің немесе Қызыр Шығыс, Тынық Мұхит елдерінің интеграциясы. Мемлекетаралық осы ынтымақтастықтың себебі неде? Мәселе, қандай да мемлекеттің халықаралық ауқымда танылмайынша, әлемдік қоғамдастық тарапынан қауіпсіздік, аумақтық тұтастық пен шекаралардың мызғымайтынына кепілдік алмайынша, өз мемлекеттілігін қалыптастыру туралы әңгіме қозғау құрғақ сез болып қалатындығында. Қазіргі заманда кіші мемлекеттер интеграциясыз өмір сүре алмайды. Берін айтпағанның өзінде бұл тауар айналысы үшін де керек. Мысалы, Америкада ең сапалы ұшақ "Боинг" шығарылады. Қазақстанда сондай ұшақ жасап шығарамыз деп талпынуға бола ма? Талпының жасауға болады, бірақ мүмкіндік жоқ қой. Маман жоқ. Қажетті шикізат жоқ. Сол себепті, бізде бар затты оларға сатып, оларда бар дүниені өз елімізде пайдаға жаратуға қадам жасау қажеттілігі туындейді. Бұғінге дейін біздің республикамыз бер АҚШ-тың арасында Сауда келісіміне қол қойылды. Бұрын Қазақстанның шетелге шығатын жолы тек Ресей арқылы өтетін, қазір Иранға дейін жол салдық. Енді Қазақстанның ғана тауары емес Сібірдің де, Орта Азияның да тауарлары Үнді мұхиттына сол жол арқылы шығарылады. Қытай арқылы Тынық мұхитқа шығу мүмкіндігіне ие болдық. Сондықтан халық интеграцияның қажеттілігін түсінүі керек. Ал бұрынғыдай "мен үлкен аға, сен кіші інісің" дегенге ендігі жерде біздің қазақ халқы көнбейді. Бұғінгі таңда бүкіл дүниежүзі қазақ деген ұлт бар екенін, қазақтың жері – Қазақстан екенін біледі.

Қазақстан – көп ұлтты мемлекет. Ұлтаралық қатынас мәдениетін азаттық келісіммен ұштастыру негізінде алға жылжы беруіміз керек. Міне, Елбасы ретінде менің атқарып отырған жұмысымның басты мақсаты да осында.

ТҮЙИН:

Құрметті Президент, "Президенттік телефон желіге" келіп түскен сұрақтарға орай айтқан мазмұнды жауабыңыз үшін рахмет. Республикамыздың әр түкпірінен ел өмірінің сан қырынан сыр шерткен пікір-ұсыныстар мен мұң-мұқтаждарға толы арыз-шағымдарға Сіздің Әкімшіліктен жауап болады деп сенеміз.

Н. Назарбаев:

– Біздің қазақ халқы өзін-өзі құрметтей білуі керек. Халқымыздың "Төртеу түгел болса тәбедегіні аласың, алтау ала болса ауыздағың кетеді" деген қанатты сөзін еске алғым келеді. Дәл қазіргідей қоғамдық дамудың қын кезеңінде өз халқымыздың басы бірігуі керек. Маған халқым осындай өтпелі кезеңде өзінің тізгінің ұстартты. Бұл оңай шаруа емес. Бүкіл қазақстандықтар болып үйымшылдық танытуымыз қажет. Және де еліммен пікірлесудің мүмкіндігін пайдалана отырып, ертеңгі болшағымыз жастарға ерекше көзқарасымды тағы да қайталамақпын. Келер үшінші мыңжылдықта өмір сұру бақыты жастардың мәндайына жазылған. Жастарымыздың өз болашақ жақсы тұрмыстарының негізін өздері қалауға аяnbай жұмылатын уақыт келді. Елбасы ретінде, аманшылық болса, жоғарыда атап өткенімдей, бір-еңі жылда ауылдың мектептерін компьютерлендіру мәселеін шешкізуғе күш саламын. Қолдан келгенше үлкен демей, кіші демей шет тілін үйренуге ден қою керек. Біздің қазақ халқы – талантты халық. Билік тұтқасын ұстаған жауапты азаматтар сол таланттың көзін ашуға жәрдемді аямайық. Жеті атага дейін қыз алып, қыз бермеген бабаларымыз қандай кеменгер. Мүмкін біздің ұлттың қанының асылдылығы да содан шығар. Осы табиғи мықтылығымызды еңбеккорлықпен, біліммен ұштастыра білейік. Қайталап айтайын, алға жылжудың негізгі алғышарттары қазірдің өзінде жасалды. "Ораза, на-маз – тоқтықта" – деп айтқан халқымыздың тоқшылықта тұрмыс кешуінің негізі қалана бастады. Өзара түсіністікпен еліміздің ертеңі үшін еңбек етейік. Бұғынгі қындықтардың қуанышы мен сүйініші болары анық. Бірлігімізді, Елдігімізді сақтай білейік.

**ИНТЕРВЬЮ
ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН Н. А. НАЗАРБАЕВА
С НАРОДОМ КАЗАХСТАНА В ПРЯМОМ ЭФИРЕ***

Алматы, 18 ноября 1996 года

ВАМ ОТВЕЧАЕТ ГЛАВА ГОСУДАРСТВА

Как уже сообщала наша газета, выполняя поручение Президента Н. Назарбаева, пресс-служба Президента и Национальное агентство по делам печати и массовой информации организовали и провели прямой прием сообщений работавшей две недели Президентской телефонной линии. Жители республики имели возможность напрямую обратиться к Главе государства, задать вопросы, поделиться соображениями о ситуации в стране, предложениями по дальнейшему реформированию казахстанского общества. Многие позвонившие по этим телефонам сограждане отметили, что организация такой линии заметно расширила их возможности общения с Президентом, минуя всевозможные барьеры и условности, укрепила уверенность в его решительных действиях по выводу республики из кризиса.

И как яркое подтверждение этому – публикуемые сегодня ответы нашему корреспонденту Нурсултана Назарбаева на основную часть вопросов, которые поступили в его адрес в те осенние дни.

Н. Назарбаев:

– Прежде всего я благодарю всех казахстанцев, принявших участие в телефонной линии и придаю ей большое значение. Такая форма значительно помогает нам понять состояние дел в стране, настроение людей. Я благодарю всех за живой интерес, проявленный к процессу переустройства общества, за поддержку проводимых реформ. И даже за острые вопросы. Хотя остры они для обеих сторон, ибо в развернувшейся борьбе за достойную человеческую жизнь все мы находимся в одном окопе.

Я внимательно изучил все 855 поступивших вопросов и предложений. Их статистика свидетельствует о большом интересе и стабильном доверии разнообразных слоев населения к проводимым в стране реформам и политике. Причем продемонстрировано оно молодежью, интеллигенцией и гражданами трудового возраста, а также пенсионерами, на которых легла основная тяжесть неизбежных издержек проводимых в стране реформ.

* Газета "Казахстанская правда", 26 ноября 1996 года.

Общая тональность поступивших сообщений вполне доброжелательна, с достаточно высокой степенью понимания ситуации и надежды на скорейший выход из кризиса, что, выражая даже самые серьезные упреки в адрес исполнительных органов, граждане сделали это корректно, без озлобленности и злопыхательства.

Конечно, отметил Глава государства, за время интервью невозможно ответить на все вопросы. Но могу сказать, что все они будут переданы соответствующим республиканским и местным органам власти для решения, а также для подготовки необходимых поручений и рекомендаций. Ни один вопрос не останется без внимания.

Предлагаю начать сегодняшние ответы с самых многочисленных и больших вопросов: о пенсиях, зарплате, безработице, о предприятиях, отдаваемых в управление иноfirmам. Хотя, сказал он, если говорить откровенно, все проблемы – как пальцы на одной руке.

Корреспондент:

– Действительно, в блоке социально-экономических проблем эти вопросы являются самыми многочисленными. Председатель совета ветеранов поселка Бако Семипалатинской области Даяков Т. С. спрашивает: когда начнутся выплаты задолженности по пенсиям, "экологических" за 1,5 года, обещанных 4 минимальных окладов ветеранам Отечественной войны, по санаторно-курортному лечению? Аналогичные вопросы задают пенсионеры п. Сары-Агач Южно-Казахстанской области; Первомайского опытного хозяйства (460 человек); пенсионеры г. Кентау; председатель профкома телецентра г. Шымкента Ибраимова К.; председатель комитета объединения "Поколение" г. Алматы Савостина И. А.

Группа пенсионеров г. Алматы: Мурсалимов И. И. из совета ветеранов г. Текели; Ткачев А. – пенсионер со станции Бескол Талдыкорганской, пенсионер Дунаев Н. В. из Алматы спрашивают, будут ли наказаны виновники их обсчета. Они сообщают также, что работающим пенсионерам выплату пенсий перевели на работу, поэтому идут постоянные их задержки. Минсоцзащиты своих функций не выполняет и, по их мнению, оно просто не нужно.

Н. Назарбаев:

– Начну с последнего: вместо двух прежних образовано новое – Министерство труда и социальной защиты, назначен новый министр – Коржова Н.А., грамотный финансист. Именно такой профессионал и нужен сегодня, чтобы управлять пенсионным фондом занятости. Мы надеемся на нее.

Действительно, пенсионеры – та категория людей, которая не в состоянии повлиять на свое социальное положение. Именно они и оказались менее всего защищенными. Поэтому целью социальной политики Правительства стало оказание помощи более адресного характера. Около 20% населения республики было охвачено различными видами государственной поддержки. В 1995–1996 годах проведено 6 массовых перерасчетов пен-

сий, пособий и иных социальных выплат. Средний размер пенсий на конец сентября возрос против прошлого года на 65% и составил 3088 тенге, а стоимость продовольственного набора, состоящего из 33 основных продуктов питания, в августе составила 2235 тенге. Предусматривается возможность нового повышения пенсий уже в этом году.

Осуществляется социальная защита безработных путем выплаты пособий, оказания им материальной помощи, их профессиональной подготовки и переподготовки, повышения квалификации, направления на оплачиваемые общественные работы.

Однако задержка выплаты пенсий и других социальных пособий сегодня приобрела хронический характер. Задолженность плательщиков перед пенсионным фондом составляет более 43 млрд. тенге. Народным банком на погашение задолженности по выплатам пенсий выделено около трех млрд. тенге. В результате вся задолженность за прошлые годы погашена. Подобное положение сложилось в результате нерегулярного поступления страховых взносов в пенсионный фонд. Эта работа поставлена крайне слабо. Выплаты же по экологическим надбавкам будут производиться после решения вопроса с задолженностью по пенсиям.

Большую группу пенсионеров составляют инвалиды и участники Отечественной войны. Мы провели индексацию их вкладов в Сбербанке, предоставили ряд льгот. Частично освободили от оплаты за эксплуатационные расходы или квартирной платы, от налога на имущество. Они не платят за лечение, лекарства, оптику, за газ, электроэнергию, телефон, за проезд в общественном транспорте.

В будущем нам следует изменить систему пенсионного обеспечения в принципе. Существующая солидарная система берет свое начало еще из прошлого века. Суть ее в том, что нынешнее поколение обеспечивает старость своих родителей.

Это пирамида, на верху которой небольшое количество пенсионеров, а внизу – масса работающих. В новых условиях ситуация меняется коренным образом: число пенсионеров увеличивается, а работающих – уменьшается. Поэтому каждый должен обеспечивать себе пенсию сам в течение всей трудовой деятельности. Но для этого нам необходимо подвергнуть реформе всю систему пенсионного обеспечения, отработать законодательную базу.

Работа по совершенствованию законодательства, упорядочению системы льгот, реформированию пенсионного обеспечения, порядка формирования доходов пенсионного фонда практически начата. С 1 июля уже введен в действие Закон о внесении изменений и дополнений в пенсионное обеспечение граждан, приняты законы "Об обязательном социальном страховании", "О негосударственных добровольных пенсионных фондах". Идет работа над проектом нового Кодекса о труде.

Корреспондент:

– Есть еще одна малообустроенная в социальном плане группа людей. Это военные. Вот что сообщает подполковник Исмагулов из Алматы. В Указе Президента от 21 декабря 1995 г. "О республиканском бюджете на 1996 г." предусмотрена минимальная зарплата, соответственно, повышена заработка плата бюджетникам. Однако указ не соблюдается. Зарплата не увеличена. Контролирует ли кто его исполнение?

И второй вопрос. Согласно Указу Президента от 29 мая 1996 года изъяты классность и секретность. А Законом РК "О статусе и социальной защите военнослужащих и членов их семей" предусмотрено: если изымаются права и льготы, то они должны компенсироваться дополнительными правами и льготами. Однако до сих пор он не исполняется.

Н. Назарбаев:

– Да, это еще одна наша боль. Эту проблему мы рассматриваем не только как повышение жизненного уровня военнослужащих, но и как повышение престижности этой профессии.

Теперь о вопросах. Кроме названных подполковником Исмагуловым документов напомню еще об одном. Постановлением Правительства "Об оплате труда отраслей экономики Республики Казахстан" работникам бюджетных организаций заработная плата повышается поквартально. Военнослужащим денежное довольствие было повышенено на 22% с 1 января 1996 г. Но с этого же времени они были лишены 15% надбавки к должностному окладу за службу в отдаленной местности. В результате военнослужащие стали получать денежное довольствие ниже заработной платы работников бюджетных организаций. В этом суть конфликта. Я дал поручение разобраться в этом.

Теперь по второму вопросу. Путаница происходит из-за обилия разного рода документов. Указом от 29 января 1996 г. отменены выплаты вознаграждения за особые условия службы, классную квалификацию, а также добавочные виды денежного довольствия. В то же время не было отменено Постановление Кабинета Министров 1992 года "О реализации Указа Президента Республики Казахстан от 16 марта 1992 г. "О мерах по социальной защите военнослужащих и лиц, уволенных с военной службы, на территории Республики Казахстан", устанавливающее размеры указанных видов надбавок. Главный штаб Вооруженных сил направил в Минфин запрос о правомочности применения данного постановления, но ответа так и не получил. Вот такова порой "оперативность" наших министерств.

Таким образом, отмена некоторых указов Президента, касающихся оплаты труда военнослужащих, вызвана необходимостью приведения их в соответствие с Конституцией РК, а также Указом от 29 января 1996 г., утверждающим единую оплату труда работников государственных бюджетных органов. Необходимо систематизировать установленные ранее надбавки и доплаты к должностным окладам военнослужащих, которые не относятся к категории льгот. Правительством готовится проект указа по опла-

те труда военнослужащих, которым и будет определен перечень надбавок к должностным окладам с учетом особенностей прохождения службы в различных родах войск.

Корреспондент:

– Многие граждане затронули вопросы, связанные с передачей предприятий в управление иностранным компаниям. Они спрашивают: кто и когда выплатит долги тех предприятий, которые переданы иностранным фирмам? Как быть предприятиям, если их не освобождают от долгов бюджету и собственным коллективам, кредиторам и банкам? Учитывало ли Правительство политические последствия подобных шагов? Такие вопросы задают алматинцы Кузьмин, Иванов В. И., Егизбаев Н., Филатов Г. И. и др.

Н. Назарбаев:

– Кстати, алматинцы оказались самыми активными: на их долю приходится более половины всех заданных вопросов.

Теперь о сути вопроса. Передача под внешнее управление ряда наиболее значимых предприятий была обусловлена их тяжелейшим финансово-экономическим положением. Отсутствие оборотных средств привело на грань остановки ГАО "Карметкомбинат", Соколовско-Сарбайское ПО. Проставляли предприятия фосфорной подотрасли, предприятия цветной металлургии находились на грани банкротства. Здесь месяцами не выплачивалась зарплата, из-за отсутствия оборотных средств сокращались объемы производства, росла кредиторская задолженность. Положение усугублялось кризисом неплатежей.

В этих сложных условиях для оздоровления финансово-экономической ситуации ряда несостоятельных должников были применены внесудебные процедуры известного Указа "О банкротстве". Для осуществления реорганизационных структур по каждому предприятию были созданы постоянные комиссии, на которые возложены и вопросы восстановления их платежеспособности с целью недопущения банкротства.

Сегодня на этих предприятиях за счет привлечения иностранных инвестиций и проведения системных мер по оздоровлению финансово-экономической ситуации происходит оживление производства, пополняются оборотные средства, работники своевременно получают зарплату, принимаются меры по увеличению объемных показателей. Принятые меры способствуют оживлению деятельности ряда других производств: ликвидирована задолженность энергетикам, а те рассчитываются с железнодорожниками. Идут своевременные выплаты в бюджет, в пенсионный фонд, своевременно выдается зарплата. А все это – своевременная выдача пенсий, зарплаты учителям, врачам.

Существующая экономическая ситуация пока еще не позволяет предприятиям ликвидировать всю кредиторскую задолженность, особенно сложившуюся до передачи во внешнее управление. Необходимо время. Если

начать отвлечения оборотных средств на погашение кредиторской задолженности, как предлагают кредиторы, это приведет к дефициту средств в основном производстве. Без оздоровления и доведения объема выпускаемой продукции на этих предприятиях хотя бы до прежних уровней возвращение задолженностей будет более чем проблематичным.

Кредиторам же нужно руководствоваться постановлением "О предоплате расчетов за поставляемую продукцию и оказываемые услуги", что во многом позволит смягчить кризис неплатежей. По законодательству взаимоотношения между хозяйствующими субъектами должны строиться на договорных условиях. Одним из механизмов компенсации задолженностей считаю необходимым законодательно закрепить продажу кредиторам части акций акционерных обществ в счет погашения долгов. Что касается задолженностей отдельных предприятий в бюджет, то их частично можно выплатить за счет увеличения уставного фонда этих акционерных обществ с последующей реализацией их акций через аукционные торги.

Корреспондент:

– В ряде обращений (Сидоренко И. П., электрик из Кокшетау, и другие) звучит тревога, связанная с языковой политикой, особенно в связи с обсуждающимся новым законопроектом о языках. Конституция республики гарантировала равенство граждан по этому признаку. Тем не менее на местах еще не изжиты недостатки и даже злоупотребления в этом отношении.

Н. Назарбаев:

– Наблюдение достаточно верное. Государство своей Конституцией гарантирует свободное развитие и становление языков всех народов Казахстана. Попытки какой-либо дискриминации по языковому признаку – прямое ее нарушение. И если они есть, они будут пресечены на любом уровне.

Определяющим аспектом процесса создания системы европейской безопасности в настоящее время является то обстоятельство, что в Европе появился целый ряд самостоятельных государств, сформировавшихся после распада СССР. Эти государства находятся лишь в начале пути демократического развития, и роль ОБСЕ в поддержке этих преобразований трудно переоценить. В связи с этим вопросы человеческого измерения становятся ключевыми в плане обеспечения стабильности на пространстве Европы. В неразрывной связи с остальными компонентами модели безопасности должны находиться социально-экономические и экологические аспекты. Ослабление внимания к этим проблемам может привести к катастрофическим последствиям и в определенной степени спровоцировать военные конфликты в будущем. Поэтому Казахстан полагает целесообразным создание в перспективе в рамках ОБСЕ института по социальным и экологическим вопросам.

Казахстан приветствует заключение Договора о всеобъемлющем запрещении испытаний ядерного оружия. Наше государство первым на планете закрыло ядерный полигон – Семипалатинский. Свидетельством нашей приверженности идеалам нераспространения ядерного оружия стала ликвидация четвертого в мире по своей разрушительной мощи ракетно-ядерного арсенала.

Наша страна, будучи участником Договора об обычных вооруженных силах в Европе, разделяет оценку договора как ключевого элемента европейской безопасности и поддерживает усилия сторон по его адаптации применительно к новым реалиям. Мы также рассматриваем сотрудничество в области обеспечения региональной безопасности как неотъемлемую часть усилий по укреплению мира в глобальном масштабе. В этом смысле ОБСЕ является уникальной европейской структурой, самим своим существованием доказывающей, что географические рамки не являются барьером для определения зоны ответственности региональной организации. Эта особенность ОБСЕ является чрезвычайно важной для трансконтинентальных государств, к которым относится и Казахстан.

В своих устремлениях к укреплению мира мы исповедуем евразийский подход. В его основе лежит принцип сотрудничества государств на основе развивающихся интеграционных цивилизационных тенденций. Естественно, что реализация данного принципа активно влияет на снижение конфликтного потенциала, который в некоторых регионах приобрел взрывоопасный характер.

Именно поэтому мы считаем, что в соответствии с требованиями достижения общей безопасности необходимо избегать создания разделительных линий между ОБСЕ и аналогичными ей структурами в других регионах. Полагаю, что задача установления отношений ОБСЕ с региональными организациями в сфере безопасности, локализованными не только в Европе, но и за ее пределами, становится все более настоятельной. Для нашей страны это крайне важно. И вот почему?

Казахстан инициировал процесс созыва Совещания по взаимодействию и мерам доверия в Азии (СВМДА). Уверен, что этот процесс в Азии, как и в других крупных регионах планеты, будет развиваться. Несомненно, при этом будет учтен положительный опыт европейского сотрудничества, хотя в незначительной степени сыграют роль и отличительные, специфические особенности азиатского сообщества государств. С учетом этого полагаю полезным для ОБСЕ уже сейчас отрабатывать эффективные механизмы сотрудничества с другими региональными организациями Евразии.

Мы глубоко убеждены, что подлинную безопасность на планете можно обеспечить лишь при условии гармоничного взаимодействия всех структур безопасности. Поддерживая разработку модели безопасности, налаживание партнерских отношений с другими организациями в сфере безопасности, мы считаем, что все же необходимо избежать дублирования их функций. И прежде всего с функциями Организации Объединенных Наций.

Второе тысячелетие после рождества Христова подходит к концу. Вспомним, что начало этого тысячелетия ознаменовалось вооруженным противостоянием и кровавыми расправами на конфессиональной основе – между католиками и православными, между христианами и мусульманами. Именно тогда начались печально известные крестовые походы, резонанс от которых ощущается до сих пор. Все религиозные люди осознают, что Бог един для нас всех. Однако на протяжении тысячелетия люди убивали друг друга с его именем на устах. Неужели отдельные трактовки и конфессиональные каноны важней человеческой жизни и безопасности людей?

Тысячелетие бурной истории человечества заканчивается, но, к сожалению, опасность религиозных противостояний и конфликтов не исчезла. Поэтому существенным элементом системы безопасности должны стать механизмы сглаживания и устранения такого противостояния. Опыт моей страны, Республики Казахстан, убеждает, что это необходимо и возможно.

Казахстанские христиане и мусульмане, представляющие основные религиозные конфессии, живут в мире и взаимном уважении. Мы мечтаем, чтобы то же самое происходило на всей планете.

Казахстан за почти пятилетний срок сотрудничества с ОБСЕ установил прочные связи с этой организацией. Мы развиваем сотрудничество практически со всеми институтами ОБСЕ. При этом особо следует выделить наши активные контакты с Тройкой, Секретариатом ОБСЕ, Верховным комиссаром по делам национальных меньшинств, а также с Бюро по демократическим институтам и правам человека. Развиваются связи парламентариев Казахстана с Парламентской Ассамблей ОБСЕ. Мы положительно оцениваем факт создания Бюро по связям ОБСЕ в Центральной Азии.

Хотел бы заверить, что Казахстан и впредь будет стремиться к честному и заинтересованному партнерству с ОБСЕ.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ
Н. Ә. НАЗАРБАЕВТЫң АВСТРАЛИЯДАҒЫ РЕСМИ САПАРЫ
БАРЫСЫНДА ІСКЕР ТОП ӘКІЛДЕРІМЕН КЕЗДЕСУІНДЕ
СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ***

Сидней, 13 желтоқсан 1996 жыл

Күрметті ханымдар мен мырзалар!

Қазақстан Республикасының басшылығы мен үкіметінің атынан және жеке өз атымнан Австралия іскер топтарының әкілдерін шын жүректен құттықтаймын.

Бүгінгі кездесу мен оған қатысушылардың әкілетті тобы біздің елдеріміздің үкіметтері мен іскер топтарының Қазақстан – Австралия қарым-қатынастарын дамыту мен тәздетуге, ұзақ мерзімді тиімді ынтымақтастықты қүшеттүгіне, экономика, өнеркәсіп және сауда саласындағы келісімдерге қол жеткізуге деген зор ынталылығын айқын көрсетеді. Мұндай тікелей өзара қарым-қатынастарымыз ұзақ мерзімді экономикалық, саяси, ғылыми және мәдени байланыстарымыздың бүкіл кешенін қалыптастыруға берік негіздер қалайды деп үміт етемін.

Іскер топтардың әкілі сіздермен кездесу мен үшін ерекше ғанибет. Өйткені, менің сіздердің елдерінізге келген сапарымның бір мақсаты – өзара тиімді ынтымақтастықтың нақты жолдарын іздестіру.

Австралиямен байланыс орнатуға біз зор көніл бөліп, маңыз беретінімізді және XXI ғасырға бағытталған сындарлы әріптестік қарым-қатынастар қалыптастырамыз деп үміттепетінімізді атап айтқым келеді.

Қазақстан – Австралия қарым-қатынастарының негіздері жоғары дәрежелі бірқатар сапарлар нәтижесінде қалыптасты. Қазақстанда Австралияның Сыртқы істер министрі, одан соң Генерал-губернаторы болып қайтты. Өз кезегінде Қазақстанның Премьер-министрі бастаған үкімет делегациясы сіздердің елдерінізге келіп кетті. Сейтіп, қол жеткен өзара келісімдердің нәтижесінде елдеріміз арасындағы экономикалық байланыстарды едәуір ілгері жылжытудың сәті түсті. Біз қазірдің өзінде-ақ телекоммуникация, тау-кен өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы саласында қалыптасып келе жатқан ынтымақтастықтың нақты бағыттары туралы айта аламыз.

Мен Австралияның "Телстра", "Би-Эйч-Пи", "Мунстоун Майнен", "Вестерн Майнинг", "Степ голд" сияқты басқа да бірқатар белгілі компанияларының

* "Егемен Қазақстан" газеті, 21 желтоқсан 1996 жыл.

экономиканың әртүрлі салалары бойынша әралуан ірі-ірі жобаларды жүзеге асыру бағытында Қазақстанда атқарып жатқан белсенді жұмысын құттықтаймын. Дүниежүзілік іскер өлемде беделі зор "Нью-Крест Майнинг" сияқты компанияның қазақстандық әріптестерімен тығыз ынтымақтастық орнатуға мүдделі болып отырғанын қанағаттанғандық сезіммен атап айтқым келеді. Біздің елімізде "Қазақстан-Австралия" ассоциациясы жұмыс істейді. Біздің елдерімізді бір-бірінен орасан зор қашықтықтың бөліп жатқанына қарамай, бізге австралиялық бизнестің келіп жетуі барған сайын елеулі түрде сезіліп отыр.

Бұл ретте мен австралиялық бизнесмендерді лайықты бағалаймын. Бұл деректерден мен дәл есепке негізделген Қазақстанның лайықты әріптес болуға зор перспективасы бар деген ақықат нәрсені айқын түсінушілікті көремін. Біздің өзара тиімді байланыстарымыз екіжақты экономикалық қарым-қатынастарымызды сапалық жағынан жаңа деңгейге көтере алатыны сөзсіз.

Алайда екіжақты өзара тауар айналымының қазіргі көлемі өзірше біздерді де, сіздерді де қанағаттандыра алмайды. Өйткені, былтыр оның мәлшері үш миллион АҚШ долларынан сәл ғана асса, биылғы тоғызы айда ол бес миллионға жуық деңгейде болды. Сонда біздің елдеріміздің қолда бар мүмкіндіктері шынымен-ақ осы деңгейге ғана сай келеді деуге бола ма?

Сіздер мынаны білуге тиіссіздер. Қазақстандағырынок өмір шындығына айналып келеді. Оның үстіне, қазір бір реформаның жаңа кезеңіне – инвестициялық кезеңіне еніп отырмыз.

Бүгінгі Қазақстанда біздің дүниежүзілік қауымдастықта енуімізді шапшандатуға қабілетті қолайлар жағдайлар толық жеткілікті. Мұның өзі – республиканың аса ірі көлік жолдары тоғысқан торапта орналасуына байланысты қолайлар географиялық жағдайы, орасан зор табиғи байлығы, жоғары білімді халқы, тұрақты саяси жағдайы бар деген сөз.

Қазақстан экономиканың барлық саласында да мол мүмкіндіктерге ие. Оның ең бастыларын ғана айта кетейін. Бізде, дүниежүзілік өлшем бойынша алғанда, ең ірі металлургиялық, тау-кен өндірісі, машина жасау кәсіпорындары бар, женіл өнеркәсіп пен өңдеуші агроөнеркәсіп кешендері де аз емес. Біздің елімізде мұнай-газ өндірісі саласында да орасан зор перспективалар жеткілікті. Қөптеген шетелдік саралышылар XXI ғасыр Қазақстан мұнайының ғасыры болады деп санайды. Шамасы, мұның өзі кездейсек айтыла салған сез болмаса керек. Біздегі мұнай қоры ондаған миллиард тонна деп есептеледі. Соның өзінде біздегі қөптеген кен орындарына әлі де толық барлау жасалып біткен жоқ. Теніз, Королев кен орындарына, Қарашығанаққа, Каспий теңізі шельфіне қазір дүниежүзіндегі ең ірі мұнай компанияларының барынша ынта қойып, назар аударып отырғаны тіпті де тегін емес.

Қазақстан сонымен қатар электр қуатын да мол мәлшерде өндіреді. Республикада елуден астам электр стансасы, бір атом стансасы және бес

су-электр стансасы бар. Қемір қоры да орасан бай – жыл сайын 130-140 миллион тонна көмір өндіріледі. Әр түрлі минералдардың 70-ке жуық жаңа кен орындары ашылды. Хром рудасының, вольфрам мен қорғасынның, мырыштың, мыстың, боксит пен фосфориттің қорлары да едәүір мол. Республика аса мол мөлшерде темір рудасын өндіреді. Біздің елімізде тіркелген алтын өндірілетін кендер де аз емес.

Экономиканың аграрлық секторы да аса ірі. Астық өндіру, атап айтқанда жоғары сапалы бидай өндіру жағынан Қазақстан дүние жүзіне кеңінен мәлім. Ол экспортқа астық шығарушы ел ретінде де жақсы танымал. Республикада мал шаруашылығы секторының, өсіреке ірі қара мен қой-ешкі өнімдерін өндірудің үлес салмағы да едәүір.

Алдағы жылдарда Қазақстанның экспортқа өнім шығару мүмкіндігінің негізін оның дәстүрлі мұнай, газ, металлургия, химия және агроенеркесіп кешендерінің өнімдері құрайтын болады. Бұл ретте бізде шетелдік инвестицияларды ынталандыру бағдарламасы жасалған. Бұл жерде өңгіме экономиканың ауыл шаруашылығы, азық-түлік және энергетика өнеркесібі, тұсті және қара металлургия, өндіріс қалдықтарын қайта өндеу, медицина өнеркесібі, тұтыну тауарларын өндіру сияқты басқа да бірінші кезекте маңызы бар секторларындағы жобаларды жузеге асыру туралы болып отыр. Шетелдік инвесторлар қатысатын жобалардың қай-қайсысы да зандық және экономикалық жеңілдіктерді пайдалана алады.

Бізде Шетелдік инвестиция туралы, Сыртқы экономикалық қызмет неғіздері туралы, Ерікті экономикалық аймақтар туралы зандар қабылданған. Олар шетелдік инвесторлар үшін жеткілікті мөлшердегі қолайлы жұмыс тәртібін қамтамасыз етеді. Шетелдік инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитет құрылған. Оған Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің осы жерде қатысып отырган бірінші орынбасары Есімов мырза басшылық етеді. Ол сіздерге біздегі инвестициялық мүмкіндіктер туралы, қолайлы инвестициялық ахуал қалыптастырудың принциптері туралы егжей-тегжейлі айтып беретін болады.

Менің мына жағдайды атап көрсеткім келеді. Біз Қазақстанның даму перспективаларын жалпы алғанда оптимистік түрғыдан оң бағалаймыз. Алайда мұның өзі өтпелі кезеңге тән қындықтарға, экономиканы нарықтық қатынастарға қарай бұруға байланысты күрделі де ірілі-ұсақты проблемалар жоқ деген сөз емес. Біз бұл ретте экономиканы реформалау міндеттерін шетелдік іскер топтарды кеңінен қатыстырмайынша, тиімді түрде шешудің сәті түсे қоймайтынын жақсы білеміз.

Сондықтан да біз австралиялықтардың өз капиталдарын тиімді жұмсайтын лайықты салалар мен объектілерді Қазақстаннан әрқашан таба алатынына әбден сенімдіміз. Мен сіздерге зор табыс тілеймін. Үнта қойып тыңдағандарыңыз үшін үлкен раҳмет!

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ
Н. Ә. НАЗАРБАЕВТЫң АВСТРАЛИЯДА БОЛҒАН РЕСМИ
САПАРЫНЫң ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ БОЙЫНША ҚЫСҚАША
СҰХБАТЫ***

Сидней – Куала-Лумпур, желтоқсан 1996 жыл

"Егемен Қазақстан":

– Соңғы жылдары Азия және Тынық мұхит аймағындағы елдермен біраз келісімдер жасалды. Ал Австралияда өзініз діттеген мәселелерді шеше алдыңыз ба?

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ:

– Біз еліміздің тәуелсіздігінің 5 жылдығы қарсаңында жердің түбінде, Тынық мұхитының ортасында жатқан Австралия деген континентті таныдық. Біздің ата-бабамыздың аяқ баспаған жері. Шақырғалы екі жыл болып еді. Жол түспеді. Дегенмен, алыс жатқан мемлекет болса да 1991 жылдың аяғында алғашқылардың бірі болып біздің тәуелсіздігімізді мақұлдаған Австралия болатын. Алыс-жақын деген саясатта болмайды. Біз дүниежүзіндегі барлық мемлекеттермен қарым-қатынас жасап жатырмыз. Соның ішінде Австралияға келуіміздің түрлі себебі бар. Бұлардың табиғаты мен байлығы Қазақстанмен бір. Мысалы, Канада мен Австралия екеуінің жер қойнауындағы көмір, темір сияқты қазба байлықтарды өндірудің ерте иерген жоғары технологиясы бар. Сондықтан, бұларда капитал бар. Оны Қазақстанға тарту керек, жаңа технологияны ендіру қажет. Мысалға, австралиялықтар Қазақстанда қазірдің өзінде алтын өндіру мәселелерімен шұғылданып жатыр. Қазір тұрғындарының барлығының қалтасында жүрген сымсыз телефондың ең бірінші жасаған австралиялықтар болатын. Қостанай, тағы бір басқа облыста бірнеше аудандардан жер алып, егін салды. Салығын төлеп, бидайды қайтарып алды. Мемлекетаралық ынтымақтастық деген осы. Бұл экономикаға қажет. Ал саясат жағынан Тынық мұхиттың ортасындағы құрлықтағы үлкен мемлекеттің өзінің территориясы да бізге ұқсас. Халқының саны 18 миллион. Австралия американдықтармен де, Еуропамен де бірдей қарым-

* "Егемен Қазақстан" газеті, 21 желтоқсан 1996 жыл.

қатынас жасайтын мемлекет. Саяси жағынан мынау АСЕАН деген үйімға, Шығыс Тынық мұхиттағы экономикалық үйімдастыққа мүше және солардың белді мемлекетінің біреуі болып саналады. Сондықтан Оңтүстік Шығыстағы үйімға кіру – Қазақстан үшін болашақ үлкен міндеттердің бірі. Осы жағынан да бізге қолдау керек. Сондықтан мұндағы жүргізілген келіссөздер және қол қойған құжаттардың мәні зор. Кесіпкерлер қолдау танытты. Бұл Қазақстанға болашақта саяси қолдау үшін де, экономикалық даму үшін де қажет.

Индияға барған сапардың да өз жөні бар. Үндістанға да, Австралияға да жаңа басшылар келді. Сондықтан жаңа басшылармен бұрынғы қарым-қатынасты бекітіп, жаңа бағыттар жасау керек. Дүниежүзілік қоғамдастықта мұнданың мемлекеттермен Қазақстанның қарым-қатынаста болуының әрі саяси, әрі экономикалық тиімділіктері бар. Сондықтан сапар алдына қойған мақсатына жетті. Енді ауылға қайтуға болады.

... Ресми сапар аяқталды. Самолет қанатында ажарлы Австралия қалып барады. Алда – Алматы!

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ
Н. Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТӘУЕЛСІЗДІГІНІҢ 5 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН САЛТАНАТТЫ
ЖИНАЛЫСТА ЖАСАҒАН БАЯНДАМАСЫ***

Алматы, 16 желтоқсан 1996 жыл

**ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІ:
ТАРИХ ТАҒЫЛЫМДАРЫ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЗАМАН**

**Салтанатты жиналышқа қатысушы қымбатты достар!
Қымбатты отандастар!**

Баршаңызы, сіздер арқылы бүкіл Қазақстан халқын біздің қайта туған мемлекетіміздің тұнғыш мерейтойымен – тәуелсіздігіміздің бес жылдық мөрекесімен шын жүректен құттықтаймыз!

Осынау ұлыстың ұлы күні – ет жүргегі Отан деп соққан әрбір азаматтың қасиетті мерекесі, еліміздің ең басты тойы.

Тәуелсіздіктің бес жылы – тым терендең тұжырым түйіп, барынша байыпты баға беруге аздық ететін келте кезең. Бірақ, Қазақстанның тәуелсіздігінің тарихы алдағы болашаққа қарай зымырап бара жатқан біздің ғасырдың соңғы онжылдығына ғана тіреліп тұрған жоқ. Біздің халқымыз тарихтың қатпар-қатпар қыртыстарына тамырын терең жіберген қыын да қызықты, талайлы тағдыр кешті. Ол, негізінен, тәуелсіздік жолындағы күрес-пен өтті. Бүгінгі Қазақстанның алдына уақыт қойып отырған міндеттердің ауқымы мен артар жауапкершілік жүргін әлгіндей оқиғалардың жанды тізбегін, ата-бабаларымыздың жүздеген үрпақтарының жанын жай таптырмаған азапты ізденістерін ескермей тұрып бағалауда да, бағамдауда да қыын.

Қазақстанның тәуелсіздік тарихы аппак парақ бетіне күні кеше түсে қалған жоқ, оның көне дәстүрлері бар. Бүгінгі күнді түсініп-түйсіну үшін де кешегі кезеңге көз жіберуіміз керек.

Біздің мемлекетіміздің тарихи белестері.

Осыдан бір жарым мың жылдай бұрын біздің ата-бабаларымыз өздерінің тұнғыш ұлы мемлекетін – Түркі қағандығын құрды. Еуразиядағы көптеген мемлекеттер, олардың ішінде біздің еліміз де сол қағандықтың бүгінге келіп жеткен сілемі болып табылады.

Ұлан-ғайыр аумақта арлы-берлі жәңқіліп күн кешкен Азия көшпендейлері тұтас құрлықтардың этникалық және мемлекеттік келбетін талай өзгеріске түсірді. Түркілердің көшпелі және жартылай көшпелі тайпалары бүгінгі көптеген халықтардың, ең алдымен түркі тілдес халықтардың қалыптасуына негіз

* "Егемен Қазақстан" газеті, 17 желтоқсан 1996 жыл.

жасап берді. Олар ұлан-ғайыр аймаққа орналасты. Бір шеті сонау Саха елінен бастап, екінші шеті сонау Жерорта теңізіне дейінгі аралықтағы 10 мың шақырым жерді жайлап жатты.

Бір елден кейін бір елді жаулап алып, жетінші ғасыр мен он үшінші ғасырдың аралығында жер-жаһанға қанатын жайған арабтарды, ұлы географиялық жаңалықтар кезеңінен кейін ашылған құрлықтарды, отаршылдықпен басып алған европалықтарды қоспағанда, бұрын-соңды бірде-бір халық немесе, тілті, халықтардың тұтас бір тобы мұндай аса ұлан-ғайыр аумақты қоныстанып көрмепті.

Осыншама ұлан-байтақ аумақты басқалар емес, тап көшпендейлердің итеретін жөні де бар. Өйткені олар қоғамдық өндірістің ерекше табиги жағдайларға бейімделген, төрт түлікті бағып-кутуге лайықталған бітімі бөлек мәдени-шаруашылық түрпаратын жасақтады. "Жылқы ысқырса желдікі, айдаса жаудікі" дейді қазақ. Сондықтан да көшпелілер малшығана емес, жауынгер де бола білді. Әскери тұрғыдан даусыз басымдығының арқасындағана көшпелі халықтар өлгіндей кең-байтақ аймақтарға ие бола алды.

Түркі көшпендейлерінің әлем тарихында алар орны ерекше. Сан ғасырлар бойында түркілер құрган империялар, о баста жаугершіліктің арқасында дүниеге келгенімен, бара-бара едәуір дәрежеде өркениетті рөл де атқарды. Сондықтан да көшпелілерге "жабайы ордалар" деп қараша тарихи әділеттілікке жатпайды. Оның үстінен әлемдегі көптеген мемлекеттердің – Қытайдың, Үндістанның, Мысырдың, тағы басқа елдердің дамуына көшпелілердің қосқан үлесі қомақты екені даусыз.

Түрік қағандығы тұсында бастау алған мемлекеттігімізді кешегі тарихи оқиғалар көп өзгеріске ұшыратты. Еуразия құрлығының келбетін Шыңғысханның басқыншылығы астаң-кестең етті. Монғол шапқыншылығы Қазақстан аумағында халықтың қалыптасуын күрт тоқтатып таставды. Ірі тайпалар тобы сапырылысқа түсіп кетті. Қыпшақтардың бір тобы Қазақстанның солтүстігі мен Батыс Сібірдің ту сыртына көшті. Қуғынға түскен наймандар мен керейлер де солай қарай жөңкілді. Қыпшақтардың талайы Жерорта теңізінен Үнді мұхиты мен Тынық мұхитқа дейінгі аралықтағы елдерге тарап, сіңіп кетті. Амалсыз қоныс аудару монгол билігі орнағаннан кейін де тоқтай қалған жоқ. Монгол билеушілері Шығыс Қазақстан мен Жетісудың шүрайлы жайылымдарын басып алды. Сол жерлердегі тұрғылықты халықтың тозтозын шығарды. Өздері меншіктеген өлкелерді ұлыс-ұлысқа бөліп таставды. Бұл этникалық тұрғыдан туыстас тайпалардың бір-бірінен қол үзіп, бөлшектеніп кетуіне әкеп соқтырды. Басқыншылық біткеннің бәрі де қатыгездікпен жүзеге асырылатынында дау жоқ. Дегенмен, басқа жайды да естен шығаруға болмайды. Елді бір орталықтан басқарудың негізі тап кезеңде қаланған-ды. Тап сол ұлыстардың негізінде кейіннен Батыс, Оңтүстік, Солтүстік хандықтары құрылды. Шыңғысхан көшпелілерді қарудың күшімен біріктіргенде бір орталықтан билік жүргізуі және салық төлетуді қөздейген болатын. Бұл өз кезегінде, қазақ жерінің бірігуіне жағдай жасады.

Монгол империясының қиратылған жүртүнда көптеген мемлекеттер дүниеге келді. Қазақстан жерінде басқыншылық тоқтатып тастаған халықтың, мемлекеттің қалыптасу процесі қайта өріс алды.

Қазақ хандығының дүниеге келуі – монгол басқыншылығы қарсаңында қазіргі Қазақстан жерінде бастау алған әлеуметтік-экономикалық және этносаяси процестердің занды нәтижесі болды. Қазақ мемлекетінің дүниеге келуі Жәнібек пен Керей хандардың есімдерімен, ал 1480 жылдан бастап Бұрындық ханның атымен байланыстырылады. XV ғасырдың үшінші бөлігінде Жетісусудағы тайпалар мен рулардың бірте-бірте Қазақ хандығына қосылуы үдей түсті. Сырттан қазақ билеушілерінің қысымы жиілеп, іштен алауыздық қүшейіп, бір кездегі тегеуірінді Моголстан хандығы бет-бетіне бытырап кетті. Могол билеушілері Солтүстік Үндістан мен Шығыс Түркістанға ығысуға мәжбүр болды. Осы кезеңде қазақ хандары Орта Азияға иелік еткен хандармен Сыр бойындағы қалалар үшін кресті өршітті. XVI-XVII ғасырларда Қазақ хандығы нығайып, шек-шенбері кені түсті. Енді оның аумағы қазақтардың этникалық жер-суларының негізгі бөлігін тұтасқа жуық қамтитын болды. Шектес жатқан Орта Азиямен, Астрахан, Сібір хандықтарымен, Орыс мемлекетімен алыс беріс, барыс-келіс жиіледі. Тұған жерді түгендеуді тездете түскен көрнекті қазақ хандарының арасында Қасым ханның орны айрықша.

Қазақ мемлекетінің құрылуы оның құқықтық негізін жасақтауға мүмкіндік берді.

Сол дәуірдегі заң жәдігерліктері деп біз бүгінгі күнге жетпей қалған – "Қасым ханның қасқа жолын", осы дәуірге дейін сақталған Тәуке ханның "Жеті Жарғысын" атайды.

Қазақ даласына қай кезде де дүшпан көздің сұғы көп қадалған. XVIII ғасырдың басынан бері қарай Қазақстанның сыртқы саяси жағдайы құрт шиеленісіп кетті. Батыс жақтан Орал казактары қолтығына су бүріккен Еділ қалмақтары шабуылдай бастады. Жайық бойындағы ен шалғынға башқұрттар таласуын қоймады. Оның үстіне қалмақтар да, башқұрттар да орыс патшалығының бодандары еді. Мұның өзі, айналып келгенде, орыс-қазақ қатынастарының шиеленісе түсініне себепкер болды.

Дегенмен, басты қауіп шығыстан, ойраттардың бір орталықтан басқа-рылатын қуатты көшпелі мемлекеті – Жоңғар хандығы тарапынан төніп тұрды.

Орталық Азия тарихындағы осы бір қыын-қыстау кезеңде қазақ халқы азулы басқыншыға қарсы екі жұз жылдық крестің ең ауыр жүгін жеке өз мойнымен көтерді. Бұл жолда елім деп еніреген ерлер мен кемел қолбасшыларды алға шығарды. Бөгенбай, Қабанбай, Наурызбай, Тайлақ, Санырық, Малайсары, Есет, Жәнібек сияқты көптеген батырлар сондай тұлғалар болды. Олардың ерен ерлігін халық жырға қосып, атын аңызға айналдырды. Ер есімі – ел есінде. Еркіндік алған елдің бүгінгі үрпақтары өздерінің батыр бабала-рына тағзыым етіп, өзіз аттарын ардақтайтыны әбден әділетті іс.

1726 жылды Түркістанның оңтүстік-шығыс бетіндегі Ордабасы биігінде қазақтың барлық тайпалары мен руларының жақсысы мен жайсанының басы

қосылған ұлы жиыны өтті. Сол жиында бүкіл қазақ қосынының басын біріктіру жөнінде тарихи мәні ерекше шешім қабылданды. Халықтың үш ұлы перзенті – Әлібек ұлы Төле би, Келдібек ұлы Қазыбек би, Бәйбек ұлы Әйтеке би елдің бірлікте аңсаған арманын жүзеге асырды. Қазақ әскерінің бас сардары болып өзінің жауажүрек қолбасы екенін талай танытқан Өбілқайыр сайланды.

Жонғар қолы мен қазақ жасағының алғашқы ірі шайқасы 1727 жылы Бұланты өзенінің бойында болды. Еуразияның жаңа тарихында өзінің ауқымы жөнінен де, кейінгі тарихқа ықпал-әсері жөнінен де кешегі кеңес дәүірінің ғылыми жете бағаламай кеткен сол қанқасап қырғынға тең келер шайқас болған емес. Ойраттарға ойсырата соққы берілді. Шайқас даласын халық содан бері "Қалмаққырылған" деп атап кетті.

Шыңғысханның ұлы жорықтарын қайталауды ниет еткен Жонғар хандығына қарсы қрестің негізгі ауыртпалығы қазақ халқына түсті. Бұланты бойындағы женіс үлтты үйітіп, тастуйін жұмылдырды, жонғар басқыншыларына қарсы Отан соғысы барысындағы бетбұрыс кезеңінің басы болды. Содан бері қарай стратегиялық басымдық қазақтың қолына көшті. 1730 жылғы Аңырақай шайқасындағы женіс соның айқын айғағы еді.

XVIII ғасырдың 20-шы жылдарындағы жонғар шапқыншылығының Қазақстан мен Орталық Азия халықтары үшін қасіретті зардабы өте зор болды. Қалалар қирап, сауда мен қолөнер тоқырады, халық мың-мыңдал босқындықта түсті. Қөші-қонның дәстүрлі реті мен бағыт-бағдары бұзылды. Қөшпелі тұрмыс пен отырықшы өмір арасындағы экономикалық байланыс үзілді. Аймақтағы өндіргіш күштер әлсіреді. Бұл жылдар қазақ тарихында "Ақтабан шұбырынды" атанды. Ел өміріне ұзақ уақыт жазылмайтын жара салды.

Жонғар хандығымен күреске бел шеше кірісу үшін батыс тараптағы елдермен бейбіт қарым-қатынас орнату қажет болды.

Оны Ресейдің патша әкімшілігі де жақсы түсінді. Ол сол кездің өзінде халықтарды бір-біріне айдал салу саясатын шебер жүргізе бастаған-ды. Атап айтқанда, мұндай әдістер екі халықты да қирату мақсатымен, қазақтар мен ойраттар арасында соғыс отын тұтату үшін пайдаланылды. XVIII ғасырда мұнан кейін болған аса күрделі оқиғалардың алғышарттары осылай болды. Соның салдарынан алдымен батыс, одан кейін басқа да аймақтар тәуелсіздігінен айрылды, ақыр аяғында Қазақстан Ресей империясының отарына айналды.

Осы тұста Қытайдың Орталық Азияға сұғына кіруі де өрістей түсті. Сол кездегі Қазақстанның екі империяның арасында қалған қыын халін Мағжан Жұмабаев:

Алыстан орыс, қытай ауыр салмақ,
Жақыннан тыңшытпайды қалың қалмақ.
Арты – ор, алдында – көр, жан-жағы жау,
Дағдарған Алаш енді қайда бармақ?! –

деп күйзеле суреттеген болатын.

Елбасына ауыр күн туған XVIII ғасырдың орта тұсында ұлы ханымыз Абылай керемет қолбасы ретінде де, ақылы терең дипломат ретінде де

танаңыла білді. Пекинмен елшілік және сауда байланыстарын үдете дамыта отырып, Абылай Ресеймен немесе Қытаймен бірлескен яки қапталдастан түрде олардың бірде-біріне қарсы өрекет етудің қай-қайсынан да бойын аулақ сала алды. Дегенмен, тарих доңғалағы тоқтамай алға жылжи берді. Көшпелі мемлекеттердің біртіндеп басынан бағы тая бастады. Сан түрлі жағдаяттар жинала келіп, Қазақстанның тәуелсіздігінен айырылар қунін жақындана түсті.

Қазақстанның Ресейге қосылуы бір жарым ғасыр уақытқа созылды. Ол бейбіт жолмен де, әскери күшпен де жүзеге асырылды. Қалай дегенде де ол басып алу болатын. Қазақстанның Ресейге қосылууның әдіс-тәсілдерінің әр қылы екендігіне қарамастан, оның мәні айналып келгенде біреу – отарлау.

Бұл бір жағынан Қоқан мен Хиуаның басып кіруіне қарсы күресіп жатқан қазақ халқының табанды қарсылық көрсетуіне тап болды.

Халықтың тәуелсіздік жолындағы күресін бастаған Сырым Датұлы, Жоламан Тіленшіұлы, Исадай Тайманұлы, Махамбет Өтемісұлы сынды талай-талай көсемдер мен батырлардың айрықша ардақты аттары дәл сол жылдарда ерлігіміздің тарихына мәнгі бақи жазылды.

Қазақ даласында тәуелсіздік жолындағы жалпы ұлттық қозғалыс басталды. Оның тізгінін атақты Абылайханның немересі Кенесары Қасымұлы үстады. Бас-басына босып жүрген қазақ рулары қанқұйлы көршілердің онай олжасына айналатынын, сондықтан да қоғамның үйисуы, қазақтың мемлекеттілігін қалпына келтіру өмірлік қажеттілік екенін нақ Кенесары айқын түсінді. Кенесары ханның қазақ даласын біріктіру өрекеті әбден пісіп-жетілген болатын.

Даланың дәстүрлері мен құқықтық негіздеріне сүйене отырып, ол өзін хан сайлатып алды да, патша өміршілдігі мен Орта Азия хандарының басқыншылық ниеттеріне кесе көлденен тұрды. Кенесары Қасымұлының қазақ жеріне отарлауға қарсы 10 жыл бойына жүргізген соғысына Қазақстанның көвшілік бөлігі көтерілді. Ол күрес тарих шежіресіне ел рухының қайта өрлеңен кезеңі және ең соңғы көшпелі Қазақ мемлекетінің біржола күйрекен кезеңі болып енді. Кенесары хан мерт болғаннан соң қазақ рулары отаршылдық басқыншылыққа қарсы жеке-жеке қарсыласып жатты.

XIX ғасырдың екінші жартысында Кенесары Қасымовтың, басқа да қазақ сұлтандары мен батырларының отаршылдыққа жан аяマイ қарсыласқаны арқасында Ресей империясының Орталық Азияға қарай жылжуы едәуір кешеуілдеді.

XIX ғасырдың сонына қарай Қазақстан аумағына Ресей империясының еуропалық бөлігінен көшіп келушілер ағыла бастады. Ғасырдың алпысыншы жылдарында патша үкіметі Қазақстанды отарлауды әскери-казактарға қоса шаруалардың қолымен де қатыгездікпен жүргізуге көшті. Отарлау барысында тұргылықты халықтың жерлері жаппай тартып алына бастады.

Патшалық Ресейден көшіріп келтіру саясаты қазақ қоғамының шаруашылық өміріне аяусыз соққы болып тиді. Бұл кезде, ең шұрайлы, шүйін жайылымдар, егін алқаптары бастау-бұлақтарымен қоса тартып алынды,

қазақ елінің мұн-мұқтажын аяқ асты етудің салдарынан жүрт атамекенінен айырылып, ежелгі көш жолдарынан көз жазып қалды. Қазақ ауылдары өсіл-өнген өнірінен аластатылып, үй-мұлкі қиратылды. Байырғы жүртты зорлап жаппай көшіріп жіберіп, олардың жерін жаңа келгендеге еншілей салу әдеттегі іске айналды.

Ендігі жерде азаттық қозғалысының тізгінін үлттүң бірлесуін мұрат қып ұсынған алаштың білімді де білікті асыл азаматтары қолға алды.

Үлт-азаттық қозғалысының басшылары Әлихан Бекейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мұстафа Шоқай, Мұхамеджан Тынышбаев, Бақытжан Қаратаев, Халел және Жанша Досмұхамедовтер және басқалар болды, олардың көпшілігі Петербургтің, Мәскеудің, Варшаваның, Қазаннның, Омбы мен Орынбордың жоғары оку орындары мен училищелерін бітіріп шыққан, асқан сауатты адамдар еді.

1905 жылғы желтоқсандағы Орал қаласында Бірінші жалпықазақтық құрылтай болып өтті. Онда үлттүң саяси партия құру міндеті алға қойылды. Құрылтайға қатысушылар патша әкіметінің, оның ішінде өсіресе жер мәселесіндегі саясатын қатты сынға алды.

1906 жылғы ақпан айында, Әлихан Бекейхановтың қамауға алынғанына қарамастан, Екінші жалпыұлттық құрылтай болып өтті, оған 151 делегат қатысты. Құрылтай қазақтарға барлық тартып алынған жерлерін қайтарып беруді, шаруаларды көшіріп әкелуді тоқтатуды, мектептер, медреселер мен университет ашу жөнінде заң қабылдауды талап етті.

Ресей қатысқан Бірінші дүниежүзілік соғыс қазақтарды тіпті титықтата түсті. 1916 жылы "бұратана" халықтарды тыл жұмыстарына шақыру арқылы үкімет арзан жұмыс күшін пайдаланып қалуды, сонымен қатар бұдан босаған орыс жұмысшыларымен, шаруаларымен әскер қатарын толықтыруды көздеді.

1916 жылғы шілденің аяғы мен тамыздың бас шенінде Қазақстанда өз-өзінен құрылыш жатқан көтерілісшілер жасақтарының кәсіби әскермен қиянкеекі шайқастары жүріп жатты.

Олардың арасында Торғай төсіндегі көтеріліс басқаларынан гөрі ұйымшыл, ұзағырақ болды. Көтерілісті Кенесарының жауынгер серігі Иман батырдың немересі Амангелді Үдербайұлы Иманов бастады.

1917 жылғы ақпан революциясынан кейін әкімет басына келген уақытша үкімет империялық үлт саясатының салдарын жоюға, сейтіп үлттүң бітімбетуа саясатын жүзеге асыруға әрекет жасап көрді. Сол жылғы наурыздың 20-сында уақытша үкімет Ресей азаматтарының дінге, нанымға және үлтқа қатыстылығына байланысты құқықтық шектеулердің барлығын да алып таstadtы. Сөуірдің 7-сінде Түркістан комитетін құру туралы үкіметтің қаулысы қабылданды.

Осы шешімнің арқасында Қазақстанды басқаратын ұйымдардың құрамына қазақтың озық ақыл-ой иелері алғаш рет енді. Мұның өзі Алаш қозғалысы қайраткерлерінің Дала өлкесінің саяси өміріндегі белді орнын мойындаудың белгісі болатын.

Патшаның тақтан тұсуі, елдегі қоғамдық-саяси өмірдің демократиялануы қозғалысты үйімдүк тұрғыда бекітіп, оның негізіне 1917 жылғы шілде-де Орынбор қаласында еткен жалпықазақтық құрылтай "Алаш" партиясын құруға мүмкіндік берді. Көп ұзамай партия бағдарламасының 10 тараудан тұратын жобасы да жасалды. Партияның негізгі мақсаты – мемлекеттік егемендігін бастапқыда Ресей құрама демократиялық республикасының құрамында автономияны жүзеге асыру болатын.

Қазақ халқы өзінің басты мақсатына жетуге – ұлттық мемлекеттілігін қайта қалыптастыруға мүмкіндік алды. Алайда, Ресей қоғамындағы жаңа тығырық оқиғаларды одан әрі бейбіт түрде дамытпады, соның салдарынан большевиктер партиясының диктатурасы орнатылып, елді азамат соғысының өрті шарпышы.

Ұлттық мемлекеттік десе аза бойы қаза болатын большевиктер өздерінің билігін нығайту үшін оянған Ресей халықтарының ұлттық мұдделерін атымен ескермей тұра алмады, сөйтіп ұлттық-мемлекеттік құрылымдар тұзуге көшүге мәжбүр болды. 1920 жылды құрылған Қазақ АССР-і дүниеге осылайша келді.

20-сыншы жылдардың екінші жартысынан бері қарай большевиктік мемлекеттік жаңа экономикалық саясат қисынанан бірте-бірте аулақтап, өз саясатын қазан революциясы тұсында межеленген халықты жазалай отырып, алға жылжу бағытына бет бұра бастады.

Қазақтарды қүштеп ортақшылдандыру мен отырықшыландыру, ауылдағы қарама-қайшылықтарды қолдан ушықтыру, қоғамның бір бөлігін бір бөлігіне айдал салу ақыр аяғында ұлттық апатқа ұрындырды.

Социалистік утопия идеяларын қазақ ауылында жиырмасыншы-отызыншы жылдардың өзінде жүзеге асырып тастанымыз деген әсіреңкілік бұрын-сондық көрмеген қасіретке әкеліп соқтырды. Дәстүрлі шаруашылық жүргізудің негізі болып табылатын мал шаруашылығы толықтай қираптынды.

Демографиялық апattyң ауқымы бәрінен де сүмдүк болып шықты, 1929-1933 жылдардағы аштықтан, соған байланысты індептен қайтыс болған, шет жерге көшіп кеткен қазақтардың саны әлі күнге онша анық болмай тұр. Айтушылар бұл жылдарда опат болғандар санын 1 миллион 750 мың мен 2 миллион 200 мың деген сандардың арасын айтады. Демек, ұжымдастыру барысында осы елдегі негізгі этностың 42 пайызы мен 49 пайызы аралығында құрбан болған.

Аштық жылдарында 1 миллион 30 мың адам республикадан шет жерлерге көшіп кетті, олардың 616 мыңы қайтпай қалды.

Мемлекеттің тізеге салған зорлықшыл саясаты халықтың ашу-ызаға толы қарсылығын туғызбай қоймады. Жүртшылықтың арасында режимге қарсы бой көрсетуден тайынбайтындар көбейе түсті. 1929-1931 жылдарда шаруалардың 380 рет бүрк ете қалған бүлігі мен көтерілісіне 80 мыңға жуық адам қатысты. Солардың ең ірілері, Созақ, Үргез, Ақсу, Абыралы, Адай, Қарақұм және басқа да көтерілістер еді. Бәрі де қызыл армияның қарулы әскерінің күшімен аяусыз басып жанышылды.

Бұған сол жылдары республикада көнінен қанат жайған сталиндік жаппай жазалауды қосу керек. Оның барысында қазақ мәдениетінің, ғылымы мен білімінің аса көрнекті өкілдері атып-асылды, лагерьлерде көзі жойылды.

Дәл бүгінгідей күні 1937–1939 жылдардағы жазықсыз жазалаудың құрбаны болған Шәкірім Құдайбердіұлын, Ахмет Байтұрсынұлын, Міржақып Дуллатұлын, Мұхамеджан Тынышбаевты, Мағжан Жұмабаевты, Санжар Асфандияровты, Ораз Жандосовты, Тұраң Рысқұловты, Сәкен Сейфуллинді, Ілияс Жансүгіровты, Бейімбет Майлінді, Сұлтанбек Қожановты тағы басқа да мындаған адамдарды еске алмау мүмкін емес.

Социалистік утопияны жүзеге асырамыз деп өлектенген большевиктік эксперимент қазақ халқын осындағы күйге түсірді. Алайда, халықтардың тарихындағы сол бір қасіретті, қанқұйлы кезең туралы сталиндік режимнің түсінда да, жеке басқа табынушылықты өшкөрелеген жылдарда да ешкім тіс жара алған жоқ.

Тоқырау жылдарында мұны ешкім ауызға алмады. Кешегі кезеңді боямалап көрсетуге бейім тұрғандар қазірде ол құндерді ұмытуға тырысады. Бірақ ол құндерді ұмыту дегеніміз қанды режимнің миллиондаған құрбандарының аруағын қорлау деген сөз.

Социализмнің бұдан кейінгі "ұлы" құрылыштары аса ауқымды экологиялық апатқа – Арап трагедиясына әкеліп соқтырды. Әскерилердің әсіренкі әрекеттері Семейдегі, Қазақстанның өзге де аймақтарындағы қасіретке ұласты.

Қазақ халқы мен қазақ жері XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың 90-шы жылдарына дейін алдымен Ресей, содан кейін кеңес империясының отарлық шылауы болып келді.

Ондаған жылдар бойы айтылмай келген тарихи шындық тұжыра айтсақ осындағы.

КСРО-ның батыс бөлігі жауда қалған Екінші дүниежүзілік соғыс, батыспен текетірес түсken "қырги-қабақ соғыс" кеңес үкіметінің экономикасын бір жерге шоғырландырмай, елдің шығыс бөлігінің де әлеуетін дамытуға мәжбүр етті. Кебіне-көп шикізат өндіру мен өндейтін кәсіпорындар салынды.

Қазақстан басқа аймақтарға минералдық шикізат шығарып, жаппай экологиялық зиянды өндіріс республикасына айналды.

Соғыстан кейінгі жылдары екпінді құрылыштар салғанда да коммунистік басшылық осындағы жымысқы саясат жүргізді.

Біз мемлекеттік тәуелсіздікке көп ұлттың және көп дінді қурделі құрамда жетіп отырмыз. Сондықтан да, тәуелсіздіктің бірінші қунінен бастап, барлық ұлттар адамдары арасындағы тенденкті, туысқандықты достықты және бірлікті өз саясатымыздың өзегі қылып ұстандық. Ол "Біз ортақ тарихи тағдыры біріктірғен Қазақстан халқы..." деп басталатын біздін Ата Заңымыздың да жазылып, болашақ дамуымыздың да негізі болып табылады.

Біз өз халқымыздың тарихын шындыққа адалдық тұрғысында айтып отырмыз. Бірақ бұдан қосымша астар іздеудің қажеті жоқ. Қазақстандық-

тардың бүгінгі көзі тірі ұрпақтары – еліміздің азаматтары. Осы бәрін де ұқтырады.

Қазіргі Ресей, патшалық Ресей, кеңес үкіметі – әрқайсысы әр сипатты мемлекет. Қазақстан көршілерінің бәрімен де, оның ішінде Ресеймен де, достық және ынтымақтастық жөніндеге келісім шартқа отырды. Оны бұлжыт-пастан орындаимыз.

Жаңа Қазақстан өз мемлекеттілігін орната отырып, куллі адамзаттық қауымдастықпен тату-тәтті өмір сүруді, өз ішіне ұлтаралық ынтымақтастықты нығайтуды көздейді.

Бірақ, біз бұл туралы тек тарихи әділеттілікті қалпына келтіру мақсатында ғана емес, бұл істе белгілі бір өкімет билігі жүйесі алпауыттарының ерік-жігерін атқарушы болып келген қарапайым адамдардың ешқандай кінәсі жоқ болуы себепті айтып тұрмыз. Сол жылдардың қатынастарын Қазақстан достық пен ынтымақтастық қатынастарын орнатып отырған, демократияға қарай қадам басып келе жатқан бүгінгі Ресейге ойсыз, бейғам түрде ауыстыра салмауға тиіспіз.

Оның үстінеге орыс халқымен қатынастарды отаршылдау кезеңінің өлшемдерінде қарап құруға тиісті емеспіз. Қазақтардың ол халықпен тарихтың небір аумалы-тәкпелі қыын-қыстау кезеңдерінде қарамастан, туысқандық пен сенімнің шынайы қатынастары қалыптасқан болатын. Осы қатынастарды қазіргі заманның ақиқат шындықтарын ескере отырып нығайту екі халықтың түбебейлі мұдделеріне сай келеді.

Біз бүгін тағы бір датаны – 1986 жылғы Желтоқсан оқиғаларының 10 жылдығын да атап отырмыз. Сол бір жан күйзелтер күндер мен тундер болған оқиғалардың көздейсоқ еместігі өуел бастан-ақ айдан айқын еді. Алайда, ол оқиғалардың ауқымы мен тарихи мән-маңызын біз уақыт өте келе толығырақ пайымдай алдық.

1986 жылғы Желтоқсанда Алматы ұлт мәселесін шешудің социалистік доктринасының күлі көкке үшқанын айдай әлемге әйгіледі. Біз бүгін таптық сезім үлттық сезімнен басым тұрады деген тұжырымға арқа сүйеген кез келген доктринаның түптің түбінде аяғы аспаннан келмей қоймайтынын басын аша айтуымыз, айқын ұғынуымыз қажет. Кәдуілгі айта беретін кеңес халқы дегеннен "аға халықтың" ерекше орны бар-мыс дегенге дейінгі талай аныздар шынтуайтқа келгенде үлттық сезім мен үлттық сананы езіп-жашудың талай жылға созылған жымысқы саясатын бүркемелеп тұратын бет перде ғана болатын.

Ұлт мәселесін шешудің тоталитарлық тәсілдері тұнғыш рет Қазақстанда сыр берді. Шығыс Еуропада өз алдына мемлекеттер құрып отырған Венгриядагы 1956 жылғы, Чехославакиядағы 1968 жылғы үлттық бой көрсетулердің өзі дәрекі құш қолдану арқылы басып тасталған еді. 1986 жылғы оқиғалардан кейін қазақ халқын үлтшыл деп байбалам салған айыпты режимнің өзі алып тастауға мәжбүр болды.

Аңызбен апталып, қалыппен қапталған үлттық сана-сезім осыдан кейін алғаш рет іс-қимылға айналды. Ашықтан-ашық саяси қарсы шығудың мұндай жаңа үлгісі бүкіл Қеңес Одағындағы үлттық демократиялық қозғалыстың дамуына орасан серпін бітірді. Тбилисидегі, Бакудегі, Киевтегі, Вильнюстегі, Мәскеудегі, елдің басқа да қалаларындағы осы текстес оқиғалардың барлығы Алматыдан кейін болған еді.

Ескі саяси жүйенің аясында да тізгін үзуге болатындығы айқын көрінді.

Әрине, мемлекетте демократиялық процестердің мұндайлышы қарқынмен өрістеуінің басқа да сан түрлі себептері бар. Дегенмен бұл істегі негізгі тетіктің бірін өздерін басқаның айтқанынан шықпайтын құлақ кесті орындаушылар емес, азаттыққа жаңы құштар ата-бабаларының мұрагерлері деп сезінген қазақ жастарының қозғап жібергендігі даусыз.

Сондықтан да өзінің туған мемлекетін онды-солды сынап сөйлейтіндердің кейбірі тәуелсіздік өзі келіп, қолымызға қона қалды деп көкіп жүрген бүгінгі күндерде мен тәуелсіздік жолында халқымыздың сан ғасырлар бойы күресіп келгенін, осыдан дәл он жыл бұрын өрімдей жастар Тәуелсіз Қазақстан үшін қан тәккенін арамыздан шыққан мәңгүрттердің есіне әдейі сала кетпекпін.

Бүкіл қазақ халқының үлттық қадір-қасиетін аспандатқан азаматтардың аруагын, ең алдымен жастарымыздың батыл да қалтқысыз іс-әрекеттерін ардақтай отырып, мен жастай қыршыннан қылған есіл ер Қайрат Рысқұлбековке біздің еліміздің ең жоғары наградасы – "Халық қаһарманы" атағын беру туралы Жарлыққа қол қойдым.

Бүгін бес жылдығын тойлап отырған біздің тәуелсіздігіміз – қазақ халқының талай ғасырлар бойы тарихындағы миллиондаған жандардың еркіндік жолындағы күресінің, төгілген қанының өтеуі. Біз Екінші дүниежүзілік соғыста Отан мүддесі жолында қаза тапқан жүздеген мың отандастарымызды да ұмыта алмаймыз. Сол жолда шейіт болған бабаларымыздың өруғына бас иіп, қолдай гөр деп орындарымыздан тұрып еске алайық.

1997 жылы Сталин жүргізген қайғылы жаппай жазалауға 60 жыл толады. Осы алдымыздың жылды тоталитарлық жүйенің құрбаны болған барлық бабаларымызды еске алып, елдің басын біріктіретін жыл ретінде атап өткен дүрүс деп санаймын.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің саяси және экономикалық негіздері

ХХ ғасырдағы ең тамаша тарихшылардың бірі былай деген еді: "Империялар, корольдер мен саяси режимдерге бөліп-бөлшектеуге жүрттың неге құмар болатынын түсіну онай. Мұның астарында әкімет билігінің белгілеріне баяғы дәстүр бойынша берілер марапат қана тұрган жоқ. Уақыт өлшемінде белгілі бір оқиғаның нақты анықталған орны, жылына, тіпті күніне дейін көрсетілген уақыты болады.

Дегемен, дәлме-дәлдік деген ойдан шығарылған тәнірge табынбай-ак қоялық. Әлеуметтік құрылымның, экономиканың, наным-сенімнің, ойлау жүйесінің өзгеріске түсін хронологиялық тар аяға сол күйінде енгізе қою мүмкін емес".

КСРО-ның құлауы – бір күнде, тіпті бір айда жүзеге асты деп кесіп айта қоятындаи оңай оқиғаға жатпайды. Мен бұл кезеңге өз бағамды мұнан бұрын айтқан болатынмын.

Уақыттан өткен әділ қазы жоқ. Қазірдің өзінде бұл оқиға ерекше қуатты державаларының бірінің экономикалық, геосаяси, идеологиялық тұрғыдан стратегиялық жеңілісі болатындығы талас тудырмайды. Әрине, КСРО-ның құлауының себептерін сөз өткендеге, геосаяси бәсекелестің қатаң қысымы да бар екенін байқамау үшін барып тұрган идеалист болу керек шығар. Бірақ, мұны ешкім жасырып жауып та жатқан жоқ. Солай бола тұрса да, негізгі себеп – жүйенің іштей ірігөн еді.

Бұл арада ең алдымен экономиканың бүгінгі заман талаптарына сай еместігін айту шарт. Қеңестік жүйенің қирауының алдындағы хал-ахуалын көзге елестету үшін ұзыннан-ұзақ шұбатылып жататын кезектерді, талон-карточкасыз ештеңе берілмеуге айналғанын, құны кетіп, қадірі қашқан ақшаны еске алсақ та болады. Экономиканың әбден тұралуы жаппай зат алмасуға әкеleп соқтыратын еді. Кешегі Одақтың көптеген аймақтарында азamatтық және ұлттық қақтығыстар жүріп жатқан сол тұста Қазақстан экономикалық құз шатқалға құлап кетудің аз-ақ алдында тұрган еді, мұның аяғы неге соқтыратынның болжай қыын болатын.

1993 жылдың соңына дейін біздің өзіміздің экономикалық саясатымыз болған жоқ. Бюджетті жоспарласақ та, инфляцияға қарсы шараларды, әлеуметтік қолдау бағдарламаларын ойластырсақ та біз күннен-күнге "семіп" бара жатқан сол баяғы сомға қарайлайтынбыз. Оның үстіне бөріміз бір "қаржы қайығына" мінгесіп алғаннан кейін жеріне жете ойластырылмаған ырықтандыру бағдарламасына амалсыздан қосылдық. Енді бүгін мына жайды ашық айтуға болады: біздің жас мемлекетімізге апат қаупі анық төнген еді. Сол апаттан бізді КСРО құламай тұрып бірқатар ең тиімді өндіріс салаларын өз бетінше қызмет етуге бейімдеп алғанымызға сақтап қалғанын атап айтқым келеді. Президенттік билік институтын енгізу жөніндегі шешіміздің маңазы да мұнан кем болған жоқ. Бұл арқылы сондай күрделі жағдайда өкімет билігін орнықты ұстап, мемлекетті басқару тетігін қолдан шығармадық.

Тарихи таңдау жасаған кезеңде еркіндік аясы неше түрлі қысындардағы құрғак қиялға құрылған кеңістіктерден әлдеқайда тарлау болып келеді. Осы онжылдықтың екінші бөлігінде: "шын мәнінде нарықтық реформалар стратегиясына балама жол болды ма?" деп сәугейсітіндер көбейе бастады.

Әрине, болды. Бұл арада алдымен баяғы "бүйрік соқпағына" түсіп тарта беруді айттар едік, ал оған түссек, бұл соқпақ талон-карточка жүйесіне біржола көшіріп, жұртшылықтың шаруашылық жүргізуши субъектілердің экономикалық ынталылығынан біржола айырылып тынар едік. Бұл баламаңыз бей-берекеттікке, мемлекеттің құлауына әкеп соқтырап еді.

Бей-берекеттігі мұнан кем соқлайтын тағы да бір жол болатын. Ол жол – экономиканы жүз, екі жүз немесе бес жүз күн ішінде ерекше революция-шылдықпен ырықтандыру еді. Қазақстан жағдайында бұл өндірісті басқа-рудан толықтай айырылып қалуға апаратын қауіпті жол болатын. Бұғанасы қатпаган мемлекетіміз мұндай сілкіністі көтере алмайтын. Революцияны алыш-ұшпа албырт жандар жүзеге асырады, ал реформаны бәріне байып-пен қарайтын ақылды жандар жүзеге асырады. Біз елімізді эволюциялық даму арнасына салып, іргелі институттық реформаларды табанды түрде жүргізе алдық.

Бүгінгі әлемде бұған дейін ойлап табылғанды қайта ойлап табудың қажеті жоқ. Біздін стратегиямыз экономикалық трансформацияны ойдағыдан жүзеге асырған елдердің тәжірибесіне арқа сүйейді. Дегенмен, өзгенін істегенін айнытпай қайталауға да болмайды.

Ал, жаңыртудың Түркиядағы, Оңтүстік Кореядағы, Қытай мен Мексикадағы тағы басқа елдердегі талай-талай үлгілері қатаң қалыпқа салмай, белгілі бір жағдайға бейімдеп жүргізілген жұмыс өз жемісін беретінін дәлелдей түседі.

Қазақстанда бүгінгі күні болып жатқан оқиғаларды бағамдау үшін Робинзон Крузоның психологиясынан арылу шарт. Біз адам мекендендемейтін аралда емес, қым-қуыт тірлікке толы ашық әлемде өмір сүріп жатырмыз. Жас мемлекет өлшемдердің бүгінгі жүйесінде өз орнын таба білуі керек. Оқиғалар ауқымының кереметтей кеңеюі Қазақстандағы ішкі экономикалық және саяси процестерге ықпал етпей өрі өте нақты ықпал етпей қоймайды.

Бүгінгі әлемде біз ондаған жылдар бойы өзімізben-өзіміз болып, томагаттық қүй кешкен күннен келіп отырмыз. Өз бетімізben, талай жерде сүрінекабына жетіп отырмыз, бірақ осылай етпесек, онда біржола тоқырап, артта қаламыз. Біз онсыз да бұл істі кешігінкіреп қолға алдық. Енді баяуласақ, осы қалғанымыз – қалған.

Қазір хал-ахуалымызға баға бергенде, біз кешегі күннің қатаң қалыптарынан шығып, жалпы қабылдаған өлшемдер бойынша ой туууге тиіспіз.

Алайда, экономикалық даму үлгісін таңдау өткен бесжылдықтың басқа бір маңызды құбылысын ескермеуге апарып соқтырмау керек, ол құбылыстың мәні – XX ғасырдың соңындағы үфымдарға сай келетін төл мемлекетімізді құру.

XVIII ғасырдың жасыны жарқыраған қазақ сахараасында Абылай арман-дап өткен, мұн-шерге толы XIX ғасырда Кенесарыны мерт өткен, жаппай қырып-жоюдың қарсаңында Бекейханов межелеп кеткен асыл мұраттар өлген жоқ. Ол арман-аңсардың барлығы да "Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы" конституциялық заң қабылданған сол бір тарихи кунде – 1991 жылғы желтоқсанның 16-сында жүзеге асты.

